КеАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»,
физика-математика ғылымдары және информатика кафедрасының магистранты
Қазақстан, Семей қаласы, madina_ivanova_91@br.ru
Желдыбаева Балғын Сембаевна
физика-математика ғылымдары және информатика кафедрасының қауымдастырылған
профессор м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты

МЕКТЕПТЕ ФИЗИКА ФАКУЛЬТАТИВІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бүгінгі күні барлық дамыған елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілетті оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Білім алушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіндегі білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін оқу орындарына да енгізіле бастауы қоғамда әртүрлі пікірлер туындатқаны да белгілі.

Физика пәнаралық байланыс таңдау бойынша мақсаттарға, білім деңгейіне, және сабақ жоспарына байланысты болады. Физика пәнінде оқушылардың ғылыми ісқимылдықтарын, теорияларын, құқықтарын, және есептерін жататын ғылыми ғылыми аспекттерге байланыстырады.

Физика пәнаралық байланыс сабақ оқытушылардың оқушылардың түсінуін бағалайтын жасақтамалық материалдарды жасауға, жасауға немесе жинақтауға көмек көрсететін бір түрі. Мысалы, оқушылардың физикалық кезеңдерді түсінуін көмек көрсететін сабақ оқушыларга ассоциативті тақырыптарды пайдалану арқылы оқушылардың түсінуін жақсартуға болады. Орнында, түсініктемелік теорияларды және өзгерткіштерді қолдану арқылы оқушылардың физикалық кезеңдерін түсінуіне көмек көрсету.

Сонымен қатар, интерактивті жоспарламалар, физикалық эксперименттер жасау, компьютерлік симуляцияларды пайдалану, физикалық феномендерді көрсету арқылы оқушылардың түсінуін жетілдіру мүмкін.

Сондай-ақ, физика пәнаралық байланысты басқаларға мүмкіндіктерге көмек көрсету үшін веб-ресурстар, видео-сабақтар, ғылыми мақалалар мен кітаптарды пайдалану керек. Бұл ресурстар оқушылардың физикалық ғылыми мазмұнын дамытуға көмек көрсетуі мүмкін. Физикалық оқу материалдарын кез келген оқушының деңгейіне, біліміне және талаптарына сай жасауға болады. Егер оқушыларға жетілдірудің деңгейіне байланыстырмайтын болсаңыз, сабақтың бірінші бөлігінде оқушылардың білімін тексеріп, онда келесі оқу материалдарын беру сияқты жалпыластыруды таңдауға болады.

Факультативтік сабақтарды өткізуді ұйымдастыру ісі мен әдістеме принциптерінің міндетті сабақты өткізу принциптерінен айырмашылығы оқушылардың еңбекке тәрбиелеу мен кәсіпке бейімдеу міндеттерін ойдағыдай орындау жолында бірсыпыра жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Физика жөніндегі факультативтік [1] сабақтарда эксперимент жасауға бейім оқушыларға демонстрацияны әзірлеу, лабораториялық жұмыстарды реттеу, қарапайым приборлар мен модельдерді жасау сияқты істерді тапсыруға болады. Ал теориялық сабақтарға жаны құмар оқушыларға баяндама даярлау, семинарларда сөйлеу істерін жиі - жиі тапсырған жөн. Факультатив топтар сабағы басталғаннан кейін арада факультатив топтар сабағы басталғаннан кейін арада 3-4 апта өткен шамада мұғалім факультативке қатысушы әрбір оқушының ерекшелігін, ынта ықыласы мен бейімділігін дәл анықтап, солардың әрқайсысының факультативпен не үміт күтіп жүргенін білуге тиіс.

Оқушылардың ынтасы мен қабілетін дамыту және оларды болашақта кәсіпке бейімдеу міндеттерінің өзара қарым-қатынасы туралы мәселені талқылаудың айырықша маңызы бар. Физиканың факультативтік сабақтарын өткізген кезде көптеген мұғалімдер оқушыларды тек ғалым – физика мамандығын таңдап алуға бейімдейді. Бір мақсатты көздеген осындай нұсқаудан кейін әдетте теориялық сабақтарға, әсіресе, аса қиын есептерді көбірек шығаруға баса назар аударылады да, факультативтердің лабораториялық – практикалық жағына менсінбей қараушылық пайда болады. Білім алушылардың ықыласы мен қабілетіне қарай, тапсырмааларды іріктеп беру олардың жемісті орындалуын қамтамасыз етеді. Соның нәтижесінде факультативтің әрбір қатысушының өз күшіне деген сенімі артады. Физикадан факультативтік сабақтардың мазмұнын бір мағыналы анықтай салудың мүмкін емес екені белгілі, физика крусында оқушыларға қызықты болып көрінетін және теориялық, практикалық жағынан тереңдей оқып үйренуге тұратын мәселелер өте көп.

Факультативтік курс мазмұнын анықтаған кездегі міндет – әрі түсінікті, әрі қазіргі заман оқу материалын іріктеп алу. Физиканың негізігі курсының қазіргі заманға сай болуы сияқты, факультативтің қазіргі заманға сай болуы да – ең әуелі физиканың іргелі принциптері мен заңдарына сүйенуден, мектеп курсының дәстүрлі мәселелерін осы заманға лайық түсіндіруден құралуға тиіс. Физикадағы сақталу заңдарының ролін анықтап, оларды қолданудың шарты мен шегін дәл белгілеп беру оқушылардың көзқарасын қалыптастыру ісінде маңызды рол атқарады.

Физикада факультатив сабақтың пәнаралық байланысы: Табиғат туралы ғылым – физиканың факультатив курсының табиғаттану сипаты болуы тиіс. Табиғатта болып жататын құбылыстарды түсіндіріп, сипаттауда білімді бірлестіру физиканың әр түрлі бөлімдерінен ғана емес, сонымен қатар табиғат туралы басқа да ғылымдардан – астрономиядан, химиядан, биологиядан жүзеге асырады. Сол себепті физиканың факультативті сабақтарында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың маңызы зор.

Лабораториялық жұмыс формасындағы физикалық эксперимент факультативтік сабақтарда көптеген жағдайда демонстрациялық экспериментпен салыстырғанда пайдасы орасан зор болып есептелінеді. Эксперимент орындаған кезде оқушылардың жоғары белсенділігі мен тәуелсіздігі физикалық приборлармен жұмыс іскерлігінің және бақылаулар мен өлшеулер нәтижелерін өңдеу дағдыларының қалыптасуы, оқушылар өздерінің шапшаңдықтарына байланысты жеке жоспар бойыншы бақылаулар жүргізу мүмкіндіктерінің болуы арта түседі.

Факультатив сабақтарды өткізу формалары лабораториялық, эксперименттік жұмыстар болып табылады. Оқушылардың өз білімін шығармашылықпен қолдана білуі дейтін болсақ, онда мұғалім оқушылардың шығармашылық іс – әрекетін оятып, олардың өздігінен дербес жұмыс істеуін күшейтетін тиімді тәсілдер табуға тиіс.

Қазіргі уақытқа тән белгі жеке ілімдердің бір-бірімен әсерлесіп, кешенді түрде дамуы болып табылады. Әсіресе, физика әр түрлі сабақтас ілімдер мен өнеркәсіптің дамуына жоғары дәрежеде әсер етуде. Ғылыми - техникалық революция болып өтті. Жаратылыстану ғылымының барлық циклында физикалық әсер ету (өріс, ультрадыбыс, элементар бөлшектер) кеңінен қолданылуы нәтижесінде биофизика ілімі пайда болды.

Қазіргі кездегі медицина [2] адамды емдейді және зерттейді, ол машиналар мен приборлардың сапасының, атқаратын қызметінің түрлерінің артуына әкелді. Кейбір инженерлік шешімдер организмдердің құрылысы мен әрекеттерін зерттеп, анализдеу арқылы дүниеге келді. Космостың биология жасанды жер серіктерін, космос корабльдерін ұшыру арқылы пайда болып, дамиды.

Физика-техника негізі, сонымен қатар физика биологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылады және биологиялық объектілердің құрылысын, өмірін түсінуге көмектеседі. Барлық жаратылыстану ғылымдары физика заңдарын пайдаланады.

Факультатив сабақты өткізу әдістемесі.

Тақырыбы: Тірі табиғат әлемінде ұшу және реактивті қозғалыс.

Мақсаты: Оқушыларды тірі табиғаттағы ұшу мен реактивті қозғалыстың ұшу құралдары мен қозғалыс құралдарын жасауда қалай қолданылатыны жайлы түсінік беру.

Көрнекіліктер:

«Құстар», «Құстардың сыртқы жабынының қауырсындарының құрылысы» тақырыбында жасалған слайдтар.

Барысы:

I. Ұйымдастыру

II. Жаңа ақпараттарға қосымша

Тірі табиғаттағы ұшу

Леонардо да Винчи ұшу аппараттарын жасау жолдарын қарастырғанда құстардың ұшуын зерттеген. Аэродинамиканың негізін қалаған Н.Е.Жуковскийді [3] де құстардың ұшуы қызықтырған.

Құстар қауырсыны – табиғат ғажайыбы [4]. Құстарды жануарлар арасындағы нағыз ұшқыштар жасаған да осы қауырсындары болып табылады. Қауырсын жеңіл және мықты. Ол негізгі өзектен тұрады және одан 45° бұрышпен екі жағынан да параллель қауырсындар кетеді, олар да тармақталады. Осы нәзік жіпшелер өз ілмектері арқылы қалың тор құрап, құстардың денесін мықты жабынмен жауып тұрады. Құстардың скелеті де олардың ауада ұшуына байланысты ерекшеленген. Ұшу мықты раманы қажет ететіндіктен құстардың көптеген сүйектері өзара бірігіп кеткен. Кеудесінде, ұшу бұлшық еттері бекітілген сіңірлер жақсы дамыған. Дамыған кеуде бұлшық етінің массасы құстың жалпы массасының 15-30% құрайды. Ұшудың негізгі жағдайы салмақтың аз болуы [3]. Құс кіші болған сайын оның қанат қағуы жиі болады. Колибри секундына 50-70 немесе 80 рет, көгершін 5-8 рет, аққұтан 2 рет, пеликан 1-3рет қанат қағады. Құстардың көпшілігін ұшақпен салыстыруға болады, ал калибри тікұшақты еске түсіреді. Тікұшақ ауада қозғалмай тұрғанда оның оның винті жерге параллель жазықтықта айналады, калибридің де қанаты дәл сондай. Тікұшақтар да калибри сияқты бірден тік көтеріледі.

Тірі табиғаттағы реактивті қозғалыс

Кейбір жануарлар реактивті қозғалыс принципімен қозғалады. Мысалы, кальмарлар, сегізаяқтар, каракатицалар. Теңіз ескіш молюскасы (моллюск гребешок) қабықшасын бірден қысып, қабықшадан шыққан су ағынының реактивті күшін пайдаланып, алдыға қарай атылып қозғалады [5].





Тапсырма: Ұшуға байланысты техникалық мәліметтер қорын жинақтау.

Физика есептерін шығару жөніндегі сабақты өткізгенде бір факультативтік топ ішінде оқушылардың осы типтегі жұмысқа әзірлігі әр алуан болатынын ескеру қажет. Оқушылардың дара ерекшеліктерін есепке алудың жиі қолданылып жүрген варианты оқушылардың даярлығына байланысты, олардың әрбір тобына әртүрлі есептерді лайықтап алу болып табылады.

Есеп шығару үлгілері: [4, 6].

1. Жіңішке қылдан жасалған бояу жаққышты суға малғанда, оның қылдары суда жайылады, ал судан шығарғанда бір-біріне жабысып қалады. Неге?

Жауабы: Бояу жаққышты судан шығарғанда, оның қылдары суланады, демек, жұқа су қабыршақтарымен бүркеледі, сол судың беттік керілу күштерінің әсерінен бір-біріне тартылады.

2. Екі ұшы ашық ұзын капилляр түтік сумен толтырылып, тік қойылады. Осы түтікте қалған су бағанасының ұзындығын табу керек. Капиллярдың радиусы R=1 мм, судың тығыздығы $p = 10^3$ кг/м^3,

$\delta_{H2O} = 7{,}4 * 10^{-2}$ Н/м

Шешуі: Капиллярда қалған суға mg ауырлық күші, төменгі және жоғарғы менискілеріне $F_{б.к.}$ беттік керілу күші әсер етеді. Сұйық бағанасының тепе-теңдік шартын жазайық:

$2\overrightarrow{F_{б.к.}} + \overrightarrow{mg} = 0$

OY осіне қатысты бұл былай жазылады:

$$2\overrightarrow{F_{б.к.}} - \overrightarrow{mg} = 0$$

Осыдан

$F_{б.к} = \delta*2\pi R$; $mg = pgV = pg\,\pi R^2h$

Осыларды өрнекке қойсақ: $2\,\delta*2\pi R - pg\,\pi R^2h = 0$. Одан $h = 4\,\delta/\,pg\,R$;

$h = 4*7{,}4*10^{-2}/10^{3}*9{,}8*10^{-3} \approx 3*10^{-2}$ м.

3.Диаметрі 5 мм сабынды көбіктің ішіндегі ауаның қысымы атмосфералық қысымнан қанша үлкен?

Бер: d=5мм

$\delta = 4*10^{-2}$ Н/м

ΔP - ?

Ш е ш у і: Сабынды көбіктің ішіндегі ауаның қысымы $P = P_0 + P_л$, P_0 – атмосфералық қысым, $P_л$ – Лаплас қысымы, $P_л = 2*2\ \delta/r$, мұндағы δ – сабынды судың беттік керілу коэффициенті, 2 көбейткіші сабын үлпегінің ішкі және сыртқы беттері болаынын көрсетеді. Сол себепті

$P = P_0 + 4\ \delta/r$

Осыдан

$\Delta P = P - P_0 = 4\ \delta/r = 8\ \delta/d$; $\Delta P = 8*4*10^{-2}/\ 5*10^{-3} = 64$Н.

Әдебиеттер:

1. Кабардин О.Ф. Физикадан факультативтік сабақтар методикасы. – Алматы: Мектеп. – 1985.
2. Безденежных Е.А. Тірі табиғаттағы және медицинадағы физика. – Киев: Радяньска мектебі, 1976.
3. Жуковский Н.Е. О парении птиц. – Сообщено в Московском Математическом обществе 1891, октября 22.
4. Кадирова З.К., Тлеуханова Ш.С. Биофизика курсы. – Алматы, 2011.
5. https://kopilkaurokov.ru/biologiya/presentacii/k_u_star_klasy
6. Мусабеков О. Қолданбалы физика есептері. – 1995.

ҒТАХР: 20.01.45

А.С. Рысжанова
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Қазақстан, Семей қ., ras_73@mail.ru

ОҚЫТУДА БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ НЕГІЗДЕРІ

Компьютерлік технологияның тарихы спираль түрінде дамиды. Бір кездері есептеу мен деректерді өңдеудің негізгі моделі мейнфреймдер мен оларға қосылған клиенттерді қолдану болды. Уақыт өте келе клиенттер өсіп, дербес дербес компьютерлерге айналды, олар желіде біріктіріле бастады. Соңғы жылдары деректерді өңдеудің негізгі ауыртпалығын қашықтағы серверлерге жеткізетін бұлтты технологиялар өзекті тақырыпқа айналды.

Алғашқы бұлтты қызметтердің (Amazon EC және Google Apps) жаппай таралуы 2010 жылдары басталды және қазіргі уақытта тек ірі жобалардың саны оннан асады.

Бұлтты технологиялар өзінің мүмкіндіктері мен танымалдылығын үнемі арттырып отырады. IDC халықаралық консалтингтік компаниясы әлемдік нарықтың даму тенденцияларын талдауға арналған жыл сайынғы есебінде бұлтты инфрақұрылымға әлемдік шығындардың өсуін атап өтті. Бұл бұлттық шешімдермен қол жеткізілген технологиялық жетілуді және әлемдік бизнес үшін бұлттық технологияның маңыздылығының өсуін көрсетеді [3].

Бұлтты технологияларды қолдану педагогикалық қызметте де кеңейіп келеді. Олар оқыту сапасын жақсартуға, оқытушылар мен білім алушылар арасындағы байланысты жеңілдетуге, жаңа қызметтер құруға, қашықтықтан оқытуды енгізуге жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қашықтан өзара әрекеттесу құралдарын қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Ақпарат алмасу жеңілдейді: оқу материалдарын жеткізу, кері байланысты ұйымдастыру. Білім алушының оқыту орталығымен тұрақты өзара іс-қимылы өзіндік жұмыс сапасын арттырады.

Студенттерде де, оқытушыларда да осындай технологияларды қолдануға сұраныстар мен қажеттіліктер қалыптасады. Олар ішінара қазірдің өзінде қолданылады: электрондық пошта арқылы хат алмасу, желі арқылы файлдарды бөлісу, әлеуметтік желілердегі топтарды ұйымдастыру және басқа формалар, көбінесе өздігінен дамиды.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған бірқатар мамандандырылған бағдарламалық платформалар бар, соның ішінде Автоматтандыру элементтері бар. Оларды енгізу қиындайды, өйткені мұндай платформалар оқытуды басқару, тұтастай алғанда мекеменің қызметін басқару процесінде айтарлықтай өзгерістерді болжайды. Бұл әртүрлі оқу курстарының ерекшеліктеріне байланысты осындай жүйелерге қойылатын талаптармен қиындатылған объективті мәселе. Мұндай жүйелерді өз бетінше әзірлеу, енгізу және бейімдеу құны жоғары. Қолданыстағы жүйелер жалпы оқыту жүйесі туралы Жеке түсінігі бар нақты ұйымдар мен әзірлеушілердің тапсырысы бойынша жасалды. Өз қажеттіліктерін жүзеге асыра отырып, олар әрдайым әр түрлі пәндер мен білім беру мекемелерін ескермеді. Кез-келген типтік шешім барлық мүдделі тараптарды қанағаттандыра алмайды. Қазіргі уақытта оқу процесінде қашықтықтан өзара әрекеттесуді ұйымдастыру үшін бірыңғай әмбебап ЖОО платформаларының дамып жатқандығын айтуға болады [1].

Сонымен қатар, Әмбебап бұлтты платформалардың мүмкіндіктері дамыды, олар оқыту міндеттері үшін сәтті қолдануға жарамды болды: электрондық оқу материалдарын беру, оқу тапсырмаларын орындау нәтижелерімен алмасу. Мұндай мәселелерді шешу үшін ақысыз бұлтты шешімдерді қолдану тиімді. Мұндай шешімдер ағымдағы міндеттерді тез және шығынсыз шешуге мүмкіндік береді, сонымен қатар кейіннен мамандандырылған шешімдерді орналастыруға негіз жасайды.

Бұлтты технологиялар әр түрлі және білім беру мүддесі үшін жұмыс істеуге арналған жүйені жобалау кезінде маңызды қасиеттерге ие әр түрлі модельдерде жүзеге асырылады.

Айта кету керек, бүгінде бұлтты технологиялар мен қашықтықтан оқыту саласына қатысты бірқатар ұғымдардың мазмұнында белгісіздік сақталуда. Кейбір жағдайларда синонимдік терминдер қолданылады, соның салдарынан әртүрлі тәртіптегі ұғымдар араласады.

Бұл жұмыс үшін «бұлтты технологиялар» және «қашықтықтан оқыту» ұғымдары маңызды болып табылады. Шетелдік авторлардың басылымдарында қашықтықтан оқыту нысандарын белгілеу үшін бірқатар терминдер қолданылады: «E-Learning», «Web-Learning», «lline Learning», «Distant Learning».

Бұлтты технологиялар (ағылш. cloud computing) – таратылған деректерді өңдеуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін техникалық және бағдарламалық құралдар кешенінің жалпы атауы. Қосымшалар мен пайдаланушылардың деректері орналастырылатын серверлер осы қызметтің провайдеріне тиесілі деректерді өңдеу орталықтарында (ДҚБО) орналасады. Мұндай DOC пайдаланушылардан географиялық тұрғыдан жойылуы мүмкін. Деректер мен қосымшаларға қол жеткізу Компьютерлік желілер арқылы жүзеге асырылады.

Тұтынушы тұрғысынан бұл белгілі бір қызметтер жиынтығын ұсынатын интернет қызметтері. Деректерді жүктеуді пайдаланушылар жүзеге асырады. Деректер сервистерді жасаушылар мен иелерінің серверлерінде сақталады және өңделеді.

Web-технологияларды қолдану арқылы оқыту (web-learning) веб-шолғыш арқылы көруге жарамды форматтарда Ұсынылатын оқу материалдарын пайдалануды білдіреді.

Онлайн режимінде оқыту (Online Learning) неғұрлым кең ұғым болып табылады, мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, компьютерлік желілерді пайдалана отырып, оқу материалдарына қол жеткізуді ұйымдастыруды сипаттайды[2].

Ең кең тарағандары – «қашықтықтан оқыту» (Қашықтықтан оқыту) және «электрондық оқыту» (E-Learning) ұғымдары. Олардың біріншісі оқытушы мен оқушы алыста болатын және ақпараттық технологиялардың коммуникациялық құралдары арқылы өзара әрекеттесетін оқыту технологиясын білдіреді.

Қашықтықтан оқытудың маңызды сипаттамасы оның қатысушыларын кеңістікте және уақытта бөлу болып табылады [4]. Кеңістіктік тосқауыл заманауи телекоммуникация мен компьютерлік техниканы қолдану арқылы еңсеріледі. Қашықтықтан оқытуға қатысушылардың өзара іс-қимылындағы уақыт кедергісі синхронды және асинхронды өзара іс-қимыл технологияларын қолдану арқылы еңсеріледі. Бұл жерде басқа ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу кезінде, мысалы, бейне дәрістер өткізу кезінде жетіспейтін асинхронды өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін бұлтты платформа шешуші рөл атқарады.

Қолданылатын оқу материалын жеткізу технологияларына сәйкес кейс-технологиялар, корреспонденттік оқыту, Радиотелевизиялық, гибридті және желілік қашықтықтан оқыту технологиялары тарихи түрде ерекшеленеді [5].

Кейс-технология. Кейс-технологияларды пайдалану кезінде білім алушыға баспа және электрондық мультимедиялық материалдар жиынтығы беріледі. Оқыту процесінде жетекші рөл мұғалім-тьютордың жетекшілігімен өз бетінше жұмыс істеуге беріледі. Бетпе-бет өзара әрекеттесу шектеулі. Бұл тәсіл біртіндеп webcd технологиясына айналды, оны пайдалану кезінде электронды оқу материалдарының негізгі бөлігі физикалық тасымалдағыштарға жазылып, оқушыларға берілді, ал материалдарды жаңарту компьютерлік желілер арқылы жүзеге асырылды.

Желілік режимде оқыту. Желілік режимде оқыту веб-технологиялар мен ғаламдық компьютерлік желілерді кеңінен қолдануды қамтиды. Оқу материалдары қашықтықтан оқыту жүйесінің серверінде орналастырылады. Бұл жағдайда оқу процесінің интерактивтілігі әртүрлі желілік байланыс құралдарын: электрондық поштаны, мәтіндік хабар алмасу жүйелерін (чаттар), бейнеконференцияларды, интернет-форумдарды пайдалану арқылы өте жоғары деңгейде. Консультациялар мен желілік интерактивті семинарлар (вебинарлар) өткізу, сондай-ақ интернет-форумдардың көмегімен студенттердің өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру көзделеді. Мұндай жүйелерді дамыту нұсқаларының бірі-оқытушының тікелей қатысуын барынша азайтатын және тыңдаушылардың оқу компьютерлік бағдарламаларымен және қоғамдастықтар шеңберінде бір - бірімен өзара іс-қимылына сүйенетін барынша автоматтандырылған жаппай ашық онлайн-курстар (Massive Open online courses, MOOC) –

Қашықтықтан оқыту шеңберінде оның қатысушыларының синхронды және асинхронды өзара іс-қимылы қолданылады.

Синхронды өзара әрекеттесу нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады. Оқытушы мен білім алушы кеңістікте бөлінуі мүмкін, бірақ уақыт бойынша бөлінбейді. Оны жүзеге асыру үшін тиісті аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету қолданылады. Мұндай формаларға вебинарлар, коммуникациялық бағдарламалар (Zoom, Skype, WhatsApp және басқалары) арқылы сабақтар өткізу жатады.

Бұлтты ресурстар осы технологияға оқытушы мен оқушы арасындағы асинхронды өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін қосуға мүмкіндік береді, кері байланыс алу уақытында бөлінеді.

Асинхронды өзара әрекеттесудің негізгі формаларына электрондық пошта және интернет-форумдардағы байланыс жатады.

Бұлтты технологиялар платформасында оқу процесін практикалық іске асыру барысында көптеген айқын емес және дамымаған мәселелерді шешуге тура келеді.

Негізгі міндеттерге мыналар жатады:

– бұлттағы оқу материалдарын құрылымдау, қызметкерлер мен білім алушылардың әртүрлі санаттары үшін оларға қол жеткізу құқықтарын анықтау және ажырату;

– бұлтты оқу ресурстарының мазмұнын және оларды оқу сабақтарының әртүрлі нысандарын өткізу кезінде пайдалану технологиясын әзірлеу;

– жалпы кафедралық ресурспен жұмысты құжаттау, талдау және бақылау құралдарын әзірлеу;

– оқытушылар мен тыңдаушыларды бұлтты ресурстарды пайдалануға үйрету. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру жүйесінде әрекет ететін кафедра ресурстарының мысалында «Google Docs» бұлтты сервисі негізінде құрылған оқыту орталығының материалдар құрылымының үзіндісін қарастырайық.

Осы ресурстағы материалдарды құрылымдау үшін қалталардың иерархиялық жүйесі құрылды. Бірінші деңгейге оқу процесін қамтамасыз етумен, сондай-ақ ішкі процестерді құжаттаумен, жұмысты есепке алумен байланысты кафедра қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келетін папкалар шығарылды. Мұндай бағыттарға: «қайта даярлау (топтар, семестрлер бойынша)», «біліктілікті арттыру», «ҒЗЖ», «өзара сабаққа қатысу», «хаттамалар», «кафедраның жұмыс жоспары», «кафедраның есебі», «оқытушылардың деке жұмыс жоспары бойынша есептері» жатады.

Иерархияның екінші деңгейінде аталған бумалар үшін мұрағаттар жыл бойынша (ішкі құжаттама үшін) және топтар бойынша (оқу процесін қамтамасыз ету қалталары үшін) қарастырылған. Әр папка үшін редактор құқығын алатын тиісті жолдамаға жауапты қызметкер анықталады. Редактор материалдарды толтыруға және өзгертуге толық қол жеткізе алады, қашықтағы пайдаланушыларға ресурстың мазмұнына қол жеткізу құқығын береді.

«Қайта даярлау (топтар, семестрлер бойынша)» және «біліктілікті арттыру» папкаларында Оқу материалдары орналастырылатын әрбір жеке топ үшін салынған каталогтар болады. Сабақ жүргізетін оқытушылар редактор деңгейінде қол жеткізе алады және білім алушыларға сілтеме немесе оқу режимінде ресурстар ашады.

Бұлтты платформалар оқу сабақтарының барлық түрлерін қамтамасыз етуде қолданылады, әдістемелік база мен іске асыру технологиясын дайындауды талап етеді. Бұл дәрістер, сынақтар, емтихандар, консультациялар, тестілеу, бақылау және курстық жұмыстарды орындау және қорғау, тыңдаушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды қоса алғанда, оқу іс-әрекетінің әртүрлі нысандарын жүзеге асыру технологиясын әзірлеуді білдіреді. Оқытылатын пәндердің ерекшелігі білім алушылар контингентінің ерекшеліктері ескеріледі.

Бұлтты платформаларды пайдалануға көшу кезінде білім беру мекемесінің қызметкерлерін бұрын қолданылған әдеттегі құралдардан жиі ерекшеленетін бұлтты технологиялар құралдарын қолдануға үйрету қажеттілігі туындайды. Оларды тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдыларды алу, кешенді формаларды қолдану арқылы дамыған жөн.

Бұлтты ресурстарды оқытуда қолдану жергілікті желілер мен ресурстарға негізделген басқа технологияларды қолданумен салыстырғанда бірқатар артықшылықтар береді. Негізгі артықшылықтар ресурстарды орналастыру ғана емес, сонымен бірге олармен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін Қызметтерді пайдалану мүмкіндіктерінен тұрады.

Бұлтты технологияның артықшылықтарына Интернетке қосылуға болатын кез келген жерден тәулік бойы қол жетімділік жатады. Бағдарламалық жасақтаманы сатып алудың және конфигурациялаудың қажеті жоқ-ол бұлт серверінде жұмыс істейді және бұл тапсырмаларды провайдер қызметкерлері шешеді. Бұлтты технологиялар инфрақұрылымға техникалық қызмет көрсету шығындарын азайтады, бағдарламалық жасақтама лицензияларын сатып алуды үнемдейді және ұйымның инфрақұрылымына қызмет көрсету үшін аз штатты қажет етеді. Бұлтты технологиялар қол жетімді есептеу ресурстарын қол жетімділік жоспарын өзгерту арқылы икемді түрде құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ақылы және ақысыз бұлтты платформалар қол жетімді, ақысыз қол жеткізу жоспарларының мүмкіндіктері көптеген практикалық оқу мәселелерін шешуге жеткілікті. Сонымен қатар, ақысыз шешімдер мұғалімдерді бұлтты технологиялармен жұмыс істеуге қосымша ақысыз дайындауға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуға қатысушылармен жұмысты ұйымдастыруда бұлтты шешімдерді қолдану білім алушылар үшін де, оқытушылар үшін де жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Бұлтты қызметтердің көптеген клиенттік бағдарламалары пайдаланушының компьютерінде файлдардың жергілікті көшірмелерін ұсынады. Бұлтқа ие ірі корпорациялардың қашықтағы деректер серверлерінде сақталатын құпиялылық пен қауіпсіздік мүмкіндіктері жеке білім беру мекемесіне қарағанда кеңірек.

Білім беру қызметіне көмектесетін бұлтты платформаны таңдағанда бірқатар сипаттамаларды ескеру қажет: функционалдылық; қол жетімділік құны және ақысыз қол жетімділік кезінде ұсынылатын мүмкіндіктер; сенімділік; бұлтты платформа операторының нарықта болу мерзімі, деректерді қорғау, сақтық көшірме жасау құралдары және антивирустық тексеру.

Қазіргі уақытта оқытудағы ең жақсы функционалды тегін нұсқа – бұл Google Docs платформасы, оны оқу ұйымдары практикалық қолдануға кеңес бере алады.

Бұлтқа негізделген кеңсе шешімдерінің басты артықшылығы-құжаттармен бірлесіп жұмыс істеуді ұйымдастыру.

Бұлтты редакторлар бұл жағдайда кез-келген жергілікті редактордан асып түседі және бірқатар қызықты, тікелей аналогтары жоқ мүмкіндіктер береді. Құжаттарды бір уақытта редакциялау білім алушылар топтарының бірлескен жұмысын ұйымдастыруда, сондай-ақ қашықтағы қызметкерлермен өзара әрекеттесуде пайдалы. "Google Docs" жоғары жүктемеге арналған және құжатты редакциялауға бір мезгілде жүзге дейін тең авторларға қатысуды қолдайды.

Бұлтты платформалар қашықтықтан оқыту технологияларын білім беру процесіне қосу шешімдерін ұсынады. Қазіргі уақытта қол жетімді бұлттық ресурстар жоғары сенімділікпен және жеткілікті функционалдылықпен ерекшеленеді. Нақты шешімдерді таңдау кезінде білім беру қызметіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінде кеңістіктік және уақытша кедергілердің болуын, оқытылатын оқу пәндерінің ерекшеліктерін ескеру қажет.

Бұлтты технологиялар платформасында білім беру қызметін практикалық іске асырудың негізгі әдістемелік бағыттарына бұлттағы оқу материалдарын құрылымдау; құқықтарды анықтау және оларға қол жеткізуді саралау; оқу сабақтарының әртүрлі нысандарын өткізу кезінде бұлтты ресурстарды пайдалану технологиясын әзірлеу; жалпы кафедралық ресурспен жұмысты талдау мен бақылауды құжаттау; оқытушылар мен тыңдаушыларды бұлтты ресурстарды пайдалануға үйрету жатады.

Қазіргі уақытта «Google Docs» платформасы үлкен қызығушылық тудырады,ол практикалық мәселелерді шешуге жеткілікті функционалдылықты ұсынады.

«Google Docs» платформасында материалдарды құрылымдау кезінде оқу орны қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келетін қалталардың иерархиялық құрылымын қолданған жөн. Оқу орнының персоналын бұлтты технологияларды қолдануға даярлауды біліктілікті арттыру курстары түрінде жүргізген жөн.

Google Docs платформасының бұлтты редакторлары оқуды сүйемелдеу үшін қажетті мүмкіндіктердің жеткілікті мөлшерін ұсынады. Файлдарды бөлісу, бірлесіп редакциялау мүмкіндіктері және дамыған байланыс жүйесі қашықтағы оқушылармен өзара әрекеттесуді жақсартуға көптеген мүмкіндіктер ашады. Бұлтты технологияларды қолдану оқу қызметін қамтамасыз ету құралдарының арсеналын едәуір кеңейтеді және білім беру сапасын арттыруға жұмыс істейді.

Әдебиеттер:

1. Кутовенко А.А. Практическая реализация образовательной деятельности кафедры на платформе облачных технологий / А.А. Кутовенко, В.В. Сидорик, В.Л. Соломахо // Профессиональное образование. – 2016. – № 3. – С. 12-21.

2. Bayne, Sian What's The Matter With «Technology-Enhanced Learning»? // Learning, Media & Technology. – 2015. – № 40.1. – p. 5-20.

3. Андреев А.А. Введение в Интернет-образование. – М. : Логос, 2018. – 76 с.

4. Тавгень И.А. Дистанционное обучение: опыт, проблемы, перспективы. – Минск: БГУ, 2018. – 218 с.

5. Балуев Д. Секреты приложений Google. – М.: Альпина Паблишерз, 2016. – 287 с.

ҒТАХР 14.25.09

Р.Д. Сейлова, Г.А. Жебеген
КЕАҚ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті»
Қазақстан, Ақтөбе қ., roza_seilova@mail.ru, zhebegeng2001@gmail.com

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНЫҢ 7 СЫНЫПҚА ГЕОМЕТРИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Геометрия-бұл 7-сыныптың оқу жоспарында және білім беру бағдарламасында маңызды орын алатын математиканың негізгі саласы. Бұл пән абстрактылы ойлау мен логиканы дамытып қана қоймай, сонымен қатар өмірлік мәселелерді шешуде практикалық қолданысқа ие. Әсіресе оқушыларға ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында қажет болатын геометриялық пішіндерді талдауға және құруға үйретеді [1].

Цифрлық білім беру платформалары оқу процесіне жаңа мүмкіндіктерді беретіндігі барлығымызға белгілі. Айта кетсек, білім алушыларға интерактивті материалдарға, сонымен қатар, визуализацияларға және жекелендірілген білім беру бағдарламаларына қол жеткізуге мүмкіндік беру арқылы дәстүрлі оқытуды онлайн ортаға алмастыруға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің мақсаты 7-сынып оқушыларының геометриясын оқыту контекстінде цифрлық білім беру платформаларын пайдалану тиімділігін бағалау болып табылады. Біз бұл технологиялардың осы жастағы оқушылар арасында оқу процесін және геометриялық ұғымдарды түсінуді қаншалықты жақсарта алатынын анықтауға тырысамыз [2].

Осы зерттеу аясында біз келесі негізгі сұрақтарды қоямыз:

Сандық білім беру платформаларының оқушылардың геометрияны үйренудегі академиялық жетістіктеріне әсері қандай?

Оқушылардың геометрияға деген ынтасы мен қызығушылығына цифрлық құралдарды қолданудың әсері қандай?

Цифрлық білім беру платформаларын пайдаланудың қандай ерекшеліктері мұғалімдерден қолдау тауып, 7-сыныпта геометрияны оқытуда табысты тәжірибеге айналды?

Осы сұрақтарды зерттеу бізге оқу процесінде цифрлық білім беру платформаларының рөлін терең түсінуге және білім берудің осы кезеңінде геометрияны оқытуда қандай әдістер мен ресурстар тиімді болатынын анықтауға мүмкіндік берді.

7-сыныпқа арналған геометрия сабақтарында оқу процесін жеңілдетуге және жақсартуға арналған әртүрлі цифрлық білім беру платформаларын пайдалануға болады. Төменде осы платформалардың кейбірі берілген [3]:

GeoGebra: GeoGebra геометрияны және басқа математикалық ұғымдарды үйренуге арналған интерактивті математикалық құралдарды ұсынады. Бұл платформада оқушылар геометриялық фигураларды жасап, зерттей алады. Сонымен қоса есептеулер жүргізіп, графиктер құра алады.

Khan Academy: Khan Academy геометрия және басқа математикалық пәндер бойынша кең материалдар ұсынады. Бұл платформа арқылы оқушылар бейне сабақтарды көре алады, жаттығулар жасай алады және кері байланыс ала алады [4].

Desmos: Desmos-бұл функцияның графигін құруға арналған құрал және онлайн-графикалық калькулятор десек қателеспейміз. Бұл платформа оқушыларға графиктерді визуализациялауға және әртүрлі математикалық ұғымдарды зерттеуге мүмкіндік береді [5].

Оқу материалдары платформалары: көптеген оқулықтар мен білім беру баспалары интерактивті элементтермен, тапсырмалармен және тесттермен оқу материалдарының сандық нұсқаларын ұсынады.

Google Сыныптары: Google сыныптар платформасы мұғалімдерге материалдарды, тапсырмаларды жүктей алатын және оқушылармен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін виртуалды сыныптар құруға мүмкіндік береді.

Microsoft Teams және OneNote: Microsoft корпорациясының бұл құралдары да виртуалды сыныптар құруға және оқу материалдарымен бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Белгілі бір платформаны таңдау мұғалім мен оқушылардың қажеттіліктеріне, техникалық ресурстардың қол жетімділігіне және оқу мақсаттарына байланысты. Цифрлық платформаларды тиімді пайдалану оқу процесін едәуір байыта отырып, геометрияны үйренуді қызықты әрі түсінікті ете алады.

7-сыныптың геометриясын оқытуда цифрлық білім беру платформаларын пайдаланудың тиімділігін бағалауға бағытталған зерттеу мұқият әзірленген әдістемені қажет етеді. Біз қолданыстағы цифрлық білім беру платформаларына олардың өзектілігін, интерактивтілігін, оқушыларға қолжетімділігін және 7-сынып геометриясына қолдану мүмкіндігін ескере отырып, кеңінен талдау жасадық. Осы талдау негізінде GeoGebra платформасы таңдалды. Эксперименттік және бақылау топтары арасындағы салыстырмалылықты қамтамасыз ету үшін біз 7-сыныптың оқу бағдарламасына сәйкес келетін геометриялық тақырыптар мен материалдарды таңдадық [6, 7].

7 сынып оқушылары екі топқа бөлінді – эксперименттік және бақылау. Екі топ бір уақытта геометрияны үйренуді бастады және зерттеудің басында бірдей оқу материалын қолданды. Эксперименттік топқа GeoGebra платформасына кіру мүмкіндігі берілді. Бақылау тобы оқу материалдарын қолдана отырып, дәстүрлі әдістермен оқуды жалғастырды.

Оқушылардың оқу үлгерімі, тест нәтижелері, орындалған тапсырмалар жайлы деректер мен олардың геометрияға деген ынтасы мен қызығушылығы жайлы сауалнамалар жиналды.

Бақылау тобын таңдау біздің зерттеу әдіснамамыздың негізгі аспектісі болып табылады. Біз цифрлық білім беру платформаларының геометриялық оқытуға әсерін бағалау үшін негізгі салыстыру нүктесіне и бақылау тобын пайдалануды шештік [8].

Бақылау тобы цифрлық білім беру платформаларын пайдаланбай дәстүрлі әдістермен оқуды жалғастырған оқушылардан тұрды. Бұл бізге екі топ арасындағы нәтижелерді салыстырмалы талдауға және оқыту әдістерінің қайсысы геометрияны түсінуге оң әсер ететінін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу аяқталғаннан кейін цифрлық білім беру платформаларын қолданатын эксперименттік топтың бақылау тобына қарағанда геометрия пәні бойынша оқу үлгерімінің жақсарғанын және мотивацияларының артқаны анықталды. Бұл нәтижелер 7-сыныптарда геометрияны оқытуды жақсарту үшін оқу үдерісіне цифрлық ресурстарды енгізудің маңыздылығын көрсетеді.

Осы зерттеу барысында біз цифрлық білім беру платформаларының 7-сынып оқушыларына геометрияны оқыту процесінде тигізер әсерін бағалауға тырыстық. Біз қазіргі білім берудегі цифрлық ресурстардың рөлін түсінуге ықпал ететін бірқатар маңызды қорытындыларға келдік.

Оқу үлгеріміне тигізген оң әсері: біздің зерттеу нәтижелеріміз GeoGebra сияқты цифрлық білім беру платформасын пайдалану оқушылардың геометрияны үйренудегі үлгерімін айтарлықтай арттыратынын растайды. Цифрлық ресурстарды пайдаланатын эксперименттік топ материалды түсінуде және тапсырмаларды орындауда айтарлықтай жақсартуларды көрсетті [9].

Мотивация мен қызығушылықтың артуы: цифрлық платформалар оқушылардың геометрияға деген ынтасы мен қызығушылығына оң әсер етті. Интерактивті элементтер, кеңінен зерттеу мүмкіндіктері және әртүрлі ресурстарға қол жеткізу оқушылар үшін оқуды қызықты әрі тартымды етті.

Оқытуды даралау: цифрлық білім беру платформалары әр оқушының қажеттіліктерін ескере отырып, оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік берді [10].

Жеке оқыту: цифрлық білім беру платформалары әр оқушының қажеттіліктерін ескере отырып, оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде материалды тиімді меңгеруге ықпал етті.

Мұғалімнің рөлі: цифрлық платформалар мұғалімнің рөлін толықтырғанымен, бірақ оны алмастырмайтынын ескеруіміз керек. Мұғалім оқушыларды сүйемелдеуші ретінде маңызды рөл атқарса, цифрлық құралдар – осы оқу процесін жақсартуға, жеңілдетуге арналған сенімді құрал [11].

7-сыныпта геометрияны оқытуда цифрлық білім беру платформаларын тиімді пайдалану оқушылардың оқу нәтижелерін, мотивациясын және қызығушылығын едәуір жақсартуға жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Қадірбаев Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері // Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Шымкент-Москва, 2009. – Т. III. – Б. 174-178.

2. Готская И.Б. Применение электронных образовательных ресурсов и дистанционных образовательных технологий для организации самостоятельной работы обучающихся // Вестник Герценского университета. – 2009. – №6. – С. 30-32.

3. Мейрамбек Ә., Койшыбекова А.К., Онгарбаева А.Д., Ермекова Н.С. Мультимедиялық технологиялар негізінде оқыту әдістемесін жетілдіру // Халықаралық ғылыми журнал "Қазақстанның ғылымы мен өмірі". – №10. – 2019. – Б. 45-49.

4. Аширбаев Н.К., Төребек Е.Ж., Бекмолдаева Р.Б. Мектеп геометриясын оқыту үдерісінде компьютерлік ресурстарды қолданудың негізгі дидактикалық қағидалары // Заманауи математикалық білім: тәжірибе, проблемалар, келешек:халықар. ғыл.-практ. конф. – Көкшетау, 2018. – Б. 253-258.

5. Ашинянц Р.А. Классификация электронных учебных средств / Р.А. Ашинянц, С.Г. Григорьев, С.И. Макаров // Информационные технологии и фундаментализация высшего образования: Материалы VIII межвуз. науч,- метод. конф. / РГУ нефти и газа. – М., 2002. – С. 10-13.

6. Электронно-образовательные контенты как средство обучения математике в школе: VIII Международная научная конференция "Математика. Образование. Культура". – Россия, г. Тольятти, 26-29 апреля 2017. – С. 420-423.

7. Информационные и коммуникационные технологии в инновационной деятельности современной школы // Научные записи ИИО РАО. 2004. Вып. 12. – М.: ИИО РАО. – С. 130-139.

8. Реализация возможностей информационных технологий в процессе преподавания математики // Информатика и образование. – 2002. – №12. – С. 78-82.

9. Савелова Е.В. Цифровые образовательные ресурсы в школе: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. – М.: Университетская книга, 2008. – 224 с.

10. Торебек Е.Ж., Рахымбек Д., Абдуалиева М.А. Использование компьютерных ресурсов учебного назначения в обучении геометрии в школе // Наука и жизнь Казахстана. Серия Педагогика. – 2019. – №5/2. – С. 260-266

11. Ashirbayev N.K., Torebek Y.Z., Abdualiyeva M.A.,Madiyarov N.K. Approaches to Teaching Geometry in Kazakhstan Schools Using Information Computer Resources for Educational Purposes // European Journal of Contemporary Education. – 2018. – Vol.7(3). – P. 566-580.

ҒТАХР: 29.01.45

Т.Д. Бахтина, А.Т. Рахимбердина, Т.А. Такирова
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Қазақстан, Семей қаласы, togzhan.bahtina@mail.ru

ФИЗИКА ПӘНІНЕН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кезеңде білім беруде мектепте өзін-өзі дамытуға қабілетті білім алушылардың шығармашыл тұлғасын қалыптастыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Ол жаңа білімді өз бетімен меңгеріп қана қоймай, стандартты емес жағдайлардан сәтті шығудың жолын таба білуі, мәселені тұжырымдап, нақты анықтай алуы, оны шешу жолдарын талдай білуі керек. Сонымен қатар, қазіргі ақпараттық технологияның даму заманында өздігінен білім алу арқылы ғылыми, өндірістік, әлеуметтік мәселелерді өз бетіншешығармашылықпен шеше алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын, өз көзқарасын, өз идеясын дамытып, қорғай алатын, жүйелі және үздіксіз толықтырып, жаңартып отыратын тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі түрлері бар. З.А.Вологодский мен А.В.Усованың өздік жұмыстың классификациясында бес топты ажырататып көрсетеді [1]. Физика сабағында білім алушының іс-әрекетінің негізгі түрі мен әдісіне қарай өзіндік жұмыстарды жіктей отырып, оларды келесі топтарға бөлуге болады:

- өз бетінше жаңа білімді алу қабілетін меңгеру;
- білімді бекіту және нақтылау;
- есептер шығаруда білімді қолдана білу қабілетін дамыту;
- оқу-тәжірибелік мәселелерді шеше білуді меңгеру;
- практикалық дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру;
- шығармашылық дағдыларды қалыптастыру.

Бұл топтар бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл байланыс әр түрлі дидактикалықтапсырмаларды шешуде бірдей жұмыс түрлерін қолдануға болатындығына байланысты.

Сабақта өзіндік жұмысты ұйымдастыруда әр білім алушымен жеке шығармашылық тұлға ретінде жұмыс жасаудың маңызы зор. Мұндай жұмыс барысында білім алушының күшті жақтары мен оның шығармашылық қабілеттерін ашып көрсету және дамыту, сонымен қатар, оны алған тапсырманы және жұмысының мақсатын талдауға және объективті бағалауға бағыттайды. Ол үшін білім алушының дайындық деңгейін анықтауда білім алушының өзіндік сыни көрқарасы маңызды. Мәселен, оқушыға берілген қалыптастырушы бағалауда білім алушы өзіне берілген кері байланысты қабылдай білуі және осы бойынша жұмыс жасауы оның өздік жұмыс орындауда қажетті дағдыларыдың дамуына әкеледі.

Оқу үрдісінде өзіндік жұмыстың екі түрі бар [2]:

1. білім алушының қазіргі даму деңгейін анықтауға бағытталған және негізінен бақылау функцияларын негізделген қалыптастырушы және жиынтық бағалау кезінде орындайтын жұмыс;

2. білім алушылардың жақын даму аймағын кеңейтуге бағытталған және оқу-дамыту функцияларын орындауға бағытталған жұмыстар

П.И.Пидкасистый танымдық іс-әрекеттің құрылымын талдау негізінде өзіндік жұмыстарды жіктеуге қатысты екі дидактикалық ережені анықтады [3]:

1. танымдық іс-әрекеттің құрылымы және оның негізгі буындарының (үдерістерінің) мазмұны өздік жұмыстың жіктелуін анықтайды;

2. тиісті қызметтің процедуралық жағы өздік жұмыс түрлерін анықтауда принцип ретінде әрқашан логикалық-мазмұндық жағымен бірлікте әрекет етіп, ол арқылы сырттан

көрінуі керек. Ұйымдастыру формасы бойынша өзіндік жұмысты жеке, жұптық және топтық деп бөлінеді.

Физика сабағында, басқа пәндер сабақтарында да әртүрлі өзіндік жұмыстардың көмегімен оқушылар білім, білік, дағдыны меңгере алады. Бұл жұмыстардың барлығы белгілі бір түрде ұйымдастырылған кезде ғана оң нәтиже береді, т.б. жүйесін білдіреді.

Өзіндік жұмыс жүйесі, ең алдымен, өзара байланысты, бір-бірін шарттайтын, бір-бірінен логикалық түрде жалғасатын және жұмыс түрлерінің ортақ міндеттеріне бағынатын жиынтығынан тұрады.

Әрбір жүйе белгілі бір талаптарды немесе принциптерді қанағаттандыруы керек. Әйтпесе, ол жүйе емес, фактілердің, заттардың, заттар мен құбылыстардың кездейсоқ жиынтығы болады.

Өзіндік жұмыс жүйесін құру кезінде негізгі дидактикалық талаптар ретінде мыналар алға қойылды [4]:

1. Өзіндік жұмыс жүйесі негізгі дидактикалық міндеттерді шешуге білім алушылардың терең және берік білім алуына, олардың танымдық қабілеттерін дамытуға, білімді өз бетінше игеру, кеңейту және тереңдету, оларды практикада қолдану қабілетін қалыптастыруға ықпал етуі керек.
2. Жүйе дидактиканың негізгі принциптерін, ең алдымен қол жетімділік пен жүйелілік принциптерін, теорияның практикамен байланысын, саналы және шығармашылық белсенділікті, жоғары ғылыми деңгейде оқыту принципін қанағаттандыруы керек.
3. Жүйеге кіретін жұмыстар білім алушылардың әртүрлі дағдылары мен дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін оқу мақсаты мен мазмұны бойынша әр түрлі болуы керек.
4. Үйдегі және сыныптағы өзіндік жұмыстардың дәйектілігі алдыңғы жұмыстардан қисынды түрде туындады және келесі жұмыстарды орындауға негіз болды. Бұл жағдайда жеке жұмыстар арасында "жақын" ғана емес, "алыс" байланыстар да қамтамасыз етіледі. Бұл мәселені шешудің сәттілігі тек педагогикалық шеберлікке ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің жұмыс жүйесіндегі әрбір жеке жұмыстың мәні мен орнын қалай түсінетініне, білім алушылардың танымдық қабілеттерін, олардың ойлауын және басқа да қасиеттерін дамытуға байланысты.

Өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда төмендегі талаптарды ескеру керек [5]:

✓ Өзіндік жұмыстың мазмұны бағдарламаға сай құрастырылуы тиіс;

✓ Өзіндік жұмыс білім алушының сыни ойлау қабілетін дамытуға және өздігінен білімді игеруге бағытталған болуы тиіс;

✓ Өзіндік жұмыстың түрі, мазмұны өзгертіліп беріліп отырылуы тиіс;

✓ Әрбір орындалған өзіндік жұмыс тексеріліп, кері байланыс уақытында беру керек.

Өздік жұмысты ұйымдастырудың мына шарттар орындалғаны жөн:

✓ мұғалімнің білім алушының орындайтын тапсырма түрін нақты көрсету керек және тапсырмаларға нұсқаулық анық болу тиіс;

✓ жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын, дедлайн мерзімі, білім алушыға түсінікті болуы қажет;

✓ мұғалімнің басқаруымен білім алушының дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі маңызды;

Егер өзіндік жұмысы жаңа материалды түсіндіру кезінде немесе түсіндірмеден кейін бірден жүргізілсе, онда оларды дереу тексеру қажет. Ол сабақта не болып жатқанын, білім алушылардың оқудың ең ерте кезеңінде жаңа материалды түсіну дәрежесі қандай екендігі туралы нақты көрініс жасайды. Бұл жұмыстардың мақсаты бақылау емес, оқушылардың алған білімдерін тексеру. Сондықтан сабақта оларға жеткілікті уақыт беру керек. Бұл қызмет түрін келесі жағдайларда ұйымдастыруға болатынын атап өткен жөн [6]:

- жаңа материал мен бұрын игерілген білім, білік және дағды арасындағы байланысты орнату үдерісінде;
- ізденіс жағдайын құру және алдағы оқу жұмысының болашағын ашу кезінде;

- жаңа білім, білік, дағдыны меңгеру кезінде танымдық әрекеттің меңгерілген әдістерін беру барысында.

Егер білім алушы өз бетімен жұмыс істеу барысында, оның негізінде жаңа материал ұсынылатын немесе мәселе шешілетін фактілер арқылы ойланса, онда оның одан әрі жұмысының өнімділігі айтарлықтай артады.

Әдетте, физика сабағында өзіндік жұмыс дербес түрде ұйымдастырылады. Көбінесе, бұл зертханалық жұмыстарды орындауға (мұғалімнің жетекшілігімен) және есептерді шешуге (негізінен жазбаша бақылау жұмыстарына байланысты) және оқушының өзіндік қажеттілігіне қарай жоспарланады. Немесе оқулық негізінде үйде орындауға беруге болады.

Оқушылар сабақ барысындағы өзіндік жұмыстарды орындау кезінде оның тиімділігін төмендететін елеулі кемшіліктер бар. Мысалы [7]:

1. оқушылардың сабақтағы өзіндік жұмысының жүйелі болмауы, бұл оқушылардың бойында тұрақты іскерлік пен дағдының қалыптасуына, логикалық ойлауы мен бастамасының дамуына көп ықпал етпейді;
2. өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезінде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктері көп жағдайда ескерілмеуі;
3. өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезінде негізгі дидактикалық принциптердің бұзылуы.

Оқу үрдісіндегі іс-тәжірибелер көрсеткендей, оқушының өз бетімен жүргізетін жұмысы тиімді болу үшін, ол кездейсоқ және эпизодтық емес, жүйелі түрде жүргізілуі керек және әр сабақта арнайы уақыт бөлінуі қажет.

Осындай жағдайда оқушыларда әр түрлі өзіндік жұмыс түрлерін орындаудың тұрақты қабілеттері мен дағдылары қалыптасады және оны орындау қарқыны артады.

Өзіндік жұмыстардың әртүрлілігі оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және соның нәтижесінде физиканы оқыту үрдісінде шығармашылық қабілеттерін дамытуға әкеледі.

Жүйелі жүргізілген өзіндік жұмыстардың беретін нәтижелері [8]:

- оқушылардың танымдық іс-әрекетінде дербестігін дамытуға;
- білімді өз бетінше меңгеруге;
- өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға;
- бар білімді оқу-тәжірибелік іс-әрекетте өз бетінше қолдануға үйретуге мүмкіндік береді.

Физикалық есептерді шешу бойынша өзіндік жұмысты жүйелі ұйымдастырудың іске асырылуы, физикалық есептерді өз бетінше шешу оқушылардың пән бойынша оқу іс-әрекетінде жақсы нәтижелерге жетуіне мүмкіндік беретін себептердің бірі болып табылады. Оқушыларды өз бетінше есеп шығаруға үйрету бірте-бірте жеке қарапайым операцияларды орындаудан бастап, одан әрі күрделі алгоритмдік әрекеттерді орындауға көшу, содан кейін ғана – есептерді, соның ішінде стандартты емес мәселелерді өз бетінше шешуге әкеледі.

Сонымен бірге, тағы бір әдіс, физикадан өзіндік жұмыстың қысқаша жазба құрастыру сияқты дәстүрлі емес түрін пайдалануға болады. Оқушылардың бұл жұмысты орындауы оқушылардың әдебиетпен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Оқулықпен, дерек көздерімен өзіндік жұмыс жасауға тәрбиелеуді көздейді.

Оқушы теориялық материалды білумен қатар, ондағы негізгі нәрсені бөліп көрсету, болжамдардың дұрыстығын дәлелдейтін дәлелдерді таба білу, жалпы – танымдық белсенділікті дамытады.

Тағы бір әдіс, физикадан интернет ресурстармен, оқу және ғылыми-көпшілік әдебиеттермен өзіндік жұмысты жүйелі ұйымдастырудың да маңызы зор. Өйткені бұл іздену, талдау және тұжырым жасау дағдыларын қалыптастырады. Қосымша ақпараттарды қарастыру, салыстыру, бағалау, яғни, басқа да дерек көздері болып табылатын ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді.

Оқушылардың зертханалық жұмысы оқу үрдісіне енгізілгеннен бастап теориямен практиканы байланыстыру құралы ретінде қарастырылды.

Оларды жүзеге асыру оқушылардың экспериментті жүргізу дағдыларын, сонымен қатар практикалық сипаттағы дағдылары мен зерттеушілік дағдылардын қалыптастыруға, оқушылардың танымдық қабілетін, белсенділігін, дербестігін қалыптастырады. Бұл жұмыстар оқушылардың болашақта физикамен байланысты техникалық мамандықтарға деген икемділіктерін қалыптастыратынын да байқатты.

Жалпы өз бетімен жұмыс жасауды ұйымдастыру және оны орындаудың да түрлері өте көп. Негізінде, жұмыс түрлерінің немесе оны орындау жолдарының көп болуы, білімнің тереңдеуіне көмектесетін шығар, бірақ қандай әдіс, қандай жолмен орындалса да, оқушыға тиімді болса бағалы болары сөзсіз. Сондықтан, оқушыны өз бетімен дербес жұмыс жасауға бағыттау барысында неғұрлым өзіне керекті, өзінің қажеттілігіне қарай ұйымдастырылуына жағдай жасау керек. Әрине, бұл жерде оқушының жас ерекшеліктері, жеке ерекшеліктері де ескерілгені дұрыс. Кез келген істе жүйелі әрі жоспарлы жүргізілетін жұмыс белгілі бір нәтижеге жеткізеді.

Оқушыларды өзіндік жұмыстарға баулу арқылы оқыту үрдісіндегі өзара тығыз байланысты маңызды екі міндетті шешуге болады: олардың өзбетінше білім ала білуі, яғни олардың танымдық қызметіндегі дербестігін дамыту және оларға білім алуда, практикалық іс-әрекеттерде алған білімдерін өзбетінше қолдана білуге үйрету. Жаңа буын оқулықтарына көшуге орай оқу материалдарының көлемі артып, мазмұны күрделілене түсуде. Осыған байланысты оқу материалдарын меңгеруде оқушыны өзіндік іс-әрекеттерге баулудың маңыздылығы ерекше бола түсері анық. Бұған қоса оқушыға білім беруден гөрі, оқушының білім алуы принципі уақыт өткен сайын қажеттілікке айнала түсуде.

Қазіргі кезде білім беруде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты енгізілуде. Солардың бірі - модульдік оқыту технологиясының оқушыларды өзбетінше жұмыс жасауға дағдыландыруға ықпалы өте зор.

Жаңа білімді игеру кезіндегі оқулықпен жұмыс, тәжірибелерді бақылау, олардан қорытынды жасау, жаппай эксперимент, бірін-бірі оқыту, таратылып берілетін материалдармен жұмыс, физикалық құралдардың құрылысын оқып үйрену, құбылыстар арасындағы байланыстарды тағайындау, физикалық теорияларды оқып үйренуге баулу арқылы жаңа оқу материалдарын өзбетінше меңгеруге болады. Ол үшін оқушыларды жұмыс жүргізудің нақты талаптарымен, тәртібімен таныстыру қажет. Мысалы, оқулықпен жұмыс жасаудың мынадай жалпы талаптарын қоюға болады:

Мәтіннің негізгі мазмұнын атап көрсете білу, зерттелетін объектілерді салыстыру. Мәтінді онда айтылған ойдың тиянақтылығына қарай бөліктерге бөлу.

Мәтін бойынша жоспар құру. Мұнда мәтіннің мазмұнына қарай физикалық құбылыс, заң немесе физикалық теорияны, технологиялық процессті оқып үйренудің алгоритмдерін ұсыну.

- Фактілер немесе теория нәтижелері бойынша қорытынды жасай білу.
- Мәтінде тікелей жауабы болмауы мүмкін сұрақтарға жауап беру.
- Мәтіннің мазмұнын әңгімелесу сипатында жеткізу.
- Тәжірибелерді бақылау, олардан қорытынды жасау – оқушылардың белсенді жұмыс түріне жатады. Осы кезде оқушыларға мынадай талаптар қойылады: Маңызды фактілерді бөліп алу, құбылыстарды, тәжірибе барысын қысқа түрде жазып отыру, зерттеу объектісін сипаттайтын шамаларды анықтау, көрсетулерге талдау жасау, алынған нәтижелерді жинақтап қорытындылай білу.

Қазіргі заманғы кәсіптік мектептің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Үшінші буынның жаңа білім беру стандарттарының орта кәсіптік білім берудің барлық мамандықтары бойынша біліктілік сипаттамалары кәсіптік міндеттерді қою және шешу, кәсіптік және жеке тұлғаны дамыту үшін қажетті ақпаратты іздеуді, талдауды және бағалауды жүзеге асыру; Кәсіптік қызметті жетілдіру үшін ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану сияқты талаптарды қамтиды; өзін-өзі тәрбиелеу.

Білім алушыларды даярлауға қойылатын белгіленген талаптар оларды қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті етеді.

Осыған байланысты, қажетті білімді іздеу мақсатында әртүрлі ақпарат құралдарын қолдануға дайындығы мен қабілетін қалыптастыру үшін жағдай жасайтын білім алушылардың өзіндік жұмысы маңызды бола түсуде.

Білім алушылардың өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыру – барлық оқытушылардың, соның ішінде физика пәнінің мұғалімі үшін маңызды міндет.

Әр сабақта мұғалім оқу материалын жоспарлаумен қатар, білім алушының сабақта қандай өзіндік жұмыс дағдыларын алатындығы туралы ойлануы керек.

Егер білім алушы оқулықты немесе арнайы таңдалған тапсырмаларды қолдана отырып, жаңа материалды өз бетінше үйренуді үйренсе, онда білімді саналы түрде игеру мәселесі сәтті шешіледі.

Білім алушылардың өзі алған білімі мұғалімнің түсіндірмесінен кейін алған білімінен әлдеқайда күшті. Болашақта білім алушы білімдегі олқылықтарды дербес жоя алады, білімін кеңейте алады, оларды практикалық мәселелерді шешуде шығармашылықпен қолдана алады.

Өзіндік жұмыс мақсатына, көлеміне, өзіндік жұмыстың нақты тақырыбына, қиындық деңгейіне, білім алушылардың шеберлік деңгейіне байланысты жеке немесе білім алушылар тобымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы тәуелсіздікті, жауапкершілік пен ұйымшылдықты, оқу және кәсіби деңгейдегі мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты дамытуға ықпал етеді.

Оқу үдерісінде білім алушы оқу бағдарламасын меңгеріп қана қоймай, өзіндік жұмыс дағдыларын игеруі керек. Білім алушыға оқу кезінде орта мектеп оқушыларына қарағанда өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі. Білім алушы өз жұмысын жоспарлай және орындай білуі керек.

Өзіндік жұмыстың жоспарланған нәтижелері: білім алушылардың жалпылау, талдау, ақпаратты қабылдау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдау қабілеті; ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық тұрғыдан дұрыс, дәлелді және нақты құру қабілеті.

Әдебиеттер:

1 Теория и методика обучения физике в школе. Частные вопросы / Под ред. С.Е.Каменецкого. – М.: Академия, 2000. – Ч. 3. – С. 140-150.

2 Методика преподавания физики в средней школе / Под ред. АА.Пинского. – М.: Просвещение, 1989. – Гл. I. – С. 8-26.

3 Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1998. – 18-тарау. – 178-197 б.

4 Василенко К.Н. Организация самостоятельной работы учащихся на уроках физики. – М.: Просвещение, 2018. – Гл.8. – С.77-80.

5 Яворский В.М. Основные вопросы современного школьного курса физики. – М.: Просвещение, 1989, 1980. – Гл. 5. – С. 161-174.

6 Максимова З.Н. Виды самостоятельной работы с учащимися на уроках физики. – М.: Эксмо, 2019. – 736 с.

7 Белкин А.С. Ситуация успеха. Как ее создать. Книга для учителя. (Табыстың жағдаяттары. Оны қалай құру керек. Мұғалімдерге арналған кітап) – М. Просвещение, 1991. – 176 б.

8 Бордовской Н.В. Современные образовательные технологии: учебное пособие. Под ред.-2-е изд., (Заманауи жалпы білім беру технологиялары: оқу құралы). Жалпы редакцияда 2-басылымы. – М.: КноРу.

ҒТАХР: 29.01.45

Н.К. Шиндалинова, Т.Қ. Жумашева, Ж.О. Дюсенова
Абай облысының білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің
«№15 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Қазақстан, Семей қ. shindalinova65@mail.ru, towa_lovely@mail.ru, almagul_do@mail.ru

МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

1.Математиканың оқыту әдістемесі пәні, мазмұны.
2. Математиканы мектепте оқыту мақсаттары мен мазмұны.
3. Әдістемелік ғылымның басқа ғылыммен байланысы.

Математиканың оқыту әдістемесі (МОӘ) соңғы жылдары қарқынды дамып мазмұны жағынан да, ғылыми әдіс-тәсілдері жағынан да кемелденген педагогиканың бір саласы. Болашақ математика мұғалімі математиканы оқытудың жалпы заңдылықтарын, мақсат-мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, методикалық зерттеулерді, есеп шығаруды және оларды оқушыларға түсіндірудің жолдарын оқытудың техникалық және көрнекі құралдарын оқу процесінде пайдалану әдістемесін, оқушыларды оқу-ісіне жұмылдыру тәсілдерін, педагогика ғылымы мен озат тәжірибе жетістіктерін мектеп практикасына батыл енгізу тәсілдерін жоғары мектеп қабырғасында жүргенде игеруі тиіс.

Математиканы оқыту әдістемесі математика пәнінің ерекшеліктеріне негізделген оқу-тәрбие жүйесі жайындағы ғылым. Бұл жүйені меңгеру математиканы оқыту мен математика пәні арқылы оқушыларды тәрбиелеу ісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Математиканы оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым сондықтан да ол қазіргі қоғамның талаптарына сай педагогика ғылымы анықтап берген жалпы білім беру мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес құрылады. Математиканы оқыту әдістемесі мұғалімнің оқу материалдарын беру, оқушылардың математикалық білімді саналы меңгеру және алған білімін практикада қолдану іскерліктерін шыңдау әдістері мен құралдарын тағайындайды.

1. Математиканы не үшін оқыту керек?
2. Нені оқыту керек? Қандай тәртіппен, ретпен оқыту керек?
3. Математиканы қалай оқыту керек?

Математиканы оқыту әдістемесі шартты түрде үш салаға бөлінеді:

1. Математиканы оқытудың жалпы әдістемесі.
2. Математиканы оқытудың арнайы әдістемесі.
3. Математиканы оқытудың нақты әдістемесі.

Математиканы оқытудың жалпы әдістемесі мектеп математикасының бүкіл курсын қарастырады және оқытудың идеология бағытын, оқыту мазмұны мен әдістерінің бірлігін, оқыту түрлерінің арасындағы байланыстарды, әртүрлі курстардың (алгебра, геометрия, анализ бастамалары) арасындағы сабақтастықтарды оқу процесіндегі тәрбие жұмысы элементтерінің тұтастығын қамтиды. Оқушылар бөлімінің саналығы мен баяндылығы қамтамасыз етеді.

Математиканы оқытудың арнайы әдістемесі Оқушылардың жасына оқу материалы мазмұнының ерекшеліктеріне сәйкес курсты оқытудың дербес мәселелерін қарастырады. Арнайы әдістеме белгілі-бір тақырыпты немесе бағдарламаның бір тарауын оқытудың реті жайында нұсқау береді. Оқу құралдарын қалай қолдану жөнінде ұсыныс жасап оқушылар өздігінен орындайтын жұмыстар мен жаттығуларға арналған тапсырмалар үлгісін көрсетеді.

Математиканы оқытудың нақты әдістемесі:

1) жалпы әдістеменің жеке мәселелері мысалы, математика сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда эстетикалық тәрбие беру белгілі-бір сыныптың математика сабақтарын жоспарлау;

2) Арнайы әдістеменің жеке мәселелері мысалы, «аудан», «үшбұрыштар» тақырыптарын оқытуда оқушылардың есептеу шеберліктерін шыңдау қарастырылады.

Математиканы мектепте оқыту мақсаттары мен мазмұны.

1. Білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттары.

2. Мектеп математика курсының даму жолы.

3. Математиканы оқыту мазмұнының негізгі құрамды бөліктері.

1. Математиканы оқыту мектепке тән үш жалпы мақсатты көздейді:

1) Білім беру; 2) Тәрбиелеу; 3) Өмірлік практикалық білім дағды дарыту немесе дамытушылық;

Математиканы оқытудың білімдік мақсаты барлық оқушыларды математика ғылыми негіздері туралы жүйелі білімдермен және оларды толық сапалы да берік игеруге қажетті біліктіліктермен дағдылармен қаруландыру болып табылады. Осындай білім алу нәтижесінде оқушылардың ақыл-ойы дамиды. Оқушыларға математикалық білім дағдылар жүйесін берумен қатар математика пәні мектепке басқа да білім беру міндетін атқарады. Олар:

1. Оқушылардың бізді қоршаған ақиқат болмысты танып білудің математикалық әдістерін игеруіне жәрдемдесу;

2. Оқушыларды ауызша және жазбаша математика тіліне үйрету (қарапайым, анықтық, қысқа да нұсқалық, толықтық);

3. Оқушыларды математика бойынша алған білім дағдыларын оқу және өз бетімен білім алу барысында белсенді түрде пайдалана білуге үйрету;

2. Дидактикалық талабы бойынша математиканы тәрбиелікке үйретеміз. Жалаң білім жүйесін берумен ғана шектеліп қоймай, тәрбиелік оқу болуы шарт. Математиканы оқытудағы тәрбиелік мақсат математиканы үйрету барысында оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге мүмкіндік беретін барлық қолайлы мезеттерді пайдалану болып табылады. Тәрбиенің негізгі түрлеріне тоқталайық. Олар: 1) Оқушыларда ғылыми дүние-танымын қалыптастыру. Бұл тағы да тарихи математикалық мағлұматтардың берері мол екенін атап кеткен жөн. 2) Шәкірттерде озық моральдық қасиеттер қалыптастыру. Математиканы оқыту үрдісінде мұғалім оқушыларды саналы тәртіпке, белсенділікке, қиындықты жеңе білуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге, табандылыққа, адалдыққа, жауапкершілікке, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу үшін жан-жақты жұмыс жүргізуге міндетті. 3) Эстетикалық тәрбие. Математиканың табиғатының өзі оқушыларды әдемілікке тәрбиелеуге бай мүмкіндік туғызады. Мысалы: математикалық объектілердегі дұрыс көпбұрыштың, симметрия, дұрыс көпжақтардың қасиеттері, фигуралардағы гормоникалық қатынастар олардың бойында туа бітті эстетикалық сезімді оятады. Тек мұғалім мүмкін жағдайда бұған дер кезінде оқушылардың назарын аударып отыру керек.

3. Математиканы оқытудың бір мақсаты өмірлік-практикалық мақсат болып табылады.Ол мынадай міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған: 1) Математика пәнін оқыту барысында алған білімдерді өмірлік практиканың қарапайым есептерін шешуге физика, химия, сызу, ақпараттану және есептеу техникасы негіздері пәндерін оқып үйренуге пайдалана білу; 2) Математикалық құралдармен аспаптарды қолдана алу немесе пайдалана білу; 3) Шәкірттердің өз бетінше білім алуын қамтамасыз ету.(оқулық, ғылыми көпшілік әдебиеттермен жұмыс істей алу);

Оқыту принциптері.

1. Оқыту принципі ұғымы.

2. Оқыту принциптер жүйесі.

3. Оқыту принциптерін жүзеге асыру.

Математиканы оқыту процесін ұйымдастыруда оқушыларға білім беру мен тәрбиенің мақсаттарына сай оқыту заңдарын пайдалану тәсілдерін сипаттайтын дидактикалық категорияларды – **дидактикалық принциптерді** басшылыққа алады. Дидактикалық принциптер оқу мен тәрбиенің жұмысын қалай ұйымдастыруды және жетілдіруді қамтамасыз ететін нұсқауларды қамтиды. Педагогикада мынадай дидактикалық принциптер тағайындалған:

1. Оқу мен тәрбиенің бірлігі.
2. Оқытудың ғылымилығы.
4. Жүйелілік бірізділік.
5. Түсініктілік.
6. Көрнекілік.
7. Білімнің баяндылығы.

Бұл принциптер өзара тығыз байланысты. Әрбір принциптің математиканы оқыту процесінде қолданыс табатын маңызды қырларына тоқталайық.

1. Оқу мен тәрбиенің бірлігі принцип математиканы оқыту өз бетінше жеке – дара жүргізілмей, шәкірттерге жан-жақты тәрбие беру функцияларын қатар атқаруға міндетті. Бұл туралы жоғарыда математиканы оқытудың мақсаттарын баяндау кезінде толық айтылады.

2. Оқытудың ғылымилық принципі ең алдымен оқу программасында оқушыларда және мұғалімдерге арналған методикалық құралдарда жүзеге асырылатын бұл принциптің басты шарттары:

а) Білімнің мазмұны, ғылымның қазіргі деңгейге сай болуы;

б) Ғылыми танымның жалпы әдістері жайындағы оқушыларда дұрыс түсініктер қалыптастыру;

в) Таным процесінің маңызды заңдылықтарын оқушыларға көрсету болып табылады;

Жоғарыда баяндалған оқыту әдістемесі мақсаты мен мазмұнына сүйене отырып сабақ жоспарын ұсынамыз.

Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

Сабақтың тақырыбы:

Педагогтің аты-жөні	
Пән/ Сынып: 8	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Күні:	2023ж
Тарау немесе бөлім атауы:	**8.1А Квадрат түбір және иррационал өрнек**
Сабақтың тақырыбы:	Арифметикалық квадрат түбір
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты	8.1.1.2 санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату
Сабақтың мақсаты:	Квадрат түбір туралы мәліметтерді таба алады. Тақырып бойынша мәлімет шолу жасайды, зерттейді. Квадрат түбір туралы анықтама құра алады.

Сабақ барысы:

Уақыты	**Кезеңдері**	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
5 минут	Ұйымдастыру	Сәлеметсіздерме! Бүгін, Квадрат түбір тақырыптарын қарастырамыз **Бүгінгі сабақта меңгеретініңіз:**	Амандасу. Сыныпты түгендеу. Сабаққа дайындау, оқу құралдарын алу. Үй тапсырмасын айту.	«жақсы», «жарайсың», «өте жақсы»	Оқулық

		санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату			
5 мин	Мағынаны ашу	**Шырату жаттығулары:** **«Галереяда ой шарлау»** әдісі арқылы әр оқушы қабырғада ілінген өрнектермен танысып, өз пікірлерімен ой бөліседі. Осы өрнектердің айырмашылықтарын айту арқылы сабақ мақсаты анықталады.	Сұрақтарға жауап береді 1.$\sqrt{169}$ 2.$\sqrt{0,16}$ 3.$\sqrt{729}$ 4.$\sqrt{441}$ /$\sqrt{81}$ 5.$\sqrt{3,61} * \sqrt{1,21}$ 6.$\sqrt{400}$ *$\sqrt{49}$		Оқулық, жұмыс дәптері Кітап, дәптер, қалам суреттері бейнеленген қима қағаздар топтамасы
20 минут	Бекіту тапсырмасы	***А деңгейі.*** №1 Есептеңдер: 1. $\sqrt{0,49}$+5=0,7+5=5,7 2. 10-$\sqrt{100}$=10-10=0 3. $\sqrt{64}$ - 11 = 8-11= - 3 4. 5 · $\sqrt{0,04}$=5•0,2=1 5. $\frac{4}{5}$ •$\sqrt{6,25}$=$\frac{4}{5}$ • 2,5=2 6. 0,09•$\sqrt{0,09}$= =0,09•0,3=0,027 №2 Егер 1. x=5 олса, онда $\sqrt{x+11}$=$\sqrt{5+11}$ = =$\sqrt{16}$ = 4 2. y = 91 болса, онда $\sqrt{100-91}$= 3 3. a = 1,29 және в=2,71 болса,онда $\sqrt{a+в}$ = =$\sqrt{1,29+}$ 2,71 =2 4.m=31,1 және n=6,1 болса ,онда $\sqrt{m-n}$=$\sqrt{31,1-6,1}$=5	***В деңгейі.*** №3. Есептеңдер: 1. 20 • $\sqrt{6,25}$ + $\frac{1}{39}\sqrt{169}$= =20 • 2,5+$\frac{1}{39}$ •13=50+$\frac{1}{3}$=$\frac{151}{3}$ 2. 15$\sqrt{0,16}$ - $\frac{5}{58}\sqrt{841}$ = =15•0,4 - $\frac{5}{58}$ • 29 = = 6 –2,5=3,5 3. $\frac{5}{\sqrt{400}}$ - 0,8$\sqrt{1,44}$ = =0,25-0,96= - 0,71 ***С деңгейі. №4.*** $\sqrt{9a-4\,в}$ мұндағы a =16, в = 11 $\sqrt{9 \bullet 16-4 \bullet 11}$=$\sqrt{100}$=10 $\sqrt{0,1x-y^2}$ мұндағы x = 5, в = 0,1 $\sqrt{0,1 \bullet 5-(0,1)^2 =}$$\sqrt{0,49}$=0,7	Оқушылардың белсенділігіне байланысты бағаланады	Оқулық, жұмыс дәптері Кітап, дәптер, қалам суреттері бейнеленген қима қағаздар топтамасы ДК экраны
10 минут	Жеке жұмыс	**Оқулықпен жұмыс. №2.12-2.15**	Тапсырманы орындайды  №2.12. 1) $\sqrt{-64} \neq \sqrt{-8\cdot(-8)}$ Жо 2) $(-\sqrt{144})^2 = -144$ Иә №2.13	**Дескриптор:** - санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірлердің анықтамасын түсінеді; - санның	Оқулық, жұмыс дәптері Кітап, дәптер, қалам суреттері бейнеленген қима қағаздар

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>
3) $\sqrt{-x}$ $x \leq 0$
4) $\sqrt{x-5}$ $x \geq 5$
5) $\sqrt{x+9}$ $x \geq -$
6) $\sqrt{7-x}$ $x \leq$
№2.14

1) $\sqrt{3-x}$ $x \leq 3$
2) $\sqrt{3-3x}$ $x \leq 0$
3) $\sqrt{-4x}$ $x \leq 0$
4) $\sqrt{x-3,5}$ $x \geq 3,$
5) $\sqrt{3x+12}$ $x \geq 0$
6) $\sqrt{7-0,2x}$ $x \leq$</td><td>квадрат түбірі мен арифметикалық квадрат түбірлер айырмашылын ажыратады.</td><td>топтамасы ДК экраны
Оқулық</td></tr>
<tr><td>5 минут</td><td></td><td>Бүгінгі сабақта: санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату
Рефлексия<table><tr><th>Білемін</th><th>Білдім</th><th>Білгім келеді</th></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Тақырыпты меңгергенін

“Бес саусақ” әдісі
1 Ең ұнаған әдіс.
2 Ұнамаған әдіс.
3 Жаңа сабақты түсіндің бе?
4 Сен өз тобыңда қалай сезінесің?
5 Апайыңа қандай баға берер едің?
анықтау
Үйге тапсырма беру. №2.9.</td><td>Сабаққа қатысқанына қарай мұғалімнің 10 баллдық жүйемен бағалауы</td><td></td></tr>
</table>

Әдебиеттер:

1. Абылкасымова А.Е. Алгебра дидактикалық материалдар, әдістемелік нұсқау. – Алматы: Мектеп, 2003.
2. Искакова М.Т. және т.б. Математика. Оқу-әдістемелік құрал. – Семей: Интеллект, 2014.
3. Абылкасымова А.Е. Современные тенденции развития непрерывного педагогического образования. – Алматы: Атамура, 2016. – 352 с.
4. Кабулова А.Р. Теория и методика обучения математике. – Алматы: Типография РДБ им. С.Бегалина, 2013. – 100 с.
5. Абылкасымова А.Е. және т.б. Алгебра 8 сынып оқулық. – Алматы: Мектеп, 2016. – 176 б.
6. Абылкасымова А.Е. және т.б. Алгебра 8 сынып. Әдістемелік нұсқа. Алгебра 8 сынып Әдістемелік нұсқаулық.

МРНТИ: 27.43.15

Г.К. Нурсултанова, К.Р. Тайболдина, Д.А. Жумаханова
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»
Казахстан, г.Семей, tayboldina_k@mail.ru

К ВОПРОСУ СТОХАСТИЧЕСКОЙ ЛИНИИ ПРИ ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ

Теория вероятностей и математическая статистика в наши дни составляет важную главу как теоретической, так и прикладной математики. Значительная доля прикладных исследований независимо от того, относятся ли они к инженерному делу, организации производства или экономике, существенным образом опирается на то, что реальные процессы находятся под влиянием случайных воздействий.

В самостоятельном изучении теории вероятностей и математической статистики заинтересован большой круг лиц. Это и экономисты, и инженеры, и естественники и т. д. Поэтому книги доступные для самостоятельного изучения, должны быть самых разнообразных типов: начиная от классических учебников и кончая учебными и методическими пособиями по специальным вопросам математики.

С методической точки зрения наиболее правильным было бы такое изложение курса, при котором все основные понятия находят приложение в рамках данной специальности. Однако осуществить такой подход в полной мере практически невозможно как из-за недостатка времени. Поэтому мы имеем возможность обратить внимание только на узловые с точки зрения специальности понятия и формулы теории вероятностей и математической статистики.

Приучение студентов к самостоятельной работе необходимо начинать с первого дня занятий в вузе. Студент должен изучить курс высшей математики в полном объеме независимо от прослушанных лекций и практических занятий. Каждый студент должен получить задания и иметь план для самостоятельного овладения определенными разделами математики. Для решения проблемы повышения эффективности самостоятельной работы необходимы следующие действия: [1]

- наличие конспекта лекций по математике в письменном виде и в электронном на случай если студент пропустит данную лекцию;
- создание учебно-методического комплекса по математике для всех специальностей;
- учебно-методическое пособие по математике с набором задач для самостоятельного решения;
- составление контрольных вопросов и тестов по комбинаторике, теории вероятностей и математической статистике для выявления знаний и умений решения задач по алгоритму.

Для решении проблемы самостоятельного изучения теории вероятностей и математической статистики студентами, мы используем разработанные нами учебно-методическое пособие «Практикум по теории вероятностей» и электронное учебное пособие «Лабораторный практикум по математической статистике». Они отвечают всем необходимым требованиям:

- в учебных пособиях для самостоятельного изучения нет ничего лишнего, не требуемого программой;
- они содержат большое число задач с подробными решениями и указаниями, как решать аналогичные задачи. При этом многие задачи посвящены элементарным упражнениям по применению формул;
- имеются в наличии чертежи, схемы, графики, что значительно облегчает чтение учебника;
- доступность изложения;
- в учебном пособии приведены и задачи прикладного характера (экономические, финансовые, страховые, на принятие решения и т.д.).

Учебно-методические пособия сложились в результате многолетнего преподавания нами как предмета «Математика» для студентов нематематических специальностей, так и отдельно предмета «Теория вероятностей и математическая статистика» для студентов физико-математических специальностей.

Содержание учебно-методических пособий позволяет получить практические навыки в соответствии с требованиями государственных образовательных стандартов профессионального образования для бакалавров любого направления.

В электронное учебное пособие «Лабораторный практикум по математической статистике» вошли 7 лабораторных работ на темы:

- «Статистическая обработка экспериментальных данных»;
- «Построение теоретического распределения, проверка гипотез (нормальный закон)»;
- «Построение теоретического распределения, проверка гипотез (показательный закон)»;
- «Корреляционно-регрессионный анализ»;
- «Анализ временных рядов;
- «Многофакторный корреляционно-регрессионный анализ»;
- «Нелинейная корреляция».

К каждой лабораторной работе приведены теоретические сведения; образец выполнения самостоятельной работы; варианты лабораторных работ.

В учебное пособие «Практикум по теории вероятностей» также приведены теоретические сведения; решение примеров; самостоятельные работы по всем темам с вариантами.

Нами разработан полный учебно-методический комплекс по предмету «Теория вероятностей и математическая статистика», включающий следующие материалы: учебная программа, лекции (краткие теоретические положения курса), видео-лекции; методические указания к проведению практических занятий и к выполнению самостоятельной работы; тестовые вопросы к экзамену; задачи с практическим применением.

Нами разработана тематика лекций, содержащих экономические понятия, при введении которых используются вероятностные определения и формулы. Это – «Риск и вероятность», «Энтропия и риск», «Выбор решения с помощью дерева», «Формула Байеса для принятия решения», «Нахождение критического пути сетевого графика при помощи дерева», «Задачи страхования». Эти лекции включены в УМКД по математике для самостоятельного изучения студентами [2].

Иллюстрация большинства понятий и формул достигается путем подбора соответствующих задач с экономическим содержанием, которые могут быть рассмотрены на практических занятиях, а также в качестве докладов на научных студенческих конференциях. Методическое обеспечение осуществлено нашими разработками по основным темам курса.

К учебным задачам по теории вероятностей математическая статистика, способствующим развитию статистического мышления студентов предъявляются два требования: формирование знаний по комбинаторике, вероятности и статистике и формирование элементарных экономических знаний.

К задачам экономического содержания относятся: задача о распределении капиталовложений, задача о трех станках, задача о выборе месторождения полезного ископаемого, задача на определение критического пути в сетевом графике, задача на технический контроль, задача о планировании расхода энергии, задача о закупке угля и т.д. Рассмотрим некоторые из них.

Пример 1. (Задача о планировании расхода энергии) Рассмотрим 300 одинаковых станков на фабрике. Если в среднем 70% станков работают и 30% находятся в ремонте, то нужно обеспечить энергией в среднем 210 станков. Однако иногда могут работать все 300 станков. Каким количеством энергии нужно обеспечить фабрику, чтобы с вероятностью 99,9 % все исправные станки могли работать? (Предполагается, что станки выходят из строя независимо друг от друга).

Решение. По условию $\Phi(x)=\frac{99{,}9}{100}=0{,}999$. По таблице значений функции Лапласа, получим x=3.

Но $x=\frac{k-np}{\sqrt{npq}}$. Откуда $k=300\cdot 0.7+3\cdot\sqrt{300\cdot 0.7\cdot 0.3}$ =210+3$\sqrt{63}$ $\approx$234.

Так что достаточно принимать во внимание 234 станка при расходе энергии.

Пример 2. Пусть имеются два инвестиционных проекта. Первый с вероятностью 0,6 обеспечивает прибыль 15 млн. тг, однако с вероятностью 0,4 можно потерять 5,5 млн. тг. Для второго проекта с вероятностью 0,8 можно получить прибыль 10 млн. тг. и с вероятностью 0,2 потерять 6 млн. тг. какой проект выбрать?

Решение. Оба проекта имеют одинаковую среднюю прибыльность, равную 6,8 млн. тг.

$$(0{,}6\cdot 15+0{,}4\cdot(-5{,}5)=0{,}8\cdot 10+0{,}2\cdot(-6)=6{,}8).$$

Однако, среднее квадратическое отклонение прибыли для первого проекта равно 10,04 млн. тг $\left(\left[0{,}6(15-6{,}8)^2+0{,}4(-5{,}5-6{,}8)^2\right]^{1/2}=10{,}04\right)$, а для второго – 6,4 млн. тг $\left(\left[0{,}8(10-6{,}8)^2+0{,}2(-6-6{,}8)^2\right]^{1/2}=6{,}4\right)$, поэтому более предпочтительнее второй проект.

Пример 3. Начальный капитал челнока составляет 1000 тг. Опытные коллеги сказали ему, что после каждой поездки капитал с вероятностью 0,5 увеличивается в полтора раза, с вероятностью 0,25 остается без изменений, и с вероятностью 0,25 уменьшается в полтора раза. Составить ряд распределения капитала торговца после двух поездок и найти его математическое ожидание.

Решение:

X	1000	1000	1000	1000	1000	1000	1000	1000	1000
1 поездка	666,67	666,67	666,67	1000	1000	1000	1500	1500	1500
2 поездка	444,44	666,67	1000,05	666,67	1000	1500	1000	1500	2250
P	$\frac{1}{4}\cdot\frac{1}{4}$	$\frac{1}{4}\cdot\frac{1}{4}$	$\frac{1}{4}\cdot\frac{1}{2}$	$\frac{1}{4}\cdot\frac{1}{4}$	$\frac{1}{4}\cdot\frac{1}{4}$	$\frac{1}{4}\cdot\frac{1}{2}$	$\frac{1}{2}\cdot\frac{1}{4}$	$\frac{1}{2}\cdot\frac{1}{4}$	$\frac{1}{2}\cdot\frac{1}{2}$

Математическое ожидание $M(X)=1361$ тг.

Также студентам предлагается провести статистические исследования социально-экономических процессов с применением методов математической статистики, а именно:

- нахождение уравнения выборочной регрессии по статистическим данным по среднемесячной заработной плате и прожиточному минимуму по регионам Республики Казахстан на 2020 год;
- дисперсионный анализ уровня инфляции под влиянием показателей безработицы по данным по регионам Республики Казахстан;
- многофакторная корреляция зависимости у – производительности труда от двух факторов: x_1 – мощности предприятия и x_2 – качества обрабатываемого сырья по данным статистическим данным;
- задачи на прогнозирование и принятие решения.

Пример 4. На основании данных о количестве студентов по приему на 1 курс дневного отделения в НАО Университет имени Шакарима г.Семей за 10 лет требуется рассчитать прогнозное значение о количестве студентов, принятых на 1 курс в следующем 2021 году, исходя из предположения, что тенденция ряда может быть описана: 1) линейной моделью; 2) параболической моделью; 3) показательной моделью; 4) проверить адекватность выбранной модели [2].

Таблица – количество студентов, принятых на 1 курс

Год	2009	2010	2011	2012	2013	1014
Количество студентов	726	769	790	886	774	1071

Решение. Для расчета параметров линейного, параболического и показательного тренда b_i используем метод наименьших квадратов. Получим

– линейная модель: $\overline{y} = 652{,}4 + 52{,}46t$.

прогноз равен при $t = 7$, $\overline{y} = 652{,}4 + 52{,}46 \cdot 7 = 1019$ студентов.

– параболическая модель: $y = 775{,}41 - 39{,}8t + 13{,}18t^2$.

прогноз при $t = 7$, $y = 775{,}41 - 39{,}8 \cdot 7 + 13{,}18 \cdot 7^2 = 1142$ студентов.

– показательная модель: $\overline{y_t} = 832{,}34 \cdot 1{,}12^t$

прогноз при $t = 7$, $\overline{y_t} = 832{,}34 \cdot 1{,}12^7 = 1840$.

Судя по остаточной дисперсии значительно ближе к фактическим данным ложатся уровни, рассчитанные по линейной модели

$$\overline{y} = 652{,}4 + 52{,}46t\,.$$

Проверка адекватности выбранной модели: гипотеза о нормальном характере распределения не отвергается и линейная модель приема студентов на 1 курс считается адекватной.

Использование разработанного учебно-методического комплекса по теории вероятностей и математической статистике, включающего разработанные два учебных пособия, тематику лекций и систему задач экономического содержания с применением вероятности приводит к значительному повышению качества вероятностно-статистической подготовки студентов и формирования у них статистического мышления.

Литература:

1. Нурсултанова Г.К., Тайболдина К.Р., Оспанова Д.М., Асқар Ш.Ұ. Лабораторный практикум по математической статистике. Учебно-методическое пособие. – Семей: 2022. – 154 с.

2. Нурсултанова Г.К., Сыдыкова А.Р., Асқар Ш.Ұ. Практикум по теории вероятностей. Учебно-методическое пособие. – Семей: 2022. – 170 с.

3. Мутанов Г.М., Куликова В.П. Математическое моделирование экономических процессов. – Алматы: Экономика, 1999. – 10-25 с., 146-168 с.

ҒТАХР: 14.25.09

Р.Д. Сейлова, М.Ж. Амангельдиева, Ә.А. Аманжолова,
КЕАҚ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті»
Қазақстан, Ақтөбе қ., roza_seilova@mail.ru, marzhan_zhanatovna@mail.ru,
asema.amanzholova02@gmail.com

8 СЫНЫПТЫҢ АЛГЕБРА ПӘНІ БОЙЫНША САНДАРДЫ КВАДРАТ ТҮБІРДЕН ШЫҒАРУДА БАҒАН ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Квадрат түбірді алу әдістері 8-сыныптағы математикалық білімнің маңызды бөлігі болып табылады. Алайда, бұл көптеген оқушылар үшін қиындық тудыруы мүмкін, әсіресе үлкен сандармен жұмыс жасағанда. Бұл мақалада біз баған әдісін квадрат түбірлерді алуды үйренудің инновациялық және тиімді әдісі ретінде қарастырамыз. Баған әдісі оқушыларға түбірлік есептерді шешуге интуитивті және жүйелі көзқарас береді және олардың математикалық дағдыларын айтарлықтай жақсарта алады. Бұл мақалада баған әдісінің негіздерін, оның алгебра сабақтарында практикалық қолданылуын және оны білім беру процесінде қолданудың артықшылықтары мен нәтижелерін қарастырамыз [1].

Квадрат түбір Ежелгі Грецияда ашылған және оның тарихы қызықты жаңалықтар мен жетістіктерге бай. Квадрат түбір туралы алғашқы сілтемелерді ежелгі грек математикалық трактаттарынан табуға болады. Грек математигі Евклид өз жұмысында «Элементтер» геометриялық фигураның құрылысы арқылы квадраттың түбірін табу процесін сипаттады — ауданы берілген санға тең квадрат. Бұл кейінірек жасалған квадрат түбірі үшін алгебралық формуланы табудың алғашқы қадамы болды.

Квадрат түбірін зерттеуге үлкен үлес қосқан атақты ғалымдардың бірі Пифагор болды. Ол сандар мен олардың байланыстарын зерттейтін Пифагор мектебінің негізін қалаушы болды. Пифагор мен оның шәкірттері квадраттар мен тамырларды зерттеуге көп уақыт жұмсады және олардың зерттеулері көптеген математикалық заңдылықтардың ашылуына әкелді.

Бүгінгі таңда квадрат түбір физика, инженерия, қаржы және бағдарламалау сияқты көптеген ғылыми және практикалық салаларда кеңінен қолданылады. Бұл күрделі мәселелерді шешуге және нақты жауаптарды табуға көмектеседі. Квадрат түбірінің тарихы көптеген ғасырлар бойы жалғасып келе жатқанымен, оның мәні мен өзектілігі әлі күнге дейін жойылмайды.

Баған әдісі кез-келген нақты саннан кез-келген алдын-ала берілген дәлдікпен шамамен түбір мәнін табуға мүмкіндік береді. Әдістің кемшіліктеріне табылған сандар санының артуымен есептеудің күрделілігінің артуы жатады [2, 3].

Түбірді қолмен алу үшін бағанмен бөлуге ұқсас жазба қолданылады. Біз түбірін іздейтін сан жазылады. Оның оң жағында біз біртіндеп қажетті түбірдің сандарын аламыз.

Квадрат түбірді бағанмен алу алгоритмі:

1. Берілген бүтін саннан квадрат түбірді алу үшін оны оңнан солға қарай беттерге бөліңіз, әрқайсысында екі сан бар, біріншісінен басқа (сол жақтан), онда бір сан болуы мүмкін.

2. Түбірдің бірінші цифрын табу үшін бірінші беттің квадрат түбірін алыңыз.

3. Екінші цифрды табу үшін түбірдің бірінші цифрының квадраты бірінші беттен алынады, екінші беті қалдыққа түсіріледі және алынған санның ондықтар саны түбірдің бірінші цифрының екі еселенген санына бөлінеді; алынған бүтін сан қайтадан сынақтан өтеді.

4. Сынақ келесідей жүргізіледі: тік сызықтың артында (қалдықтың сол жағында) түбірдің екі еселенген, бұрын табылған саны жазылады және оған оң жақта сынақ цифры жатқызылады; осы тіркеуден кейін алынған сан сынақ цифрына көбейтіледі. Егер көбейтуден кейін қалдық саннан үлкен болса, онда зерттелетін Сан жарамсыз болады және келесі кіші цифрды сынау керек.

5. Түбірдің келесі сандары сол техниканың көмегімен табылады.

6. Егер бетті бұзғаннан кейін алынған санның ондаған саны бөлгіштен аз болса, яғни.түбірдің табылған бөлігінің екі еселенген бөлігінен аз болса, онда 0 түбірге қойылады, келесі бет бұзылады және одан әрі жалғасады.

Мысалда осы әдісті қолдануды көрсетейік [4, 5].

Мысалы 1.

1. Берілген санды оңнан солға қарай екі санға бөлеміз. Біз сандардың үш тобын алдық (10'62'76). Бұл бізде түбір астындағы санымыздан 3 таңбалы сан шығатыны білдіреді.



2. Санымызды жазып баған сызамыз.

3. Бірінші топтағы сан 10. Осы саннан аспайтын, бір санның квадратын аламыз, яғни 10 санынан кіші квадрат түбір шығатын сан 9 саны. Демек, $\sqrt{9}=3^2$. 3 санын бағанның оң жағына жазамыз да 10-нан з санының квадратын азайтамыз.

Сонда бізде 1 қалады.

4. Әрі қарай осы санның қасына одан кейінгі 2 топтағы сандарды 6 және 2 сандарын тіркеп

жазамыз.

5. Алынған 162 санының сол жағына тік сызық сызамыз. Мұнда бірінші табылған 3 санын 2-ге көбейтіп, сызықтың сол жағына 6_•_ жазамыз. Бұл жердегі цифр орнына алынған екі таңбалы санның көбейтіндісі 162 санынан аспайтын дай етіп таңдалады. Бұл сан бізде 2. Шынында да, $62\times2=124<162$.

6. Табылған 2 саны біздің іздеп отырған 2 цифрымыз. 162 санынан 124 санын азайтып, 38 санын аламыз.

7. Бұл санның қасына 3 топтағы 7 және 6 сандарын тіркеп жазамыз. 3876 саны құралады. Біз тағы да 32 санын алып 2-ге көбейтеміз де 64 санын жазамыз. Келесі цифр үшін 64 саны мен сызық арасында орын қалдырамыз. Біз бұл цифрды осы цифрдағы үш таңбалы санның көбейтіндісі ең үлкен, бірақ 3876 санынан аспайтындай немесе тең болатындай етіп таңдаймыз. Табылған 6 саны – ізделген нәтиженің соңғы цифры, яғни 106276 санының квадрат түбірі 326-ға тең болады.

Енді түбірден бүтін сан шықпайтын 759 санын қарастырып көрейік.



Мысалы 2.

1. Берілген санды оңнан солға қарай екі санға бөлеміз. Біз сандардың екі тобын алдық(7'59).

2. Санымызды жазып баған сызамыз.

3. Бірінші топтағы сан 7. Осы саннан аспайтын, бір санның квадратын аламыз, яғни 7 санынан кіші квадрат түбір шығатын сан 4 саны. Демек, $\sqrt{4}=2^2$. 2 санын бағанның оң жағына жазамыз да 7-ден 2 санының квадратын азайтамыз.

Сонда бізде 3 қалады.

4. Әрі қарай осы санның қасына одан кейінгі 2 топтағы сандарды 5 және 6 сандарын тіркеп жазамыз.

5. Алынған 359 санының сол жағына тік сызық сызамыз. Мұнда бірінші табылған 2 санын 2-ге көбейтіп, сызықтың сол жағына 4_•_ жазамыз. Бұл жердегі цифр орнына алынған екі таңбалы санның көбейтіндісі 359 санынан аспайтын дай етіп таңдалады. Бұл сан бізде 7. Шынында да, $47\cdot7=329<359$. Табылған 7 саны біздің іздеп отырған 2-ші цифрымыз. 359 санынан 329 санын азайтып, 30 санын аламыз.

6. Бұл санның қасына 00 тіркеп жазамыз. Себебі , бізде сандарды азайтқанда 0 қалу керек. Ал бізде 30 саны қалды. Демек біздің санымыз квадрат түбірдің астынан жуықтап алынатын сан. Олай болса бүтін бөлігін үтір белгісі арқылы бөліп аламыз. 3000 саны құралады. Біз тағы да 27 санын табылған цифрларын алып 2-ге көбейтеміз. Сол кезде бізде 54 саны шығады.

Келесі цифр үшін 54 саны мен сызық арасында орын қалдырамыз. Біз бұл цифрды осы цифрдағы үш таңбалы санның көбейтіндісі ең үлкен, бірақ 3000 санынан аспайтындай немесе тең болатындай етіп таңдаймыз. Табылған сан – 5. Азайтқан кезде 275 саны қалады.

7. 275 санының қасына 00 жалғаймыз. 275 санын 2 еселеген кезде 550 саны шығады. 550 санын бағанның сол жағына жазамыз және тағы да 1 орын қалдырамыз. 27500 санынан аспайтын цифр шығу үшін 4 санын қою арқылы $5504\times4=22016$ саны шығады. Әрі қарай есептеуді жалғастыруға болады, бірақ біз 0,01 дәлдікпен қарастыруды жөн көрдік. Сол кезде біз бұл санның квадрат түбірден жуықтап алу керектігін түсініп, мәнін белгілі бір дәлдікпен жуықтап аламыз. Бұл санның квадрат түбірінен жуықтап алғанда 27,54 саны шығады.

Жоғарыда аталған әдісті пайдаланып оқушы кез-келген сандарды калькулятордың көмегінсіз квадрат түбір астынан еш мүдірмей шығара алады. Баған әдісі оқушыларға квадрат түбірді есептеу процесін түсінуге көмектеседі және оны 8-сыныптағы алгебра сабақтарында оқытудың қосымша әдісі ретінде қолдануға болады. Бұл әдісті тек қана алгебра сабақтарында ғана емес, сонымен қатар пәндік олимпиада жарыстарында да пайдалануға болады.

Әдістің кемшіліктеріне табылған сандар санының артуы мен есептеудің күрделілігінің артуы жатады. Бірақ бұл оқушылардың ойлау қабілеті мен сандарды тезірек көбейту қабілеттерін арттырады.

Баған әдісін қолдану оқушыларға логикалық ойлауды, есептерді шешуге деген сенімділікті дамытуға және алгебралық ұғымдарды түсінуді жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс сабақтарды қызықты әрі тартымды етеді.

Жалпы алғанда, баған әдісін 8-сыныптағы алгебра сабақтарында сандарды квадрат түбірден шығаруды үйрету үшін қолдануға болады, бұл оқушылардың математикалық сауаттылығы мен жетістіктерінің жоғарылауына ықпал етеді.

Баған әдісі оқушыларға есте сақтауына тиімді және сол тақырыпты тезірек түсінуіне көмектеседі. Бұл әдісті пайдалану кезінде оқушылардың есеп шығаруға деген қызығушылығының пайда болғанын және сабаққа қатысу белсенділігінің артқанын байқадық. Қорытындылай келе, баған әдісін пайдалануға кеңес береміз.

Әдебиеттер:

1. Абылкасымова А.Е., Кучер Т., Корчевский В., Жумагулова З. Алгебра, 8-сынып. Мектеп баспасы, 2018. – 197 б.
2. Шыныбеков А.Н., Шыныбеков Д., Жумабаев Р. Алгебра, 8-сынып. Атамұра, 2018. – 192 б.
3. Ю.Н. Макарычев, Н.Г. Миндюк и др. Алгебра 8 класс. Учебник. под ред. С.А. Теляковского. – М.: Просвещение, 2012.
4. В.В.Корчагин, М.Н.Корчагина. ГИА 2013. Математика: сборник заданий: 9 класс. – М.: Эксмо, 2012.
5. https://dspace.tltsu.ru/bitstream/123456789/748/1/%D0%9D%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B2%20%D0%92.%D0%92._%D0%9C%D0%98%D0%B1-1101.pdf

---

ҒТАХР: 14.25.09

Р.Д. Сейлова, А.Ж. Жәдігер, А.Әжіғали
КЕАҚ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті»
Қазақстан, Ақтөбе қ., roza_seilova@mail.ru, zadigerajdana@gmail.com,
Aidanazhigali2002@gmail.com

5-СЫНЫПТА ПАЙЫЗДЫҚ КӨРСЕТКШТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕ ОЙЫН ӘДСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Қазіргі білім беруде ойын әдістерін белсенді қолдану барған сайын танымал бола бастады. Бұл әсіресе математикаға қатысты, мұнда күрделі ұғымдар оқушыларға қиындық тудыруы мүмкін. Бұл мақалада 5-сыныптағы математика сабақтарында пайыздарды оқу кезінде ойын әдістерін қолдану қарастырылады. Бұл маңызды тақырып, өйткені пайыздарды түсіну математикалық сауаттылық үшін маңызды ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде практикалық қолданысқа ие. Біз осы тақырыпты оқытудағы ойын әдістерінің артықшылықтарын және олардың оқушылардың материалды мотивациясы мен түсінуіне әсерін қарастырамыз.

Ойындардың білім беруде оқуды жеңілдету және материалды игеруді жақсарту құралы ретінде ұзақ тарихы бар. Соңғы онжылдықтарда ойын әдістері цифрлық технологияның дамуы мен білім беру ойындары мен қосымшаларының қол жетімділігі арқасында жаңа танымалдылыққа ие болды. Ойындар оқушылардың белсенді қатысуын, мотивацияны қалыптастыруды және дағдыларды дамытуды ынталандырады, бұл оларды математиканы, соның ішінде пайыз тақырыбын үйренудің тартымды құралына айналдырады.

Пайыздар – бұл оқушыларға жиі қиындық тудыратын тақырып [1]. 5-сыныпта балалар бұл тұжырымдамамен енді ғана таныса бастағанда, бұл абстрактілі және күрделі болып көрінуі мүмкін. Мәселелер пайыздарды санауды, есептеулер жүргізуді және есептерді шешуді түсінген кезде туындауы мүмкін. Бұл қиындықтар математикаға деген қызығушылықтың жоғалуына және оқу үлгерімінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Математика сабақтарында 5-сыныпта пайыздарды оқу үшін қолдануға болатын кейбір білім беру ойындары мен қосымшаларын қарастырамыз [2-4]:

«**Дүкен ойыны»:** оқушылар виртуалды дүкенде сатып алушылар мен сатушылар рөлін ойнай алады. Олар тауарларды сатып алу кезінде жеңілдіктер мен пайыздарды есептеуі керек, бұл оларға нақты өмірде пайыздардың қалай жұмыс істейтінін түсінуге көмектеседі.

«Пайыздық есептер»: бұл қолданба оқушылар пайызбен байланысты әртүрлі математикалық есептерді шешуді ұсынады. Олар жеңілдіктер, салықтар және тауарлардың құнын арттыру немесе азайту мәселелерін шеше алады.

«Пайыздық Калькулятор»: оқушылар әртүрлі есептеулер жүргізу үшін сандық Пайыздық калькуляторды қолдана алады. Олар несиелер, салымдар және инвестицияларды қоса алғанда, пайыздары бар әртүрлі сценарийлерді қарастыра алады.

«**Жеңілдік іздеу ойыны»:** бұл ойын оқушылар виртуалды дүкендерде жеңілдіктер мен ең жақсы мәмілелерді іздеуге мүмкіндік береді. Олар жеңілдіктердің пайызын есептеу мәселелерін шеше алады және ең жақсы нұсқаларды таңдай алады.

«**Пайыздық басқатырғыштар»:** жұмбақтар мен пайыздарды есептеу тапсырмалары қызықты және қызықты болуы мүмкін. Оқушылар пайыздық дағдыларды дамыту үшін осындай жұмбақтарды шеше алады.

«**Пайыздық викторина»:** оқушылар пайыздық сұрақтармен викторинаға қатыса алады. Бұл оларға білімдерін тексеруге және жаңа ақпаратты қызықты және бәсекеге қабілетті түрде білуге мүмкіндік береді.

«**Пайыздық жарыс»:** бұл ойын оқушыларды пайызбен байланысты математикалық есептерді шешуде бәсекеге түсуге шақырады. Олар сыныптастарымен бәсекелесіп, нәтижелерін жақсарта алады.

«Виртуалды банк»: бұл модельдеуде оқушылар виртуалды банкті басқара алады және пайызбен байланысты қаржылық шешімдер қабылдай алады. Олар депозиттер аша алады, жинақ шоттары бойынша пайыздарды қарастыра алады, тіпті несие бере алады.

Білім беру ойындары мен қосымшаларының бұл мысалдары оқушыларға практикалық пайыздық дағдыларды ұсынады және бұл математикалық тұжырымдаманың нақты өмірде қалай қолданылатынын түсінуге көмектеседі [5-7]. Олар тақырыпты тереңірек түсінуге ықпал етеді және оқушыларды белсенді оқуға ынталандырады.

Тәжірибе көрсеткендей, пайыздарды зерттеуде ойын әдістерін қолдану білім беру процесінде жоғары тиімділікке ие. Оқу ойындары оқушылардың белсенді қатысуына ықпал етеді, материалды үйренуге мотивация жасайды және пайыздарды түсінуді жақсартады.

Ойын әдістері оқушыларға интерактивті ортада пайыздармен тәжірибе жасауға мүмкіндік береді, бұл ақпаратты игеруді күшейтеді. Олар сондай-ақ оқушыларға есептерді шешу дағдыларын дамытуға, нақты пайыздық жағдайлармен жұмыс істеуге және күнделікті өмірде математиканы қолдануға көмектеседі.

Ойын әдістерінің тиімділігі математикаға деген қызығушылықтың артуымен, оқушылардың оқу үлгерімінің жақсаруымен және олардың математикалық дағдыларына деген сенімділігімен расталады. Осылайша, ойындар білім беру тәжірибесінде пайыздарды сәтті оқытудың маңызды құралына айналады.

Әдебиеттер:

1. Т.А. Алдамұратова, Қ.С. Байшоланова, Е.С. Байшоланов. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. Математика 5 сынып. – Алматы: Атамұра, 2017.

2. З.З. Абдульменова. Игра – способ развития пытливости и любознательности. Начальная школа. – 2013. – № 11

3. С.Ф. Занько. Игра и ученье. – М.: Просвещение, 2012. – 226 с.

4. Е.М. Минкин. От игры к знаниям. – М.: Просвещение, 2013. – 254 с.

5. П.И. Пидкасистый, Ж.С. Хайдаров. Технология игры в обучении и развитии. – М.: РПА, 2016. – 80 с.

6. О.А. Степанова. Научно-методические подходы к использованию игры в педагогической работе с младшими школьниками. Начальная школа плюс До и После. 2013. №8 – 80 с.

7. Д.Б. Эльконин. Психология игры. 2-е изд. – М.: Гуманит.изд. центр ВЛАДОС, 2009. – 360 с.

ҒТАХР: 20.01.45

Э.Ж. Айнабекова
«Науалы орта мектебі» КММ
Абай облысы, Үржар ауданы, Науалы ауылы, aizadaa2015@mail.ru

МЕКТЕПТЕ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Кіріспе

Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы экономикадағы және әлеуметтік жағдайлардағы оң өзгерістермен едәуір жетістіктер еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруді, информатика пәнін оқытуда компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін толық әрі тиімді пайдаланып, сабақтың сапасын көтеруді талап етуде. Нарықтық экономика, бәсекеге қабілетті елдің қатарына ену адамзат баласының білімді тереңірек меңгеруіне, алған теориялық білімдерін күнделікті тұрмыста, қызметте дұрыс қолдана алуына ерекше назар аудару керек екендігін мойындатып отыр.

Негізгі бөлім.

1) Информатика - ғылым және оқу пәні
2) Информатика пәнінің жалпы және накты мақсаттары
3) Информатиканы оқыту түрлері және әдістері
4) Ақпараттық-коммуникациялық білім беру ортасы
5) Бастауыш мектепте информатиканы оқыту мәселелері

Информатика – ғылым және оқу пәні

Информатика ғылым ретінде өткен ғасырдың екінші жартысында пайда болып, қалыптаса бастады. Информатиканың зерттеу саласы – ақпараттың құрылымы мен жалпы қасиеттері, сонымен қатар ақпаратты іздеу, жинақтау, сақтау, түрлендіру, тарату мен адам қызметінің алуан түрлі салаларына пайдалану үдерістеріне байланысты мәселелер. Ақпараттың ауқымды көлемі мен ағымдарын өңдеу автоматтандырусыз және коммуникация жүйелерінсіз мүмкін емес, сондықтан да электрондық есептеу машиналары мен заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологиялар информатиканың іргелі ядросы да, материалдық базасы да болып табылады. Электрондық есептеуіш машиналардың пайда болған уақытынан басталатын мәселе тарихына көшейік. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кибернетика әр түрлі – жасанды, биологиялық, әлеуметтік табиғатты жүйелердегі басқару мен байланыс туралы жалпы ғылым ретінде қарқынды дами бастады. Кибернетиканың пайда болуын, әдетте, 1948 жылы америка математигі Норберт Винердің «Кибернетика немесе жануарлар мен машинадағы байланыс пен басқару» кітабының шығуымен байланыстырады. Осы жұмыста басқарудың жалпы теориясын жасаудың жолдары көрсетіліп, әр түрлі жүйелер үшін басқару және байланыс проблемаларын бір тұрғыдан қарастыру әдістерінің негізі қаланған.

Информатика терминінің мағынасын (1983 жылы КСРО Ғылым Академиясының құрамынан жаңа – информатика, есептеу техникасы мен автоматтандыру бөлімінің ашылуына байланысты) түсіндіре келе А.П. Ершов бұл терминнің орыс тіліне ақпаратты тарату мен өңдеу үдерістерін оқытатын іргелі жаратылыстану ғылымының аты ретінде енетіндігін баса айтты. Информатиканың осы анықтамасын түсіндіре келе, А.П. Ершов ары қарай: «ғылымдардың салыстырмалы түрде жаратылыстану және қоғамдық болып бөлінуін мойындай отыра, біз сонда да, сана мен оның атрибуттарының қосымшалық принципіне, жасанды, биологиялық және қоғамдық жүйелерде ақпаратты өңдеу заңдарының ортақтығы (жалғыздығы) туралы түсінікке сәйкес информатиканы жаратылыстану ғылымдары пәніне жатқызамыз. Информатиканың іргелі ғылымдар қатарына жатқызу ақпарат ұғымы мен оны өңдеу үдерістерінің жалпы ғылыми сипатын білдіреді. Әлемнің оқып-танылатын фрагментіне ақпараттық модель атты модель құрылғанда ғана информатика өз бетінше жеке ғылым ретінде өз құқығына ие болады. Дегенмен, ақпараттық модельдерді құрудың жалпыәдіснамалық принциптері информатиканың пәні болғанымен, ақпараттық модель құру және оны негіздеу жекелеген ғылымның міндеті болып табылады. Ақпараттық және математикалық модель ұғымдары бір-біріне өте жақын, себебі екеуі де белгілерден тұратын жүйе. Ақпараттық модель – информатиканың ол арқылы жеке ғылымдармен қатынасқа түсетін, олармен бірікпей және сонымен бірге оларды өзі ішіне тартпайтын түйін» деп атап көрсетті.

Информатика пәнінің жалпы және нақты мақсаттары

Қазіргі кезде орта мектеп жалпы білім берудің, дамудың және жан-жақты даму заңдылықтарының негізін қалайтын, әрбір жеткіншектің алғашқы кәсіби дайындығын, үзідіксіз білім алуға бейімделуін және таңдаған мамандығын меңгеруін қамтамасыз ететін мәдени орын болып табылады. Жоғарыда келтірілген жобалық нәтижелер, мектептің оқу-тәрбиелік іс-әрекетінің нәтижесін жалпы орта білім беру жүйесінің алдына қойылатын талаптарды, мектептегі білім беру жүйесінің алдында қойылатын белгілі негізгі үш топқа, яғни білім беру және дамыту мақсатына; практикалық мақсатқа; тәрбиелік мақсатқа бөлуге мүмкіндігін береді. Информатиканы оқытудың жалпы мақсаттары информатиканың ғылымдар жүйесіндегі, қазіргі қоғамдағы орнын, ерекшеліктерін ескере отырып анықталады. Мектепке тән негізгі мақсаттар оқушыларға информатикадан білім беруде қандай сипатта болатындығын қарастырайық. Информатиканы оқытудың білім беру және дамыту мақсаты бұл әрбір оқушыларға информатика ғылымының негіздері туралы алғашқы орнықты білім беру, сонымен бірге түрлендіру үдерістері туралы түсінік, ақпаратты тасымалдау мен пайдалану және осы негізде оқушыларға дүниенің қазіргі ғылыми көрінісін құрастырудағы ақпараттық үдерістердің мәнін, сонымен қатар ақпараттық технология мен есептеуіш техниканың қазіргі қоғам дамуындағы рөлін ашу. Мектеп курсында информатиканы оқып-үйрену, онда оқылатын басқа ғылымдардың негізін баянды және саналы меңгеруге, сондай ақ, осы ғылым саласынан оқушыларды негізгі біліктілік пен дағдылармен қаруландыруға арналған. Информатика саласынан білімді меңгеру, сәйкесінше біліктілік пен дағдыларды алуға, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті болатын оқушылардың саналы дамуына, шығармашылық қабілеттіліктері мен ойлауының дамуына әсер етеді. Жалпы орта білім беретін оқу орындарындағы информатика курсының практикалық мақсаты бұл оқушылардың технологиялық және еңбекке дайындығына үлес қосу, яғни мектеп бітіргеннен кейін еңбек іс-әрекетіне дайындығын қамтамасыз ететін білім, білік және дағдылармен қаруландыру. Бұл мектептегі информатиканың курсы баланың ішкі жан дүниесін байытатын және ақылын дамытатын информатиканың негізгі ұғымдарымен таныстырып қана қоймай, оқушыны компьютерде жұмыс істеуге және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану тәсілдерін үйретуге, яғни практикалық бағытталғандығын көрсетеді.

Информатиканы оқыту түрлері және әдістері

Менің күнделікті жиі қолданатын «Kahoot» – бұл ойын түріндегі оқыту платформасы. «Kahoot» ақысыз және қолдануға өте қарапайым. Оны сабақтың әр кезеңінде қолдануға болады, мәселен жаңа сабақты бекіту барысында тест құрастыру арқылы, есеп шығару кезеңінде де қолдануға болады. Оқушылар телефон арқылы тіркеліп, тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады. Осылайша сабақ қызықты өтеді.

Сабақта цифрлық технологияны қолдану әр түрлі иллюстрациялық және ақпараттық материалдарды қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылардың материалдарды өздері Интернеттен және әртүрлі ақпарат ресурстарынан да таба алады. Мәселен, берілетін өзіндік жұмыстардын да, оқушыларға видео, презентацияларды құру, тест құрастыру арқылы орындап келулеріне мүмкіндік береді. Бұдан оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.

Осылайша, оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі қалыптасады. Интерактивті тесттерді қолдану тек мұғалімнің уақытын үнемдеуге емес, оқушылардың да өз білімдерін, мүмкіндіктерін бағалай алады.

Физика – белсенді дамып келе жатқан ғылым. Соңғы бес-алты жылда оқу процесінде көптеген көп нәрсе өзгерді. Мәселен, мультимедиалық проекторлар, интерактивті тақталар жиі қолданысқа енді. Бұл оқу процесіндегі оқыту әдістерін жеңілдетті.

Дегенмен, физика сабақтарында оқушылардың іздемпаздық және логикалық ойлау қабілетін арттыруды да жүзеге асыру қажет. Сондықтан, физиканың оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігін, іс-әрекетін, ізденісін мұғалім қадағалай отырып теориялық және тәжірибелік тұрғыда дұрыс бағыт бағдар беруі тиіс. Осы орайда цифрлық технологияның көмегімен виртуалды эксперименттік зертханалық жұмыстарды жүргізудің нәтижесінде оқушылардың бойына ақпаратты құзіреттілікті қалыптастырамыз.

Цифрлық технологияны қолдану барысында оқушылардың білімін түзету және деңгейлерін саралау принциптерін жүзеге асырамын. Оқушылар стандартты білімді меңгеріп қана қоймай, жоғары деңгейге өтулеріне мүмкіндік алады.

Әдебиеттер:

1. Жексенгалиева Г.Ж. Физика сабағында АКТ-ны қолданудың тиімділігі. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. Математика және физика. – Астана, 2023.
2. Токбергенова У.К., Турсынбаева Д.А., Насыролла Н. Физиканы оқытуда оқушылардың түйінді құзыреттілігін қалыптастыру. ҚазҰПУ Хабаршысы. – Алматы, 2022.
3. Алимбекова Ж.Б., Турсынбаева Д.А. Интерактивтік технологияларды оқыту үдерісіне қолданудың негізгі әдістері. Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 2021.
4. https://bugin.kz/12499-tsifrlyq-dganha-tekhnologiya

ҒТАХР: 14.85.09

Н.А.Ыбырай, Б.У.Куанбаева
КеАҚ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан, Атырау қ. E-mail: Bayan_Kuanbaeva@mail.ru.

ФИЗИКАДАН ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУГЕ 7-ШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Қазіргі уақытта қоғам алдында дарынды оқушыларды анықтау және олардың жан-жақты дамуына, белсенді, шығармашылық тұлғаны қалыптасуына жағдай жасай отырып, оқу үдерісін құру міндеті тұр. Мұндай мәселелерді шешу үшін білім беру үдерісінде әртүрлі стандартты емес мәселелерді шешуге басымдылық беріледі, соның бірі – физика бойынша олимпиадалық есептерді шешу болып табылады. Физикадан олимпиадалық есептердің әртүрлі психикалық операцияларды дамыту, шығармашылық және вариациялық ойлауды дамыту үшін үлкен әлеуеті бар, сондықтан оларды шешуде логикалық пайымдаудың күрделі тізбектерін құру, зерттеу дағдыларына ие болу қажет.

Өз кезегінде, білім алушыларда физика пәнінен олимпиадалық есептерді шешу қиындық тудырады, өйткені олардан пәнді тереңірек зерттеуді қажет етіледі. Мектепте мұндай міндеттерге уақыт жеткіліксіз. Физикадан олимпиадалық тапсырмалар оқушыларға қиындық туғызуымен қатар оқушыларға дарындылығының дамуына және ашылуына, сонымен қатар ойлаудың жан-жақты дамуына ықпал ете алады. Сондықтан олимпиадалық есептерді шешуді оқыту әдістемесін зерделеу өзекті болып қала береді.

Олимпиадалық есептер құрылымы мен мазмұны бойынша қарапайым мектеп бағдарламасының тапсырмаларынан айтарлықтай ерекшеленеді. Физика пәнінен олимпиадалық есептер ұғымын анықтаудың әр түрлі тәсілдері бар. Ерекшелігі сол, оның стандартты еместігі, яғни типтік есептерге сипатының ұқсамайтындығы. Көптеген олимпиадалық есептерді шешу үшін физика мен математиканың мектеп бағдарламаларында қарастырылмаған материалды білу қажет емес [1].

Алайда, олимпиадалық физикалық есептерді шешу физикалық модельдер құра білуді, физикалық заңдылықтарды терең түсінуді, оларды әртүрлі жағдайларда өз бетінше қолдана білуді, сондай-ақ математикалық аппаратты еркін меңгеруді талап етеді.

Зерттеу жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржылай қолдады (грант (AP19678865, 2023–2025)

Талдаулар көрсеткендей, олимпиадалық есептерді шешуге дайындық іргелі физикалық заңдарды игермей, физикалық құбылыстардың мәнін түсінбей жүзеге аспайды. Мұндай дайындық тікелей физика сабақтарында басталады.

Физикадан олимпиадалық есептердің «әдеттегі» есептерден негізгі айырмашылықтары: есеп шартының өзіндік ерекшелігі, есептерді шешу стандартты емес ойлауды және эрудицияның жоғары деңгейін талап етеді.

Физика бойынша олимпиадаларды өткізудің негізгі мақсаттары мен міндеттері төмендегілер болып табылады [2]:

- мектепте физиканы оқуға назар аудару;
- білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, физика саласындағы ғылыми-зерттеу қызметіне, оның ішінде физикалық эксперимент саласына қызығушылық;
- ғылыми білімді насихаттау және әйгілі ету.

Физика олимпиадаларына табысты қатысу үшін арнайы дайындық қажет, ол әр түрлі есептердің шешу әдістері сипатталған арнайы оқу құралдардың көмегімен өзбетімен жұмыс, өткен жылдардағы олимпиадалардың тапсырмалары да бар Инернет желісінің еркін қол жетімділігі, сонымен қатар дайындық мектептегі немесе басқа білім беру мекемелеріндегі қосымша сабақтар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Олимпиадаға дайындықты ұйымдастыру кезінде өзбетімен дайындалу-кез-келген іс-әрекетте сәттіліктің үлкен үлесі екенін ескеру қажет. Дайындық кезінде қиындықтар туындаған жағдайда білімді мамандардан көмек сұрау керек. Сондай-ақ, оқушыларға мектепте, қосымша білім беру орталықтарында қосымша сабақтар мен курстарға, онлайн-курстарға қатысу және өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру үшін психология бойынша тренингтерге қатысу ұсынылады.

Физикалық олимпиадалар 9-шы сыныптан басталады. 7-8 сыныптарда өтетін физикалық олимпиадалар алғашқы деңгейде (мектепішілік, аудандық) ұйымдастырылады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта негізгі мектепте (7, 8 және 9 сыныптар) физикалық олимпиадаларды дайындау және өткізу саласында жүйеленген және жеткілікті толық әдістемелік әзірлемелер жоқ. Бұл олимпиадалық қозғалыстың жаппай болуына да, оның қатысушыларының физикаға дайындық сапасына да кері әсерін тигізеді [3].

Біз физика бойынша олимпиадаларды 7-сыныптан бастап негізгі мектепте өткізу керек деп санаймыз, бұл олимпиадаларға қатысушылардың алдағы жарыстарға жақсы дайындалуына да, олимпиадаларға қатысушылардың көбеюіне де әкеледі, сондықтан физикаға деген қызығушылықтың төмендеуі сияқты өте жағымсыз тенденцияны жеңуге ықпал етеді. Негізгі мектепте олимпиадаларды өткізу барлық оқушылардың белсенді дамуына, оқушылар тарапынан да, физика мұғалімдері, мектептер, аудандар, қалалар әкімшіліктері және т. б. тарапынан да физикаға көбірек көңіл бөлуге әкелетіні сөзсіз.

Зерттеу барысында біз, мектептегі физикалық олимпиадаларды дайындау мен өткізудегі бірқатар қарама-қайшылықтарды айқындадық. Олар:

- егер физикалық олимпиадалар 7-ші сыныптан бастап негізгі мектепте толық көлемде өткізілген жағдайдағы олар ашатын заманауи мүмкіндіктер мен қазіргі уақытта негізінен жоғары сынып оқушыларын қамтитын олимпиадалық қозғалыста болып жатқан нақты құбылыстар арасындағы,
- негізгі мектепте физикалық олимпиадаларды өткізудің шұғыл қажеттілігі мен негізгі мектепке бағдарланған физикалық олимпиадаларды өткізу әдістемесінің болмауы арасындағы;
- мектеп оқушыларын физикалық олимпиадаларға қатысуға дайындау кезінде мұғалім шешуге мәжбүр болатын әдістемелік міндеттер мен негізгі мектеп оқушыларын олимпиадаларға даярлаудың мақсаттары мен мазмұнын әзірлемеу арасындағы қарама-қайшылықтар болып табылады.

Жоғарыда айтылғандар бір жағынан оқушылардың физиканы оқуға деген қызығушылығы мен қабілеттерін дамыту мәселелерін шешуде физикалық олимпиадалардың мүмкіндіктері арасындағы жалпыланған қайшылықтың болуы және екінші жағынан мектептегі физикалық білім берудің қазіргі кезеңінің ерекшеліктерін ескеретін ғылыми негізделген әдістеменің болмауы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Олимпиадалық жұмыстар проблемасын шешу мәселелері психологтар мен дидактиктердің Ю.К. Бабанский, Л.С. Выгодский, В.В. Давыдов, Е.Я. Лернер, Е.И. Машбиц, С.Л. Рубинштейн, В.В. Рубцов, Н.Ф. Тализиналардың ғылыми еңбектерінде қарастырған.

Пәндік олимпиадалардың мазмұндық және процессуальдық аспектілерін П.Л. Капица, А.Н. Колмогррова және т.б. зерттеген.

Физикалық олимпиадаларға Л.Г. Асламазова, Б.Б. Буховцев, А.Р. Зильбермана, О.Ф.Кабардин, В.И. Лукашик, О.Ю. Овчинников, В.А. Орлов және т.б. еңбектері арналған.

Отандық ғалымдардан Ж.Бейсеков, Н.Ф. Демина, Х.Қ. Лұқпанов, Ә.К. Омаров, Ж.Б.Қалтаевалар олимпиадалық есептердің шығару жолдары зерттелген.

Олимпиадалық қозғалыс мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік жұмыстардың идеялары мен нәтижелері біздің жүргізіліп жатқан зерттеулеріміздің негізін құрайды. Алайда, бұл жұмыстарда мектептегі физикадан білім берудің заманауи ерекшеліктерін ескере отырып, негізгі мектепте физика бойынша олимпиадаларды дайындау және өткізу әдістемесін әзірлеу мәселесі заман талабына сәйкес зертттелмеген, жетілдіруді талап етеді. Соған байланысты біздің жұмысымыздың зерттеу мәселесі ғылыми-әдістемелік негіздерді іздеу және негізгі мектептегі физика олимпиадаларының мазмұнды және процедуралық аспектілерін әзірлеуді болып табылады.

Физика пәнінен олимпиада бұл – оқушылардың білім жетістіктерін тексеру ғана емес, сонымен қатар стандартты емес тапсырмалар мен күрделілігі жоғары тапсырмаларды шешу бойынша білімді, дағдыларды, қабілеттерді, құзыреттерді шығармашылықпен қолдануда оқушылардың танымдық, эвристикалық, интеллектуалды-ізденіс сайысы екендігі белгілі [4].

Біздің ойымызша, олимпиадалар оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруда үлкен рөл атқарады. Атап айтсақ [1, 2, 5]:

1. Олимпиадаға қатысушылар әдетте куәліктер мен дипломдар алады. Бұл дұрыс өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектеседі және аттестатқа керемет қосымша болып табылады.

2. Пәндік олимпиада оқытылатын пәндерге қызығушылықты дамытады, дайындық кезінде, қосымша әдебиеттермен жұмыс жасауда оқушылардың көшбасшылығы мен дербестігін жандандырады; сыныптан тыс жұмыстарда белсенділікті дамытады, оқушыларды өздерінің бірегей, ерекше ішкі әлемін қалыптастыруға ынталандырады.

3. Олимпиадаларға қатысу өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға, үздіксіз шығармашылық ізденіске серпін болып табылады.

4. Олимпиадаларда қолданылатын стандартты емес тапсырмалар оқушыларды бейтаныс жағдайда жұмыс істеуге тән психологиялық жүктемелерді жеңуге, стандартты емес жағдайларда оңтайлы шығуды тез табуға үйретеді.

5. Олимпиада нақты материалды білуді ғана емес, сонымен қатар оларды стандартты емес тәсіл мен шығармашылық ойлауды қажет ететін жаңа жағдайларда тиімді қолдана білуге мүмкіндік береді.

6. Олимпиаданың әрбір қатысушысының алған тәжірибесі, әрине, негізгі мектеп бағдарламасына пайдалы қосымша, жеке пәндер бойынша өз білімдерін тереңдетуге ынталандыру болып табылады. Бұл оқушылардың ақыл-ойының кеңеюіне және интеллектуалды өсуіне ықпал етеді.

7. Осындай олимпиадалардың көмегімен оқушылар білімдерін өз бетінше тексере алады, өз деңгейлерін құрдастарымен салыстыра алады және т.б.

Физика олимпиадасына дайындық ұзақ мерзімді, кешенді, жүйелі болу керек, сонымен қатар ол толығымен оқыту әдістемесі мен бағдарлама бойынша да әдеттегі сабақтардан ерекшеленуі қажет.

Физика пәні 7-сынып оқушыларын қатты қызықтырады, сондықтан оларды физикаға деген белсенділігін арттыруда әр түрлі зерттеулермен, есептерді шешу әдістерімен қамтамасыз етіп, аралас әдісті қолданған маңызды. Сонымен қатар, физика пәнінен олимпиадаға дайындық принциптерін төменде келтіреміз:

- *еріктілік және интрузивтілік.* Мұғалімнің қызығушылықты ояту қабілеті, сондай-ақ пәнге деген сүйіспеншіліктің басталуына және сабақтың басталуына түрткі болуы. Дайындықтың бірінші кезеңінде дұрыс тапсырмалар мен жаттығуларды таңдау қажеттілігі туындайды.

- *оқытудың жоғары мотивациясы.* Оқуға деген ұмтылыс оқушының мотивациясымен тікелей байланысты. Мысалы, жо,ары сынып оқушыларының олимпиадалардағы сәтті көрсеткіштері, беделді оқу орнына түсу сабақтар үшін жеткілікті мотивация болып табылады.

- *білімнің ойлылығы мен жүйелілігі.* Барлық тапсырмалар ойластырылуы керек, өйткені олимпиадалық тапсырмалардың қарапайым жиынтығы әрқашан сәйкес келе бермейді. Сабақтардың жүйелілігі міндетті болып табылады. Бұл - іс-әрекетті ойластыруды, ұзақ мерзімді жоспарлауды қажет ететін ең күрделі және маңызды қағида. Жоспарлай білуден, таңдалған жолды ұстану қабілеті, жоспардың орындалуы және басталған істің сәтті аяқталуы байланысты болады.

Осылайша, барлық принциптерді ұстану және шығармашылық ойлауға мүмкіндік бере отырып, оқушыға білім беріп қана қоймай, оны физика мен физикалық құбылыстардың қызықты әлеміне батыруға болады. Егер оқушы бүкіл дайындық үдерісінің бір бөлігі болса және сырттан бақыламай, білімді тарту орталығы өзі болса, онда білім алушы интеллектуалды дами алады.

Әдебиеттер:

1. Жүсіпқалиева Ғ.Х., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Мектепте физика курсын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2012. – 195 б.

2. Демина Н.Ф., Омарова Ж.М. Физикадан олимпиадалық есептерді шығару әдістемесі. Оқу құралы. – Қостанай, 2016. – 112 б.

3. Лұқпанов Х.Қ., Муратов И.М. Физика пәнінен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінің тапсырмалар жинағы. – Орал, 2019. – 71 б.

4. Сырым Ж.С., Шуйншкалиева Г.С. Физикадан олимпиадалық есептерді шешудегі оқушылардың функционалды сауаттылығы. Оқу-әдістемелік құрал. – М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті РБО, 2021. – 51 б.

5. Иванова И.П. Сопровождение одаренных детей в условиях реализации ФГОС начального образования. Современные проблемы и перспективы развития психологии и социальной педагогика. Сборник научных статей. – Чебоксары: 2016. – 15-19 с.

ҒТАХР: 27.01.45

Ж.К. Мырзагужинова
2 – курс магистранты
Г.Е. Берикханова – ғылыми жетекші, ф.-м.ғ.д., профессор
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Қазақстан, Семей қ., Zhaina_94m1@mail.ru

ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Цифрлық құзыреттіліктер қашықтықтан оқыту жүйесі енгеннен кейінгі мұғалімнің түбегейлі жаңа, цифрлық ортада жұмыс істеуге мәжбүр болуымен және білім беру процесінің басқа қатысушыларымен: оқушылармен, басқа мұғалімдермен, басшылық және әкімшілікпен, сондай-ақ оқу процесіне қатысатын үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста болуына байланысты екенін түсіну өте маңызды [1].

Әр заманауи мұғалім меңгеруге тиісті негізгі цифрлық құзыреттіліктер:

1. *Ақпаратты іздеу және жұмыс істеу*. Қазіргі уақытта мұғалімдердің көпшілігі Интернеттен ақпаратты іздеу және талдау дағдыларын қалыптастырып үлгерді. Алайда, кейбір мұғалімдерді әлі де сандық мазмұн (контент) құруда қиындықтар бар.

2. *Интернет қауіпсіздігі*. Мұғалімдер өздерін және өз ақпараттарын Интернетте қауіпсіз сақтауды үйренуі керек. Өкінішке орай, көптеген мұғалімдер әлі күнге дейін киберқауіпсіздіктің маңыздылығын түсінбейді және шұғыл негіздерді үйрену керек.

3. *Ақпаратты және мәліметтерді басқару*. Ақпарат қауіпсіз сақталуы және дұрыс басқарылуы керек. Көптеген мұғалімдер бұлтты сақтау жүйесін қалай қолдануды білмейді, сонымен қатар үшінші тұлғалардың дербес деректері туралы заңнаманы қай уақытта бұзғанын білмейді.

4. *Сандық ортада оқытуды ұйымдастыру*. Өзіндік оқшаулау мен қашықтан оқытуды енгізгенге дейін мұғалімдердің жартысынан көбі сандық ресурстарды әр түрлі деңгейде қолданған. Осыған қарамастан, жағдай онлайн білім беруді үйренуді қажет ететін жұмыстың мүлдем жаңа форматы екенін көрсетті.

5. *Сандық ортадағы ынтымақтастық*. Сандық ортадағы ынтымақтастық – тиімді оқытудың кілттерінің бірі. Мұғалімдер білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестерімен цифрлық ынтымақтастық құралдарын игеруі керек.

6. *Сандық ортадағы байланыс*. Желіде оқыту үшін байланыс бірдей маңызды. Мұғалімдердің кейбірі бір байланыс қызметі шеңберінде бірнеше функцияларды қатар қолдануды жеңе алмайтынын, сонымен қатар олар үшін бірнеше қызметтермен және қосымшалармен бір уақытта өзара әрекеттесу қиынға соғатынын атап өтті.

7. *Белгісіздік жағдайындағы өзін-өзі дамыту*. Үнемі өзін-өзі дамыту, оқыту, біліктілікті арттыру, жаңа дағдылар мен құзыреттіліктерді меңгеру – кез-келген заманауи маманға қойылатын өзекті талаптар [1].

Оқытудың сапалы нәтижелеріне жетуге жағдай жасайтын және АКТ-ге негізделген оқыту дизайндарын зерттеуге бағытталды. Оқыту дизайнының басты элементтерін сипаттау үшін негізгі принциптері:

1) Білім алушылардың білімді игеруге атсалысуы
2) Оқыту контексіне мән беру
3) Білім алушының алдына қойылатын міндет

4) Практиканы қамтамасыз ету

Йонаесен жүйесі оқыту дизайндарын оқиғалар мен іс-шаралардан бастап, стратегиялық жоспарлауды, оқушылардың нәтижелеріне қарай шешімін табатын әрқилы әрекет түрлеріне негізделген ережелерді қолдануда көздейтін 11 проблемадан тұратын іс-шаралар немесе мәселелер кешені ретінде сипаттайды. Оқыту дизайнының бағыты ережелерге негізделген, оқиғаларға негізделген, стратегияларға негізделген, рөлге негізделген.

«Ережелерге негізделген дизайн» деп аталатын оқыту жобасының уақыттық бірізділігін көрсетілген. Ережелерге негізделген дизайндар негізінен қандайда бір ережелерді, процедураларды немесе алгаритмдерді қолдануды қажет ететін жабық тапсырмалар. Ережелерге негізделген оқыту міндеттері айнымалылары белгелі бір сюжетке негізделген тапсырмалар, нақты жағдайларды талдау жөнінде тапсырма беру.

«Оқиғаларға негізделген дизайнында» оқыту әрекеті іс жүзіне асады. Оқыту оқушыларға іс-шара мен оқиға туралы шешім қабылдауға тиіс әрекеттерге негізделеді. Оқиғаларға негізделген оқыту дизайндары оқушылардың өзара ынтымақтасуы және тәлімгер ретінде әрекет ететін мұғалімнің кері байланыс жасап, өз ойын бөлісуі арқылы жүзеге асады. Оқиғаларға негізделген оқыту міндеттері күрделі, әлі айқын емес тапсырамлар, шешімдерді қабылдауға арналған тапсырмалар қателерді жоюға арналған тапсырмала, диагностикалық шешімдер, стратегиялық міндеттер. Оқиғаларға негізделген оқыту дизайнының мысалы ретінде шынымен болатын мультимедиалық кейстерді келтіруге болады. Білім беру технологиялары пәні бойынша оқитын оқушылар оның аясында нақты бір клиентке арнап мультимедиалық пакет дайындап шығарады. Проблема шынымен болған екі оқиғаны жеке жазбаша жұмыс орындау арқылы шағын топтар ішінде және бүкіл топта талқылау арқылы зерттеледі. Интербелсенді мультимедиалық компакт-диск арқылы кадр артындағы оқиғалармен таныса алады. Шешімдерін дайындау үшін 3-4 адамдық топ ішінде бірлесе жұмыс жүргізеді. Оқу ортасы оқушыларға оқу құралдарына, компьтерлік зертханада, онлайн-пікірталастарға және файлдар қоймасына, топ жиналысына қатысу сынды мүмкіндіктерді қолдануға жағдай жасайды.

«Стратегияларға негізделген оқыту дизайндарын» күрделі және нақты белгіленген тапсырмалар, шешім қабылдауға арналған тапсырмалар, қателіктерді жоюға арналған тапсырмалар, диагностикаға байланысты шешімдер және стратегиялық тапсырмалар сынды іс-әрекет түрлері ерекшелейді. Стратегиялық проблеманың ерекшелігін анықтау, осы проблема жайлы ой түйіндеу арқылы оны жүзеге асыру тапсырмаларды орындаудың топтық немесе жеке процесі шешімдерін олардың нәтижелерін хабарлау және оқыту процесі жайлы ойлау сынды әрекеттер кіреді. Стратегияларға негізделген оқыту дизайнының мысалы ретінде математикалық бағалау стратегиясына арналған зерттеуді келтіруге болады. Оқушылар сан қилы стратегияның барлығын зерттейді, бірақ оны қалай қолдануға және әртүрлі стратегияға қатысты тікелей нұсқаулық берілмейді. Шынайы өмірде тапсырмаларға ұқсайтын екі құжат (жазбаша мәтін немесе хат) түріндегі бес тапсырма беріледі. Оқушылар тапсырмаларды зерттеу үшін компакт-дискіде берілген ресурстар мен жеке пікірлерін қолданады. Кейін олар жиналыс кезінде сөз сөйлеп, есеп беріп жатқандай өз қорытындыларын шынайы ортада ұсынады.

«Рөлге негізделген оқыту дизайнында» оқушылар шынай өмірдегідей рөлдерге ойнап отырып, нақты бір дағдылар мен білімдерджі игереді. Оқушыға рөл тағайындау, берілген рөлді түсіну үшін онлайн-диалог құру, шешім қабылдау дилеммасын көрсету, ой түйіндеу сынды іс-әрекеттер жатады [2].

Жоғарыда келтірілген оқыту дизайндарын Математика және Алгебра сабақтарында қолдану мысалдарын келтірейік.

Мысал – 1. у=2х-4 функциясының графигін салу [3].



f : y = 2 x

g : y = 2 x − 4

Ввод...

Мысал – 2. у= x^2-6х +8 функциясының графигін салу [3].



g: y = x²

f: y = x² - 6x

h: y = x² - 6x + 8

Ввод...

Мысал – 3. Excel бағдарламасы арқылы берілген мәліметтер бойынша

1. Кесте құру;
2. Орта мән табу;
3. Диаграмма құру керек [4].



N25

	A	B	C	D	E	F	G
1							
2						excel мен жұмыс	
3			1. Кесте құру				
4			2. Орта мән				
5			3. диаграмма құру				
6							
7		6-ә сыныбы					
8			I	II	III	IV	жылдық
9		қазақ тілі	85	86	85	90	87
10		орыстілі	65	70	75	74	71
11		ағылшын	60	62	60	64	62
12		математика	70	72	71	70	71

Қорытындалай келе оқыту дизайндарын сипаттау үшін біз жасап шығатын уақыттық бірізділік құрылымының оқыту дизайнын сипаттау кезінде аса маңызды элемент ретінде қарастырылатын сипаттамалық құралды ұсынады. Бұл жүйе тапсырамаларды, ресуртар мен қолдануды ұсына отырып, мұғалімді олардың арасындағы әркилы байланыстар мен уақыт тізбегіндегі түрлі позицияларды көрсететін оқыту тәжірибесіне қатысты жоспарға тиімді құралдармен қамтамасыз етеді. Оқытуға арналған нақты бір тұғыр, мәселен проблемалық оқыту кезінде жоба мүшелері уақыттық бірізділік құрылымын қолдануға қатысты мүлде әртүрлі пікірді ұстанады. Оқушыларға қажет болатын нақты тапсырманы сипаттауды әр мұғалім әр түрлі түсінуі мүмкін. Бір мұғалім тапсырманы проблеманы анықтау деп көрсетсе, екінішісі мазмұнды дайындап шығару және оны түсіну, кейін зерттеу үшін тұғыр жасап шығару деп көрсетуі мүмкін. Оқыту параметрлерінің толық сипаттамасы қажет [2].

Әдебиеттер:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы. – Кіру режимі: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/history
2. Элен Битэм Рона Шарп Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. – 2019. – 120 б.
3. Солтан Г. Алгебра жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқулығы «Келешек 2030 ЖШС». – 2018. – 106 б.
4. Алдамұратова Т.А., Байшоланова Қ.С., Байшоланов Е.С. «Математика» жалпы білім беретін мектептің 5 сынып оқылығы. – Алматы: Атамұра, 2017, – 165 б

ҒТАХР: 20.01.45

Ш.Ұ. Асқар, А.Р. Сыдықова, Б.Н. Кузембаева
«СЕМЕЙ қаласының ШӘКӘРІМ атындағы университеті» КЕАҚ
Қазақстан, Семей қ., shyraika.96@bk.ru

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Информатика саласы үнемі дамып келеді және оқытушылар оқытудың соңғы технологиялары мен әдістеріне ілесуі керек. Оқытудың белсенді әдістері – бұл оқушыларды тартуға және олардың информатика ұғымдарын түсінуіне ықпал ететін тәсілдердің бірі.

Оқытудың мультимедиялық әдістері оқушыларды үйренгендерін қолдануды талап ететін іс-шаралар арқылы оқу процесіне тартуды қамтиды. Бұл іс-шараларға топтық жұмыс, пікірталас, пікірталас, модельдеу және практикалық жобалар кіруі мүмкін. Оқытудың белсенді әдістері сыни ойлауды, ынтымақтастықты және информатикада табысқа жету үшін қажет мәселелерді шешу дағдыларын дамытады.

Оқытудың белсенді әдістерінің тиімділігі:

Оқытудың мультимедиялық әдістері информатиканы оқыту нәтижелерін арттыруда тиімді екендігі дәлелденді. Зерттеулер көрсеткендей, белсенді оқу іс-шараларына қатысатын оқушылар пассивті әдістермен оқитындарға қарағанда емтихандарды жақсы орындайды және материалды жақсы түсінеді. Оқытудың мультимедиялық әдістері оқушыларды тартуға, ынталандыруға және білімді сақтауға ықпал етеді.

Фриман және басқалар жүргізген бір зерттеуде. (2014), STEM курстарында белсенді оқыту әдістерінің тиімділігі зерттелді (ғылым, технология, инженерия және математика). Зерттеу көрсеткендей, белсенді оқу ортасындағы оқушылар дәстүрлі дәріс сабақтарына қарағанда жақсы нәтиже көрсетті. Принстің (2004) тағы бір зерттеуі оқытудың белсенді әдістері оқушылардың сыни ойлауы мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытуда тиімді екенін көрсетті. [1]

Информатиканы оқытудың мультимедиялық әдістерінің мысалдары:

Информатика сабақтарында қолдануға болатын бірнеше мультимедиялық оқыту әдістері бар. Бір мысал-жобаларға негізделген оқыту, онда оқушылар нақты мәселелерді шешу үшін командаларда жұмыс істейді. Тағы бір мысал-жабық сыныпта оқыту, мұнда оқушылар сабақтан тыс уақытта бейнелерді көреді немесе материалдарды оқиды және практикалық сабақтар мен пікірталастарға қатысу үшін сабақ уақытын пайдаланады.

Тағы бір мысал – оқушылардың сұрақтарға жауап беру және бір-біріне ұғымдарды түсіндіру арқылы жұпта жұмыс істегенде құрдастарын оқыту. Бұл ынтымақтастыққа ықпал етеді және студенттерге материалды жақсы меңгеруге көмектеседі. Сонымен, геймификация-бұл оқушыларды оқу процесіне тарту үшін ойын элементтерін қолданатын белсенді оқыту әдісі. Бұған марапаттар, белгішелер және көшбасшылар тақтасы кіруі мүмкін. Ал менің тәжірбиемде белсенді оқыту мен интерактивті оқытудың бірігуін инновациялық технология деп санаймын. Информатика пәнінде инновациялық технологияларды пайдалану бұл мұғалімнің жаңашылдығы болып табылады. [2]

Инновациялық әдіс-тәсілдерге мыналар жатады:

- Word wool;
- Classroomscreen;
- Canva;
- Learningapps;
- Joyteka
- Umaigra
- Kahot
- Qazmath
- Educaplay
- Formative
- Proprofs
- Bookwidgets
- Miro
- Answergarden
- Genially
- Classtools.net
- Unisender

Word wool – платформасы сабақтың өткен білімді іске алу өте тиімді. 1-9 сынып арасында бұл платформа көптеп қолданысқа ие. Платформаның артықшылығы ретінде түрлі тапсырмалар орындатуға, олардың әртүрлілігін қамтамасыз етуге болады. Үлгінің көпшілігі интерактивті және баспа нұсқаларына қол жетімді. Интерактивті компьютер, планшет, телефон немесе интерактивті тақта секілді веб-интерфейсі бар кез келген құрылғыда ойнатылады. Оларды студенттердің өздері немесе мұғалімнің жетекшігімен студенттер сабақ алдында кезек-кезек қайталай алады. Басып шығаруды жай басып шығаруға немесе PDF файлы ретінде жүктеуге болады. Оларды интерактивті немесе тәуелсіз оқу тапсырмаларында көмекші материал ретінде пайдалануға болады.

Тапсырмалар арнайы шаблондар арқылы жасалады. Викторина және Кроссворд сияқты тапсырма жүйесі таныс классиктерге кіреді. Сондай-ақ платформада лабиринтті қуу және ұшық секілді ойындары бар. Сабақ үстінде оқушыларды басқару құралдары да бар. Жаңа тапсырманы жасау үшін алдымен дайын үлгіні таңдап, содан кейін мазмұнды енгізе аласыз. Бұл қарапайым және бірнеше минут ішінде толық интерактивті әрекет жасайтыңызды білдіреді. Үлгіні ауыстыру – тапсырма жасалғаннан кейін оны бір рет басу арқылы басқа үлгіге ауыстыруға болады. Бұл сізге уақыт үнемдейді және мамандандыру мен оқушылардың қызығушылығын күшейтуге үшін өте тиімді.

Мысалы, егер сіз кескін атауларына негізделген сәйкестендіру бойынша оқу тапсырмасын жасасаңыз, оны дәл сол пішін атауларымен кроссвордқа айналдыра аласыз.

Сол сияқты, платформа ішінде ресурстарыңызды викторинаға немесе сөз іздеуге айналдыра аласыз және басқа да көптеген мүмкіндіктері бар. Оқушыларға тапсырмалар – Wordwall платформасымен оқушыларға тағайындалған тапсырмалар ретінде пайдалануға болады. Мұғалім тапсырма берген кезде оқушылар сабақтың басты бетіне кіруге алаңдамай, дәл осы сабаққа барады. Бұл мүмкіндікті сутденттер өз құрылғыларына қол жеткізе алатын сабақта немесе үй тапсырмасы ретінде пайдалануға болады. Әр оқушының нәтижелері тіркеліп, мұғалімге беріледі. Мұғалімдермен бөлісу – сіз жасаған кез-келген тапсырмаңыз жалпыға қол жетімді. Етуге болады. Біз сізге электронды пошта, әлеуметтік медиа немесе басқа құралдар арқылы сабақ бетіне сілтемені бөлісуге мүмкіндік береді. Бұл сонымен қатар басқа мұғалімдерге іздеу нәтижелерінде біздің қоғамдастықта сабақ табуға, оны ойнауға және дамытуға мүмкіндік береді. Қаласаңыз, тапсырмаларыңызды жеке сақтауға болады. Яғни оған тек сіз қол жеткізе аласыз.

Classroomscreen – бұл әр түрлі мүмкіндігі бар электронды тақта. Мен Classroomscreen платформасын жаңа сабақты электронды тақта ретінде қолдандым.Classroomscreen – сыныпта оқыту мен оқуға қолдау көрсету. Мұғалімдерге оқушылармен жұмыс істеуге көмектесуін жеңілдету және олардың назарын өз мүмкіндіктеріме аударуға көмектеседі. Classroomscreen бастапқы нүктесі бүкіл әлем бойынша мұғалімдерге, соның ішінде білім беру бағдарламалық құралын пайдалануға сенімсіз болуы мүмкін мұғалімдерге оңай және қолжетімді құралды ұсыну болып табылады. Нидерланды Лоренс Копперс жаратылыстану пәнінің мұғалім. Оның байқағаны «Егер оқушылар өз сабағында не істеу керектігін және қандай жағдайда нестеу керектігін білсе, бұл оларға сынып материалын меңгеруге көмектеседі. Ол тақтаға жазудың орнына оқу нұсқауларын түсінікті және тартымды ету үшін сандық құралды қалайды». Сондықтан ол Classroomscreen бағдарламасының бірінші нұсқасын жасады; анық жұмыс белгілері бар қарапайым веб-сайт, мәтіндік жолақ және таймер. Басқа мұғалімдерден алған пікірлерімен Лоренс Classroom экранын жақсартты және көбірек мүмкіндіктерді қосты. 2019 жылы Лоренстің көршісі Себастьян араласты. Қауіпсіз және интерактивті веб-қосымшаларды жасаудағы тәжірибесінің арқасында олар Classroomscreen экранын одан әрі қайта жасап, жақсарта алады. Бірге және бүкіл әлемдегі пайдаланушылардың көмегімен олар Classroomscreen экранын әр сынып үшін ең жақсы экранға айналдыру бойынша жұмысты жалғастыруда. Classroomscreen бастапқы сынып ішінде оқуға арналған. Дегенмен, ол қашықтан оқытуда мұғалімдерге қолдау көрсете алады.

Сабақ кезінде пайдалы мүмкіндіктері:

1. Веб-камера (медиа виджеті) – экранын ортақ пайдалану кезінде медиа мүмкіндігінде веб-камераны қосуға болады.
2. Бағдаршам – сабақ кезінде қалай пайдалану керектігін туралы оқушылармен келісіп немесе қандай бағытқа пайдалануды өзіңіз шешесіз. Мысалы: қызыл түс – оқушылардың тапсырмасын тоқтатуын білдіруі, жасыл түс-тапсырманы орындауға кірісуге бағдар беруші ретінде пайдалана аласыз.
3. Сурет салу-бір нәрсені жылдам салу немесе түсіндіру үшін сурет салу құралын пайдалана аласыз. Оны толық экран немесе шағын терезе ретінде пайдаланыңыз.
4. Кездессоқ – бұл оқушылардың есімін кездессоқ таңдап беруге таптырмас құрал. Өткен сабақты пысықтау немесе жаңа сабақта тапсырма беріліп тақтаға шығатын оқушы таңдап алуыңызға болады.
5. Дыбыс сатысы – бұл оқушыларды тыныштандыруға арналған құрал.
6. Сурет-тақырыпқа сәйкес суреттерді таңдап тақта бетіне шығаруға болады.
7. Мәтін – сабақ тақырыбын немесе тапсырма жазуға арналған құрал.
8. Іс-әрекет (рабочие символы)-тапсырма жасау кезінде оқушылардың іс-әрекетін басқаруға арналған құрал. 4 мүмкіндігі бар.

Олар:

- Тыныштық;
- Сыбырлау;
- Жанындағы көршіден сұрау;
- Бірге жұмыс жасау;

LearningApps.org – шағын, жалпыға қолжетімді интерактивті модульдер (бұдан әрі – жаттығулар) арқылы оқыту мен оқытуды қолдауға арналған. Бұл жаттығулар онлайн режимде жасалады және оларды кейін оқу процесінде қолдануға болады. Мұндай жаттығуларды жасау үшін сайт бірнеше үлгілерді ұсынады. (жіктеу жаттығулары, бірнеше таңдау тестілері және т.б.). Бұл жаттығулар толық оқу бірліктері емес және оқу сценарийіне біріктірілуі керек.

Joyteka – бес онлайн сервис, жеке тапсырмалар және жаттығу кезіндегі жарқын эмоциялар. Оқушыларыңыз үшін қызықты сабақ жасай аласыз. Қашықтықтан және бетпе-бет оқытуға мүмкіндік қарастырылған. Тіпті оқытудың әртүрлі формаларына арналған:сыныпта сабақ өткізуден қызықты үй тапсырмасын беруге дейін. Joyteka кез келген құрылғы да онлайн режимінде қолжетімді. Компьютерге бағдарламалар орнатудың немесе бағдарламалау дағдыларының болуының қажеті жоқ. Кез келген тақырып бойынша жеке тапсырмаларды жүктеуге болады. Joyteka қызметтері материалды меңгеру процесіне қатысады. Ойын және интерактивті технологиялардың арқасында оқуышлардың ынтасы артады.

Танымдық ойын түрлері:

– Квест – тапсырмаларыңызды енгізе отырып оқушыларды қызықты білім әлеміне ендіре аласыз.

– Бейне веб-қызметі – жаттығу бейнесін көргенде белгіленген жерден сұрақ немесе тестті құрастыра аласыз.

– Викторина – танымал және тиімді ойын форматы.

– Шарттар – ұсынудың ең жақсы тәсілі туралы ойлану үйренген терминдерді қайталауға арналған ойын түрі.

– Тест – білімдерін тексеру қызметі. Әртүрлі сұрақтармен тесттерді жылдам және оңай жасай аласыз.

Umaigra – мектептерге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеудегі көп жылдық тәжірибесн негізделген, балаларға арналған дидактикалық ойындарды жасау, басып шығару және орындаудың жаңа онлайн жүйесін ұсынатын қашықтықтан оқыту жобасы. Umaigra негізгі бөлігі – дидактикалық мазмұнды, оның ішінде мәтіндер мен суреттерді дайындау және енгізу болып табылады. Бұл жобада 5 прототивтік сценарийден тұрады, оның аясында мұғалім өзінің дидактикалық ойындарын жасай алады.

Дидактикалық ойын түрлері:

1. Пойызға отырыңыз;
2. Ұры мысық;
3. Сиқырлы сарай;
4. Әуе саяхаты;
5. Футбол

Kahoot – викториналар және білім беру ойындарына арналған танымал оқу платформасы. Kahoot негізгі режимі – бұл викторина жасау режимі. Жақында оған тағы бірнеше керемет мүмкіндіктер қосылды.

Qazmath – көптеген мүмкіндіктері қарастырылған қазақстандық сайт. Платформаның артықшылығы ретінде түрлі тапсырмалар орындатуға, олардың әртүрлілігін қамтамасыз етуге болады және түрлі студенттермен, мұғалімдерге көмегі өте зор.

Educaplay – онлайн платформа, жаңа функцияларымен ерекше. Анықтамаларға мультимедиялық элементтерді қосып, кез келген алфавит түрін пайдалануға болады. Көптеген мүмкіндіктері бар. Олар:

1. Froggs Jumps;
2. Unscramble Letter;
3. Сөздерді ашу;
4. Бос орындар және т.б.

Bookwidgets – бұл өзіңіздің жеке бөлмеңіз болады, әр оқушының сіз дайындаған жұмыстарын көре отырып, бағасын қоя саласыз. Оқушылар тапсырманы қайта оралуы керек сұрақтарды көрсету үшін виктроинадағы, жұмыс парағындағы немесе бөлінген жұмыс парағындағы сұрақтардың жанынан жұлдызша таба алады.

Miro – бұл ментальді карта. Менталды карта арқылы біз информатика қайдан пайда болғанның, компьютердің даму кезеңдерін түсіндіруге арналған таптырмас құрал.

Answergarden – жаңа минималистік кері байланыс құралы. Оны нақты уақыттағы аудиторияның қатысуы, онлайн миға шабуыл және сыныптағы кері байланыс үшін пайдалануға тиімді. Твитте орналастырып немесе оны сауалнама немесе қонақ кітабы ретінде пайдалану үшін оны веб-сайтыңызға немесе блогыңызға ендіруге болады. Answergarden де көптеген әртүрлі пайдаланушылар бар: сынып, конференция және корпоративтік аудиотариялар, шығармашылық топтар, онлайн топ. Answergarden білім беру, кәсіби және шығармашылық мақсаттарға сай, дербес және ендірілген және бір қарағанда мыңдаған жауаптарды көрсетеді [4].

Осы SMART әдістері арқылы оқыту жеңіл түрде жеткізіп, оқушыларды қызықтыра аламыз. SMART технологиясы қазіргі заманғы оқытуда ерекше рөл атқаратыны белгілі. Ол ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында қолданылатын жаңа құралдың бірі – бағдарламалық-техникалық кешен болып табылады. Бұл кешен білім беру үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап SMART жүйесі. SMART жүйесі арқылы кез келген педагог өзіне қажетті оқу материалдарын электронды түрге аудара алады, сабақты көрнекі түрде өткізе алады. Сондықтан оның мүмкіндіктерін жан-жақты білу мен оларды қолданудың әдістерін үйрену білім сапасын жоғарылатуға жасалған қадам деуге болады. Сабақ кезінде мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне, құжаттарды және ғаламтор ресурстарын қолдана алады. Кез келген пән бойынша өте тиімді, ойлау және ойын қысқа әрі түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттырып, өз ойларын жаңа технологиялар құралдары көмегімен жүзеге асыруын қамтамасыз ететін интерактивті тақта арқылы оқыту білім сапасын, оқушының ынтасын, қабілетін ашуға зор әсер ететіні сөзсіз.

Жалпы білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге мән беру барысында мұғалімдер мемлекеттік стандартта берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманы шеше алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық – дамытушылық функцияны атқара алатындай болуы керек.

Әдебиеттер:

1. Досжанов Б.А. Мультимедиялық технологиаларды пайдалану арқылы оқыту үдерісін жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайын.дис.автореф. – Түркістан: 2007. – 30 б.
2. Бидайбеков Е.Ы., Лапчик М.П., Нұрбекова Ж.К., Сағымбаева А.Е., Жарасова Г.С., Оспанова Н.Н., Исабаева Д.Н. Информатиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 2014.
3. Байжұманов М.Қ., Жапсарбаева Л.Қ. Информатика. – Астана, 2020. – 232 б.
4. Хакимова Ж. Қазіргі заманғы технологияларды қолдану.

ҒТАХР: 27.29.15

Л.М. Кыдыралина*, Қ.М. Нұртаева[2]

**PhD, қауымдас.проф.м.а., «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қ., Қазақстан*

[2]магистр, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қ.,

kuralai_n_kz@mail.ru

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Аңдатпа: *Мақалада информатика бойынша сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мазмұны қарастырылған. Авторлар пәндік салаға байланысты сабақтан тыс жұмыстарды түбегейлі жүргізу аспектілерін зерттеген. Мақалада М.И. Башмаков пен Е.Ы. Бидайбековтың еңбектеріндегі сабақ тыс оқытудың принциптері мен ерекшеліктеріне талдау және шолу жасалған. Мақалда сабақтан тыс жұмыстың негізгі мақсаттары және принциптері жіктелген. Сондай-ақ, оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетінің мазмұнына қойылатын жалпы талаптардың ерекшеліктері аталып өтілген.*

Түйінді сөздер: *сабақтан тыс жұмыстар, информатика, принцип, мектеп, оқыту әдістемесі, зерттеу.*

Кіріспе. Қазіргі кездегі жүргізіліп жатқан білім беру жүйесін қайта құру әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге бейімделе алатын, психологиялық, педагогикалық негіздері тұрақты, байыптауға қолайлы жаңа сипаттағы үлгілерді қалыптастыруға сипатталған. Яғни, оқушыларға тек белгілі бір білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оқытудың әдістері мен құралдарын пайдалана отырып, жастарды жан-жақты тәрбиелеу, олардың жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін басты орынға қою қажет.

Негізгі бөлім. Информатиканы оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселелердің бірі – сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады. Олай дейтін себебіміз оқушылардың шығармашылық қызметінің дамуы көбінесе сабақтан тыс жұмыстар барысында жүзеге асады. Оқыту барысындағы оқушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздық шығармашылығы, оны арнайы басқарудың маңыздылығын кезінде Сократта атап көрсеткен. XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан мектепте, арнаулы оқу орындарында оқытылатын информатика пәнінің орны ерекше және оны сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында жүзеге асады. Дәстүрлі оқыту пәндерінен жүргізілетін сабақтан тыс жұмыс түрлерін информатика пәнінен де ұйымдастырылады.

Сабақтан тыс іс-шаралар жеке тұлғаны дамыту бағыттары бойынша көркемсурет студиялары, спорт клубтары мен секциялары, жасөспірімдер ұйымдары, өлкетану жұмысы, ғылыми-практикалық конференциялар, олимпиадалар, іздестіру және ғылыми зерттеулер, қоғамдық пайдалы тәжірибелер, әскери-патриоттық бірлестіктер сияқты нысандарда және сабақтан басқа нысандарда ұйымдастырылады. Білім беру процесіне қатысушылардың таңдауына сәйкес ерікті негізде.

Осылайша, білім беру стандарты тек қажеттілікті ғана емес, іс жүзінде – сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу міндеттілігін көрсетеді. Бұл ретте оны (атап айтқанда, «Информатика» пәніне қосымшада) оқу жұмысының ғылыми-зерттеу және жобалық нысандарын іске асыру бағытында жүргізу ұсынылады, алайда сабақтан тыс уақытта оның дәстүрлі сабақтан өзгеше кез келген басқа нысандарын білім алушылардың таңдауы бойынша және білім беру мекемесі басшылығының келісімі бойынша ерікті негізде іске асыру мүмкіндігі көрсетілген.

М.И. Башмаковтың зерттеу еңбегінде сабақтан тыс жұмыстың негізгі мақсаттары төмендегідей сипатталады:

✓ ақпараттық технологиялар құралдарының көмегімен оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

✓ ақпараттық технологияларды үйренуге және қолдануға байланысты оқушылардың қызығушылықтары мен сұраныстарын қанағаттандыру;

✓ оқушылардың бойында ашық ақпараттық қоғамның дүниетанымын қалыптастыру;

✓ Ақпараттық технологиялар құралдарының көмегімен білімді өз бетінше игеруді қалыптастыру;

✓ «ақпараттық қоғам» тұлғасын дайындау;

✓ мектепті бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға тарту.

М.И. Башмаков осы сабақтан тыс жұмыстың мақсаттарын негізге ала отырып информатика бойынша оқушылардың сабақтан тыс жұмысын келесі принциптерге бөледі:

Оқытуды өмірмен байланыстыру принципі. Бұл принципті жүзеге асыру мектеп оқушыларының информатикадан сабақтан тыс жұмыстары мен баланың өмір сүру жағдайлары мен іс-әрекеттері арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың коммуникативті белсенділік принципі. Информатика бойынша оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетіндегі оқушылардың жоғары коммуникативті белсенділігінің алғышарты – бұл ең қызықты және қол жетімді қызмет түрін таңдау мүмкіндігі: достармен хат алмасу, кітап оқу, пән бойынша дағдыларды дамыту және т.б. Коммуникативті белсенділікті ынталандыру үшін әр түрлі іс-шаралар ғана емес, сонымен қатар оның мазмұнының да маңызы зор. Оқушыларға белгісіз жаңа материалдарды пайдалану, олардың танымдық құндылығы мен көңіл көтеруі қарым-қатынасқа қажеттілікті тудырады және оның сапалық деңгейін арттырады.

Сабақтан тыс жұмыстың сабақтастық принципі. Сабақтан тыс жұмыста да, сабақта да білімді, дағдыларды саналы түрде қолдануға қол жеткізу керек. Баланың компьютерге деген қызығушылығын қалыптастыру көбінесе пайдаланылған материалдың мазмұнын түсінуге, оқушылардың оны өз іс-әрекніне қосуға дайындығына байланысты. Информатика сабағы мен сабақтан тыс жұмыстың сабақтастығы тақырыптың, формалардың және жұмыс әдістерінің қайталануын білдірмейді. Бағдарлама бойынша зерттелетін тақырыптардың әрқайсысының аясында оқушылар үшін үлкен қызығушылық тудыратын ішкі тақырыптарды бөлуге болады. Бұл ішкі тақырыптардың мақсаты-бағдарламалық тақырыпты нақтылау, оны балалардың мүдделеріне мен жағдайларына жақындату. Сабақтан тыс жұмыс тақырыбындағы осындай байланыстарды біртіндеп кеңейту практикалық, жалпы білім беру және тәрбие міндеттерін шешуге қолайлы жағдай жасайды.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру принципі. Информатика бойынша оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетінің тиімділігі көбінесе оның мазмұнының, формалары мен әдістерінің информатиканы оқу кезеңдеріне және оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігімен анықталады. Оқушылардың типтік жас ерекшеліктерін білу және есепке алу мұғалімге информатика бойынша оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін перспективалық жоспарлауға, оның міндеттері мен әр кезеңде ұйымдастыру тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ұжымдық, топтық және жеке жұмыс формаларын біріктіру принципі. Ұжымдық, топтық және жеке жұмыс түрлерінің шебер үйлесімі мұғалімнің оқушылар контингентін, олардың қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін, жоспарларын жақсы білуіне негізделген. Бұл серіктестерді оңтайлы таңдауға, олардың рөлдерін бөлуге мүмкіндік береді. Жеке, топтық және ұжымдық іс-шаралар бір-бірімен органикалық түрде үйлесуі керек. Осыған байланысты жеке және топтық іс-әрекеттің белгілі бір кезеңінде ұжымдық қызметке қосу ең қолайлы болып табылады, нәтижесінде жеке мотивтер мен тәжірибелер ұжымның мотивтері мен тәжірибелерімен біріктіріледі. Бұл принцип жобалық қызметті жүзеге асыру кезінде, ұжымның алдында бірыңғай жоба құру міндеті тұрған кезде оңай жүзеге асырылады, бірақ әрқайсысы жеке немесе қатысушылар тобымен шешілетін ішкі міндеттерге бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Информатика пәнінен оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін дайындау мен өткізудегі пәнаралық байланыстар принципі. Бұл принциптің мәні, біріншіден, мектептің бүкіл оқу-тәрбие процесінің түпкі мақсатының бірлігі – жан-жақты дамыған, үйлесімді тұлғаны қалыптастыру, екіншіден, тәрбиелеу және оқыту мүмкін емес адамның рухани болмысының бірлігі. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруда өскелең ұрпақты оқыту және тәрбиелеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға жүйелі көзқарас талаптарының бірі іске асырылады. Осы талапты ескере отырып, Информатика бойынша оқушылардың сабақтан тыс жұмыстары оқшауланбай, басқа оқу пәндерімен тығыз байланыста жүргізілуі керек. Презентациялар, баяндамалар, графикалық бейнелер, сайттар жасау кезінде география, тарих, әдебиет және басқа пәндер бойынша қызықты материалдарды пайдалану информатика бойынша оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін байытады, оқушылардың оған деген қызығушылығын және оны өткізу сапасын арттыруға ықпал етеді.

М.И. Башмаковтың зерттеу еңбегіндегі сабақтан тыс жұмыстың мақсаты мен принциптері оқушылардың өзіне сенімділігін, өзін дұрыс бақылауын қалыптастырады, сонымен қатар әртүрлі жұмыстар оқушының іс-тәжірибесі мен дағдысын, білімі мен біліктілігін арттыруға бағытталған.

Е.Ы. Бидайбековтың Информатиканы оқыту әдістемесінде информатика бойынша оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарында мазмұнды таңдауға айтарлықтай әсер ететін жоғары мамандандырылған міндеттер шешіледі. Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетінің мазмұнына қойылатын жалпы талаптарға келесі ерекшеліктерді жатқызған:

✓ ақпараттық технологияларды қолданудың әлеуметтік бағыты;

✓ информатика және компьютерлік бағдарламалар бойынша зерттелетін бөлімдердің өзектілігі;

✓ информатика бойынша оқушылардың сабақтан тыс және сабақтан тыс іс-әрекеттерін интеграциялау.

Сондай-ақ, мектептегі білім беруді дамытудың қазіргі кезеңіндегі сабақтан тыс іс-шаралар мыналарды қамтуы керек екенін атап өткен жөн:

- тілдің мүмкіндіктерін зерттеу (мысалы, сілтемелер, көрсеткіштер және т.б.);
- техникалық жоғары оқу орындарының информатика курсынан өтуге дайындалу үшін әр түрлі қиындық деңгейіндегі міндеттерді шешу;
- жаңалықтар блогы түріндегі заманауи технологиялық жетістіктерді қамту;
- зерттеу жұмыстарына қатысу.

Сыныптан тыс кезіндегі информатикадан шығармашылық қабілеттіліктің даму тәсілдері осы салада жинақталған педагогикалық тәжірибеге, нақты педагогикалық материалдарды ұйымдастыруға, оқыту тұжырымдамасына, дидактикалық принципке байланысты екені көрініп тұр.

Қорытынды. Сабақтан тыс жұмыс жүйесі оқушылардың жоғары білім беру орындарында оқуға сапалы дайындығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ білім беру процесінің әрбір субъектісінің кәсіби жеке дамуына және оның кәсіби өсуі мен өзін-өзі дамытудың одан әрі траекториясын анықтауға ықпал етеді. Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру кезінде жоғарыда айтылған екі ғалымның зерттеу жұмыстарына негізделе отырып сабақтан тыс жұмыстың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын дұрыс айқындау керек. Жоғарыда қарастырылған сабақтан тыс жұмыстың ерекшеліктері мен принциптерін қорыта келе, сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігіне негіз бола алады. Атап айтқанда, сыныптан тыс жұмыс құрылымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс-әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу-танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен іс-әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі. Ұтымды ұйымдастырылған сабақтан тыс жұмыстар оқушы тұлғасының дамуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Башмаков М.И., Горяев М.А. Развитие внеурочной деятельности методами продуктивного обучения. – Режим доступа: https://cyberleninka.ru/article/v/razvitie-vneurochnoy-deyatelnosti-metodami-produktivnogo-obucheniya

2. Бидайбеков Е.Ы., Лапчик М.П., Нұрбекова Ж.К., Сағымбаева А.Е. Жарасова Г.С., Оспанова Н.Н., Исабаева Д.Н. Информатиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 2014. – 79-80 б.

3. Информатика негіздері журналы. – №2. – 2020. – 19 б.

4. Семакин И.Г., Хеннер Е.К., Шестакова Л.В. Информатика и ИКТ профильный уровень. – Москва: БИНОМ, 2011. – 122 с.

5. https://cloud3.college.edu.kz/uploads/850814400612/f62b16844d229a0.pdf

---

ҒТАХР: 27.01.09

Н. Отанбекова – 1 курс магистранты
Г.Е. Берикханова – ф.-м.ғ.д., профессор, ғылыми жетекші, otanbekovan@mail.ru
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ

АРИФМЕТИКА МЕН АЛГЕБРАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Әр ғылымның дамуына байланысты өздеріне тән ерекше тарихы болады. Сол ғылымдардың тарихын білмей, оның жалпы теориясын, практикадағы маңызын және өмірмен байланыстығын жете түсіну қиын болар еді. Сондықтан орта мектепте оқытылатын математиканың тарихи мағлұматтарына ерекше көңіл бөлген жөн. Себебі қазіргі таңда көптеген оқушылар математиканың қыр-сырын білгісі келеді. Оқушылардың білімін әрі қарай жетілдіру үшін олар меңгеріп жатқан ғылым саласының тарихын білу оқушылар үшін ауадай қажет деп есептейміз. Кейбір тараудың соңында берілген қысқаша тарихи мағлұматтар оқушылардың математикаға қызығушылығын арттырып қана қоймай, әр математикалық терминдерді терең түсінуге, олардың шығу тарихын біле отырып, ой өрісін кеңейтуге көмек болады. Бірақ, бұл ақпараттар ауқымы жеткіліксіз. Сондықтан мақалада кейбір тақырыптар үшін тарихи ақпараттарды «Математика» сабағы барысында қолдану әдістері беріледі.

Орта Азия халықтарының мәдениеті мен ғылымы VIII ғ. бастап өркендей бастады. Орта Азия VII-VIII ғ. арабтардың жаулап алу нәтижесінде құрылған алып империяның құрамында болды. Жаңа құрылған жас мемлекетте қолөнер, сауда және ғылым өркендеді. Арабтар көптеген елдермен, соның ішінде Византия және Үндістанмен тығыз қарым қатынаста болды және екі ел арасында сауда-саттық жақсы дамыды. Орта Азия мен Кавказ елінің математик ғалымдары позициялық санау жүйесін және Грекия мен Үндістаннан алған математикалық білімдерін кеңінен насихаттап, ғылымды өз жаңашылдықтарымен байытты [1].

Атақты Хорезм математигі және астрономы Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми ислам елінің барлық ғалымдары сияқты өз еңбектерін араб тілінде жазған. Әл-Хорезмидің жалпы бес еңбегі сақталған, оның бірі арифметикаға арналған еңбек. Соңғы еңбегі латын тіліне аударылған. Ең алғашқы араб тілінде жазылған әл-Хорезмидің арифметика жайлы еңбегі Еуропада ондық жүйеге негізделген арифметиканың «алгоритм» деп аталуы үлкен рөл атқарды. Қазіргі таңда «алгоритм» немесе «алгорифм» терминдері математикада жиі қолданылады. Және «алгоритм» термині әл-Хорезмидің есімімен тығыз байланысты. Олай болса, арифметика көмегімен белгілі бір тәртіппен сандар тізбегін амалдар қолдану арқылы шығаруға болады (1-сурет) [2].



1-сурет – Әл-Хорезмидің кітабындағы көбейту кестесі

Бұл қысқаша мағлұматты 5-сыныптың математика кітабының 1-бөліміндегі «Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану» тақырыбына қолдануға болады [3]. Сонда оқушылар арифметика терминімен кеңінен танысады және білімін толықтырады.

Батыс Еуропада арифметика XI ғасырға дейін Никомаха кітабымен оқытылды. Арифметикалық амалдар немесе есептеулер тек саусақтардың көмегімен немесе абақпен орындалған. X ғасырда көрнекті европалық математик, француз монахы Герберт абақ құралын жетілдірді. Ол абақ құралында тастардың орнына өзі ойлап тапқан сандар жазылған жетондарды қолданды. Герберт сандарды «апекса» (латын тілінен apices-бірнеше мағыналы және жазылған деген мағынада) деп атады. Кейбір ғалымдардың айтуынша, біз қолданып жүрген сандар осыдан келіп шыққан. Апексалық абақ кеңінен қолданылмады, тек шіркеулік мектептерде ғана қолдау тапты (2-сурет) [5].

Бұл ақпараттың оқушылар үшін маңызы өте зор. Яғни, олар арифметикалық амалдарды тек саусақтар көмегімен ғана есептеуге болады деген қате сенімде болмауы тиіс. Санау үшін ерте заманда абақ құралын пайдаланғанын да білуге міндетті.



2-сурет – Герберттің абақ құралы және абақшылар

5-сынып математикасы оқушылар үшін математика ғылымының іргетасы. Сол себепті 5-сыныптан бастап оқушылардың білімін жетілдіру ұстаз үшін аса маңызды. Мысалға, 5-сыныптың оқулығында «Жай бөлшектер» тарауында тарихи мағлұмат жоқтың қасы [4]. Егер төменде берілген ақпарат оқушыларға қосымша оқуға берілсе, оқушылар математикалық білімін жан-жақты дамытады.

Ғасырлар бойы әр түрлі халықтарда *сынық сан* – бөлшек деп аталды. Адамзат қоғамы дамуының ерте кезеңінен бастап бөлшек сандарға деген қажеттілік туындады. Бұл қажеттіліктен ең алғашқы бөлшек $\frac{1}{2}$ пайда болды. Бөлшек ұғымы санның бөлігі ретінде ежелгі Египет папиростарында және Вавилондардың саз тақталарында кездеседі. Бөлшек сан ұғымы бүтін сан сияқты ғасырлар бойы дамыды және қолдану аясын кеңейтті. Евклид және Никома өз жазбаларында бөлшек сан ұғымын қолданбады. Себебі олар бөлшек санды сан деп есептемеді. Жалпы, «сынық сан» атауы арабтардан бастау алады және Леонард Пизанский (Фибоначчи) арқылы арифметика бойынша көптеген еуропалық нұсқаулықтарға енген [5].

XVII ғасырдың ең мықты математиктері, мысалға Валлис бөлшек дегеніміз сан емес, себебі ол «қанша» деген сұраққа емес «қандай шама» деген сұраққа жауап береді деп есептеді. Тек Ньютонның анықтамасына сәйкес келетін бөлшек ұғымы XVIII ғасырдың екінші жартысында ғана дами бастады. Петербург академиясының мүшесі, ұлы математик Эйлер өзінің «Универсальная арифметика» (1787ж.) деген еңбегінде бөлшек сандар жайлы айтып өткен.

Бөлшектегі алым және бөлім ұғымдарын жазу VIII ғ. Үндістанда ойлап табылды. Кейін бұл жазба Орталық Азияға еніп, одан Европа елдеріне тарай бастады.

Ежелгі Қытайда ондық санау жүйесі қолданылған. Олар сандарды жазу барысында әр түрлі иероглифтерді қолданды. Ал, есептеулер жүргізу үшін көбейту кестелері жиі қолданылды. Үлкен сандармен арифметикалық амалдарды есептеуді жеңілдету мақсатында олар санау тақтасында қосу және азайту амалдарын орындады. Санау тақтасындағы есептеулер бамбуктен, шойыннан немесе піл сүйегінен жасалған таяқтарды қолдану арқылы жүргізілді. Б.з.д II ғ. «Тоғыз томдық математика» тракты жарық көрген. Бұл кітап жер үлестірушілерге, саудагерлерге аудан мен көлемді есептеу үшін бөлшек сандарды пайдалану ережелерін ұсынды.

Мысал. Шайдың екі сорты бар. Бірінші сортты 3 фунт шай мен екінші сортты 6 фунт шайды қосып араластырғанда, бұл қоспаның бағасы 3 дяо тұрады. Егер бірінші сортты 12 фунт шай мен екінші сортты 4 фунт шайды қоссақ, қоспа $3\frac{1}{2}$ дяо тұрады. Бірінші және екінші сортты шайлардың 1 фунты неше дяо тұрады? (3-сурет).

Адамдар натурал сандар қатарының шексіз екенін білген соң, жаңа сандарды ашуға аянбай еңбек етті. Бөлшектер шамаларды өлшеу үшін және әртүрлі бүтін шамаларды бөліктерге бөлу үшін қажет болды. Адамдар іс жүзінде сандар арасындағы байланыстарды ашты және оларға қолданылатын ережелерді құрды. Бастапқыда сандар тек натурал бүтін сандар ретінде түсіндірілсе, бөлшек ұғымын енгізгеннен кейін сан ұғымы дамып, кеңейе түсті.



3-сурет – Лилавати қолжазбасы

Бөлшек сандарқосу және көбейту бүтін сандар сияқты ауыстырымдылық, терімділік, үлестірімділік заңдарына бағынады. Кез келген натурал сан бөлшек санның дербес түрі. Мысалға 5 санын $\frac{5}{1},\frac{10}{2}$ немесе $5{,}0$ түрінде жазуымызға болады. Осыдан бөлшек сандар жиыны барлық бүтін санды қамтитынын көруге болады. Сан ұғымының кеңеюінің арқасында біз енді бүтін сандарды 0-ден басқа кез келген бүтін санға бөлу мүмкіндігіне ие болдық.

Әріпті өрнекер тақырыбы оқушылар меңгеруі қажет негізгі тақырыптардың бірі [6]. Себебі, оқушылар тек санды өрнектер ғана болады деген ойда болмауы тиіс. Осы әріпті өрнектер тақырыбына да тарихи мағлұмат ұсынуға болады.

Диофант сандық коэффициентті пайдаланып, оны айнымалыдан кейін жазып отырған. Яғни, егер біз $8x^3$десек, Диофант K_{η}^{ν} деп жазған. Бұл $x^3 8$ дегенді білдіреді. Диофант коэффициентті «жиын» деп атаған. Коэффициентті ежелгі үнді ғалымдары да қолданған. Көптеген еуропалық математиктер XVI-XVIIғ. коэффициент ұғымы үшін тұрақты терминді қолданбады. «Коэффициент» терминін Виет енгізді. Алайда оны тек XVIIғ. ғана ағылшын математиктері Оутред пен Валлис және француз математигі Дешаль қолдана бастады [5].

6-сыныптың математика оқулығында «Қатынас және пропорция» тарауы берілген. Бұл тараудың соңында тарихи мәліметке төмендегі ақпарат қосымша ұсынылады [6].

«Пропорция» сөзі (латын тілінде *proportio* – ара қатынас, аралық өлшем) математикада – шамалар арасындағы белгілі бір қатынасты білдіреді. Ежелгі дәуірде пропорциялар туралы ілімді пифагоршылдар жоғары бағалаған. Олар тәртіп пен табиғаттағы сұлулықты және музыкадағы аккордтар мен ғаламдағы үйлесімділікті пропорциямен байланыстырды. Сондықтан олар пропорцияның кейбір түрлерін «музыкалық» деп атады. Б.з.б IVғ. кез келген шамалар үшін пропорцияның жалпы теориясы ежелгі грек ғалымдарының еңбектерімен жасалды және олардың ішінде Теэтет пен Евдокс ерекше орын алады. Бұл теория Евклидтің V кітабында толық дәлелденген.

$$a:b=c:d$$

$$b:a=d:c \qquad (a+b):b=(c+d):d$$

$$a:c=b:d \qquad (a-b):b=(c-d):d$$

$$a:(a-b)=c:(c-d)$$

Евклид өзінің VII кітабының он тоғызыншы сөйлемінде пропорцияның негізгі қасиетін дәлелдейді. Пропорция ежелгі дәуірде де, орта ғасырларда да көптеген мәселелерді шешу үшін пайдаланылды. Белгілі бір есеп түрлерін пропорция көмегімен оңай әрі тез шешуге болады. Пропорция мен пропорционалдық тек математикада ғана емес, сонымен қатар сәлет өнерінде де қолданылған. Сәулет өнерінде пропорционалдық ғимараттың, фигуралар мен мүсіндердің әр түрлі бөліктерінің өлшемдері арасындағы белгілі бір қатнастарды сақтауды білдіреді. Пропорционалдық бұл жағдайда әдемі және көрнекі құрылыстың не кескіннің шартына айналады.

XIIғ. үнді қолжазбасында пропорция

$$10:\frac{163}{6}=4:\frac{163}{150}$$

төмендегідей жазылған:

10 1	163 6	4 1	163 150

Араб тілінде оңнан солға қарай жазатын ортағасырлық ислам әлемінің математиктері пропорцияны жазу үшін үштік нүктені пайдаланған. Мысалға, біз пропорцияны мына түрде $7:12 = 84:144$ жазсақ, олар үштік нүктені қолданып, былай жазады:

$$144 \therefore 84 \therefore 12 \therefore 7$$

XVIIғ. көрнекті француз математигі Рене Декарт дәл осы пропорцияны былай жазған:

$$7/12/84/144$$

Кейбір ағылшын математиктері әлі күнге дейін 1632 жылы енгізілген ескі белгілерді қолданады: $a \cdot b :: c \cdot d$. Ал, қазіргі пропорцияны жазудың шартын және белгісін 1693 жылы Лейбниц енгізген.

7-сыныптан бастап математика алгебра және геометрия болып бөлініп оқытылады [7]. Бұл тарихи мәлімет оқушылардың алгебраның шығу тарихын сәл болсын түсініп, білуіне септігін тигізеді.

Алгебра – ғылымда, техникада және өмірде кездесетін күрделі есептерді шешуге көмектесетін математикадағы маңызды бөлімдердің бірі. Арифметикада оқушылар қосу, азайту мен көбейту, бөлу амалдарын ғана қарастырады. Ал, алгебра курсында жаңа екі әрекет қарастырылады: дәрежеге шығару және түбірден шығару. Мектеп математика курсында тек натурал сандар, бөлшек сандар және нөл саны оқытылса, алгебра курсында теріс сандар, рационал және ирроционал сандар қарастырылады. Сондықтан алгебрада сандармен қатар шамалар әріптермен белгіленеді, яғни алфавиттік символика қолданылады.

Әріптік белгілерді пайдалана отырып, арифметика заңдарын оңай әрі тез өрнектеуге болады. Физика, химия заңдары және басқа көптеген ғылымдар әріптерден тұратын формулалардан, сандардан, теңдік және теңіздік белгілерінен тұрады. Математикалық таңбалар арақсында адамдар табиғаттың жалпы заңдылықтарын түсінді.

Жалпы, алгебра ежелгі Үндістанда ерекше дамыды, ал IX-XVғ. Орта Азия мен ислам елдерінде кеңінен таралып, дами түсті. IX ғасырдың 1-жартысында Мұхаммед ибн-Мұса әл-Хорезми араб тілінде «ал-джабра және ва-л-мукабала» кітабын жазған. Кітаптағы «ал-джабра» сөзі біз қолданып жүрген «алгебра» терминін білдіреді. Әл-Хорезми алгебраны арифметикадан бөлек тарау ретінде қарастырған ең алғашқы ұстаздардың бірі. Арифметика және алгебра Мұхаммед әл-Хорезмимен тікелей байланысты десек артық емес.Өйткені IX ғасырда жазылған «ал-джабра және ва-л-мукабала» кітабы әлемдегі ең алғашқы алгебра кітабы болып табылады. Сондай-ақ, алгебра әл-Хорезми үшін теңдеулер шешу өнері іспеттес [2].

Әл-Хорезмидің латын тіліндегі аударма алгебрасын XII-XVIғғ. еуропа ғалымдары көптеп зерттеген. Алгебраның әрі қарай дамуына үлес қосқан ғалымдар қатарына Н.Тартальи, Ф.Виет, Р.Декарт, И.Ньютон, Л.Эйлер, Н.И.Лобачевский және т.б жатады.(4-сурет)



4-сурет – Әл-Хорезмидің алгебра кітабының алғашқы беті

Алгебра оқулығындағы дәреже ұғымы 400 жыл бұрын пайда болған және сандардың екінші және үшінші дәрежелері жайлы түсінік шаршының ауданы немесе кубтың көлемін анықтауға байланысты пайда болуы мүмкін. Вавилондықтар сандардың квадраттары мен кубтары жазылған кестелер пайдаланған. Санның квадраты және кубы атаулары көне гректерден бастау алады. Дәреже ұғымын Диофанттың жазабаларынан да кездестіруге болады.

Қорытындылай келе, математика оқулығындағы тарихи мағлұматты сабақта қолдану балалардың «ақпараттық ізденісті» дамытуына ықпал етеді. Математика тарихын оқыту оқушылардың жеке білім беру нәтижелеріне қол жеткізуі үшін үлкен әлеуетке ие. Математик ғалымдардың өмірімен танысу және тарихи мәліметтер, қысқаша әңгімелерді жүйелі түрде беру, өлшеу және санау үшін ежелгі әдістерді көрнекі түрде қолдану оқуға деген қызығушылықты тудырады, жалпы мәдени құзыреттілікті, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға алғышарттар жасайды, балалардың зерттелетін материалға құндылық қатынасын, пәнаралық байланысты арттырады.

Әдебиеттер:

1. Мухаммад ибн Муса ал-Хорезми. – Москва: 1983. – 263 б.
2. Выгодский М.Я. Арифметика и алгебра в древнем мире. – Москва, 1967. – 367 б.
3. Алдамұратова Т.А., Байшоланов Қ.С., Байшоланов Е.С. Математика: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық 1-бөлім. – Алматы, 2017. – 224 б.
4. Алдамұратова Т.А., Байшоланов Қ.С., Байшоланов Е.С. Математика: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық 2-бөлім. – Алматы, 2017. – 192 б.
5. Гейзер Г.И. История математики в школе. – Москва, 1981. – 238 б.
6. Алдамұратова Т.А., Байшоланов Қ.С., Байшоланов Е.С. Математика: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық 1-бөлім. – Алматы, 2018. – 208 б.
7. Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы, 2017. – 200 б.

ҒТАХР: 27.01.45

А.А. Тусупбекова
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Қазақстан, Семей қаласы, aijan_98g@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГРАФИКТІК САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ

Білім берудің жаңартылған бағдарламасы негізінде жазылған, авторлары Т.А. Алдамұратова, К.С. Байшоланова, Е.С. Байшоланов, жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған «Математика» оқулығының ІІ бөліміндегі VIII тарау «Диаграммалар» тақырыбына арналған жоспарда білім беру мақсаты да анық көрсетілген. Бұл тарау «Шеңбер», Дөңгелек», «Дөңгелек сектор», «Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері: бағанды, сызықтық, дөңгелек және графиктік диаграммалар», «Кестелер» тақырыптарын қамтиды. Оқулықта әр тақырыпқа есептер барлық деңгейлер бойынша жеткілікті берілген [1]. Қандай да бір шаманың мәндерін салыстыру үшін және оның өзгерістерін бақылау мақсатында өмірде диаграммалар өте кең қолданылады. Диаграммада белгілі бір шарттармен шаманың сан мәндерінің арақатынасы көрсетіледі. Осы тақырыптарды меңгеру барысында оқушыда графиктік сауаттылықтың іргетасы қаланады. Сонымен қатар, 6-сыныптың «Математика» оқулығының ІІ бөлімінің «Шамалар арасындағы тәуелділіктер» деп аталатын IX тарауын оқытуда ролі үлкен. Бұл тарауда оқытылатын тақырыптар математиканың негізгі бөлімі – функция ұғымын қалыптастыруға, оны зерттеп, графигін сызуға негіз болады. Сонымен қатар оқушыда графиктік тіл қалыптасады [1,2].

Ақпаратты бейнелеудің графиктік құралдары қоғамның барлық саласында кеңінен қолданылады. Графиктік кескіндер суретпен, бейнеленуімен, ықшамдылығымен, оңай оқуылуымен сипатталады. Дәл осы графиктік кескіндердің қасиеттері олардың кең қолданылуын анықтайды. График әлемдегі ең көне тілдердің бірі – халықаралық қатынас тілі, ол дәл, көрнекі және қысқа. Адам білімінің кез келген саласында ақпаратты көрнекі түрде ұсыну графиктік тіл құралдарымен жүзеге асырылады. Қазіргі заманғы бұқаралық коммуникацияның дамуы жағдайында жаңа ақпараттық технологиялар, жалпы орта білім беру арқылы ұсынылатын көптеген ақпарат пен мүмкіндіктерді шоғырландыру қажеттілігі ақпараттың графиктік түрде ұсыну әдістері туралы білімді қалыптастыруды қамтамасыз етуі керек [3].

Графиктік мәдениет пен сауаттылықты қалыптастырудың психологиялық аспектілерін А.Д. Ботвинников, Т.И. Бугаев, П.Я. Халперин, А.В. Занков, В.И. Зыкова, Э.Н. Кабанова-Меллер, В.А. Крутецкий, Б.Ф. Ломов, С.Ж.И. Рубинштейн, Л.М. Фридман, И.С. Якиманская және басқалары зерттеді. Графикалық мәдениетті қалыптастыру мәселелерімен Т.И. Бугаева, В.А. Курина, М.В. Лагунова және т.б. айналысты. Әдістемелік тұрғыда графикалық сауаттылық мәселелерін А.Д. Ботвинников, В.Н. Виноградов, В.Г. Тесленко, П.Г. Сатьянов, Н.Ф. Четверухин және тағы басқа ғалымдар қарастырды. Геометрия және сызу пәнаралық байланыстарына А. Амирбеков, А.А. Панкратов зерттеулері арналған.

Математиканы оқуда оқушылар әртүрлі функциялармен, олардың қасиеттерімен және графиктерімен танысады, бірақ адам өзінің практикалық қызметінде функциялардың қасиеттерін, графигін, шамалар арасындағы байланысты қалай қолданатыны туралы көп білмейді. Бұл мәселе оқушыда математикалық сауаттылықтың, оның ішінде, графиктік сауаттылықтың қалыптасуының маңызын айқындайды. «Математика» оқулығы мен «Математикалық сауаттылық» есептер жинағынан мысалдар келтірейік.

Мысал – 1. Диаграммада баскетбол командасының спортшыларының бойларының ұзындықтары сантиметрмен көрсетілген. Диаграммадағы көрсеткіштерді пайдаланып, баскетболшылардың орташа бойынан кіші болатындарын табыңыз [1].



Шешуі. Бұл бағандық диаграмма. Олар бір–бірінен бірдей қашықтықта орналасады және әрқайсысына команда мүшелерінің бойларының ұзындығын анықтайтын бір ғана шама сәйкес келеді. Олардың бойларының орташа ұзындығын табу үшін баскетболшылардың бойларының ұзындықтарын қосып, баскетболшылар санына бөлгенде мына мән шығады:

$$\frac{201+205+190+180+189}{5}=\frac{965}{5}=193\ .$$

Бойларының ұзындығы 193 сантиметрден кіші болатын шамалар: 180 см, 189 см, 190 см. Сонда бұл шамаларға сәйкес келетін команда мүшелері Алихан – 190 см, Еркебұлан – 180 см, Азамат – 189 см.

Мысал – 2. Диаграммада алты күнде сатылған билеттер саны көрсетілген. Сейсенбіге қарағанда қай күні шамамен екі есе көп билет сатылды [1]?



Шешуі: Бұл есепті шығару барысында 5-сынып оқушылары горизонталь және вертикаль осьтердің бойында орналасқан шамалардың арасындағы байланысты анықтап жаттығады. Сейсенбі күні 45 билет сатылған. 45 билетті екі еселейтін болсақ, $45 \cdot 2 = 90$ шығады. Сонда вертикаль осьтің бойындағы 90-ға тең шамаға жуық диаграммадағы мәндерді қарастырамыз. Сонда жұма күні 89 билет сатылғанын және бұл шаманың 90-ға жуық екенін оқушы анықтайды. Сонымен жұма күні сейсенбі күніне қарағанда екі есе билет сатылған.

Осы диаграмманы пайдаланып, жаңа есептер құру арқылы оқушыда шамалар арасындағы байланыс пен тәуелділік ұғымын меңгеруге даярлық жасауға болады.

Диаграмманың графиктік түрде берілуінің қолданыста маңызы зор. Статистикалық мәліметтердің өзгеру динамикасы график арқылы беріледі. Мұнда диаграммалар нүктелер арқылы белгіленіп, олар кесінділермен қосылады.

Мысал – 3. Диаграммада балабақшадағы бір топтың балаларының салмақтары көрсетілген. Балалардың орташа салмағы қандай екенін табыңыз [4].



Шешуі: Бұл есепті түсіндіру барысында оқушылар горизонталь сызықтың бойындағы әр балаға вертикаль сызықтың бойынан оның салмағын анықтайтын бір ғана мәннің сәйкес келетінін көреді. Осы процесс оқушыда функция ұғымының қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл диаграмманың сызықтық түрі екенін меңгеру арқылы оқушы функцияның графигі, оның сызылуына қалыптасады. Енді есептің шарты бойынша берілген шамалардың орташа мәнін табу үшін сол сандар қосындысын қосылғыштар санына бөлу керектігін оқушылар біледі.

$$\frac{20+22+21+17+24+19+24+23}{8} = \frac{170}{8} = 21{,}25.$$

Сонымен, балабақшадағы балалардың орташа салмағы $21{,}25$ кг.

Оқушылар 6-сыныпың III тоқсанында «Координаталық жазықтық» тақырыбын өтеді. «Координаталар» сөзі латынның coodinatus – қазақша «реттелген» деген сөзінен алынған. График координаталық жазықтыққа салынады. График арқылы абсцисса және ордината осьтерінде орналасқан шамалардың мәндерінің арасындағы байланысты анықтау – графикті оқу сауаттылығын қалыптастырады.

Мысал – 4. Матаның ұзындығы мен костюмдер санының графигін қолдана отырып, 24 костюм тігуге қанша метр мата жұмсалатынын анықтаңыз [4].



Шешуі: Бұл есепті шығару барысында оқушыға костюмнің санына сәйкес келетін матаның ұзындығының да бүтін мәндерін қарастыру тиімді екенін түсіндіру қажет. Мұндай нүктелер $(4;6)$ және $(8;12)$.

Егер $(4;6)$ нүктесін алсақ, 6 метр матадан 4 костюм тігіледі деп ұғамыз. Есептің шарты бойынша 24 костюмге жұмсалатын матаның мөлшерін табу керек, яғни қарастырылып отырған шамадан 6 есе артық костюм тігу қажет. Сонда жұмсалатын матаның мөлшері де 6 есеге артады, яғни $6 \cdot 6 = 36$ м.

Енді графиктен (8;12) нүктесін алатын болсақ, онда 12 метр матадан 8 костюмге тігіледі. Бізге 3 есе көп костюм керек, сонда $12 \cdot 3 = 36$ метр мата қажет.

Графикте 12 костюмге сәйкес келетін 36 м мәні көрсетілмегенін, бірақ оны графиктегі шамалардың тәуелділік заңы арқылы есептеуге болатынын оқушы меңгереді.

Бұл есепті пропоциямен де шығаруға болады:

8 костюм – 12 метр

24 костюм – x метр

$$x = \frac{24 \cdot 12}{8} = \frac{288}{8} = 36\,.$$

Сонымен, 24 костюмге 36 метр мата жұмсалады.

Мысал – 5. Суретте екі велосипедшінің қозғалыс графиктері салынған. Графиктегі мәліметтерді пайдаланып, екінші велосипедші бірінші велосипедшіге қарағанда 50 км қашықтыққа неше сағат кешігіп келетінін табыңыз [4].



Шешуі: Бұл қозғалыстың графигіне берілген есеп. Оны шығару барысында оқушы уақыт пен жүрген жолдың арасындағы тәуелділікті меңгереді. Графиктен екінші велосипедші 50 км жолды 5 сағат уақыт ішінде жүретіні айқын. Ал бірінші велосипедші 50 км жолды 3 сағаттан сәл артық уақытта жүреді. Оның дәл мәнін табу үшін бірінші велосипедшінің жылдамдығын графиктегі бүтін шамалар арқылы табайық. Сонда графиктегі сызықтардың ұштарының координаталарын алсақ, олардың сәйкес жылдамдығы $V_1 = \frac{80}{5} = 16$ м/с, $V_2 = \frac{60}{6} = 10$ м/с болады. Енді 50 км қашықтықты екі велосипедшінің сәйкес қанша уақытта жүріп өтетінін табайық: $t_1 = \frac{50}{16} = 3{,}125$ сағ, $t_2 = \frac{50}{10} = 5$ сағ. Бұл уақыттардың айырмасы $5 - 3{,}125 = 1{,}875$ сағ. Сонымен, екінші велосипедші 1,875 сағат кешігіп келеді.

Графикалық сауаттылық кез келген салада өзекті болып саналады. Қазіргі кезде мектептің 6-11 сыныптарында функциялардың графигін салу оқытылады. Сондықтан графиктік сауаттылық математика сабағында қалыптасады. Оқушылардың графиктік сауаттылығын қалыптастыру үшін, ең алдымен, оны салу алгоритмін білуі керек.

Әдебиеттер:

1. Алдамұратова Т.А., Байшоланова К.С., Байшоланов Е.С. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 5 сынып оқулығы. – Алматы: Атамұра, 2017.
2. Алдамұратова Т.А., Байшоланова К.С., Байшоланов Е.С. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 6 сынып оқулығы. – Алматы: Атамұра, 2018.
3. Калошина И.П., Добровольская Н.А. Творческие задачи на создание дополнительных построений. – Ростов на Дону: Изд-во Ростовского университета, 1984. – 160 с.
4. Математикалық сауаттылық. ҰБТ 2023-2024 Математикалық сауаттылық ҰБТ 2023-2024 (daryn.online)

ҒТАХР: 27.01.45

Болат Мажит
2011506023@stu.aiu.edu.kz
Халықаралық Университеті Педагогикалық институты
6B01506 Математика мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Жаныс А. Б.

5-СЫНЫП ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУДАҒЫ МОДЕЛЬ

Мәселелерді шешудегі оқу әрекеті ақыл-ой әрекеттерінен тұрады және егер ол бастапқыда пәндермен сыртқы әрекеттер негізінде орын алса, тиімді жүзеге асырылады. Негізгі мәселе балалар тапсырма мәтінінен математикалық модельге ауыса алмайды.

Математиканы оқыту балалардың мәтіндік есептерді шешуде тәуелсіздігін дамытуды талап етеді. Әр оқушы тапсырманың шартын қысқаша жаза білуі керек, оны сурет, схема, сызба және басқа модельдердің көмегімен суреттей алады, тапсырманы талдаудағы және оны шешудегі әр қадамды негіздей алады, шешімнің дұрыстығын тексереді.

«Суреттер, сызбалар, схемалар оқушыларға шамалар арасындағы жасырын тәуелділіктерді саналы түрде анықтауға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар белсенді ойлауға, мәселелерді шешудің ең ұтымды жолдарын іздеуге, білімді игеруге ғана емес, оларды қолдану қабілетін игеруге де көмектеседі. Бұл жағдайлар оқытудың дамушы сипатқа ие болуы үшін қажет».

Мәтіндік танымдық есептерді шығару үшін қолданылатын графикалық кескіндер, мәліметтер мен қажетті шамалар арасындағы қатынастарды көрнекі түрде көрсете отырып, студенттерге проблемалық жағдайдың сөйлеу мәнін түсінуге, содан кейін шешудің мүмкін жолын табуға көмектеседі.

Осы кезеңдегі әрбір оқушы үшін ең бастысы – тапсырманы түсіну, яғни онда не белгілі екенін, деректердің қалай байланысты екенін, деректер мен қажетті арасындағы қатынастарды білу керек екенін түсіну. Ол үшін модельдеуді қолдану керек және оны балаларға үйрету керек.

Математиканы оқытудың қолданыстағы бағдарламасы мәтіндік есептерді шешуде оқушылардың тәуелсіздігін дамытуды талап етеді. Әлі бастапқы мектепте әр оқушы тапсырманың шартын қысқаша жаза білуі керек, оны сурет, схема немесе сызба арқылы суреттей алады, тапсырманы талдауда және оны шешуде әр қадамды негіздей алады, оның дұрыс шешілуін тексереді. Алайда, іс жүзінде бағдарламаның талаптары толығымен орындалмайды, бұл оқушылардың білімі мен дағдыларында күрделі мәселелерге әкеледі.

Бұл бітіру біліктілік жұмысының мақсаты есептерді шешуде қолданылатын әртүрлі көмекші модельдерді әзірлеу болып табылады.

XX ғасырдың ортасынан бастап математикалық әдістер мен компьютерлер адам қызметінің әртүрлі салаларында кеңінен қолданыла бастады. Тиісті объектілер мен құбылыстардың математикалық модельдерін, сондай-ақ осы модельдерді зерттеу әдістерін зерттейтін «математикалық экономика», «математикалық химия», «математикалық лингвистика» және т.б. сияқты жаңа пәндер пайда болды.

Мәтіндік есептерді шешуде модельдеу

«Тапсырма-бұл сандармен байланысты және олардың үстіндегі арифметикалық әрекеттерді орындауды қажет ететін жағдай».

«Мәтіндік тапсырма-бұл белгілі бір құбылыстың (жағдайдың, процестің) ауызша моделі. Мұндай мәселені шешу үшін оны математикалық әрекеттер тіліне аудару керек, яғни оның математикалық моделін құру керек.

Кез-келген мәселені шешу – күрделі психикалық белсенділік процесі. Тапсырмадағы нақты объектілер мен процестердің көп қырлы және күрделі болғаны соншалық, оларды зерттеудің ең жақсы тәсілі көбінесе қуатты таным құралы ретінде модель құру және зерттеу болып табылады».

Оқытудағы мәтіндік мәселелерді шешуге үлкен көңіл бөлінеді. Бұл мұндай есептер көбінесе көптеген математикалық ұғымдарды қалыптастыру құралы ғана емес, сонымен қатар ең бастысы – нақты құбылыстардың математикалық модельдерін құру дағдыларын қалыптастыру құралы, сонымен қатар балалардың ойлау қабілетін дамыту құралы болып табылатындығына байланысты. Балаларды мәтіндік мәселелерді шешуге үйретудің әртүрлі әдістемелік тәсілдері бар. Бірақ мұғалім қандай оқыту әдісін таңдаса да, ол мұндай міндеттердің қалай құрылғанын білуі керек.

«Кез-келген мәтіндік тапсырма кез-келген құбылыстың (жағдайдың, процестің) сипаттамасы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, мәтіндік тапсырма құбылыстың (жағдайдың, процестің) ауызша моделі болып табылады. Кез-келген модельдегідей, мәтіндік есепте бүкіл құбылыс сипатталмайды, тек оның кейбір жақтары, негізінен оның сандық сипаттамалары» .

Қорытындылай келе, мәтіндік тапсырма – бұл құбылыстың қандай да бір компонентіне сандық сипаттама беруді, компоненттер арасында қандай да бір қатынастың болуын немесе болмауын анықтауды немесе осы қатынастың түрін анықтауды талап ететін кейбір құбылыстың (жағдайдың, процестің) табиғи тіліндегі сипаттама деп айтуға болады.

Кез-келген мәселені шешу – күрделі психикалық белсенділік процесі. Оны игеру үшін сіз мәселені шешудің негізгі кезеңдерін және оларды орындаудың кейбір әдістерін білуіңіз керек.

Мәселені арифметикалық әдіспен шешу қызметі келесі негізгі кезеңдерді қамтиды:

1. Тапсырманы талдау.
2. Мәселені шешу жоспарын іздеу.
3. Мәселені шешу жоспарын жүзеге асыру.
4. Мәселені шешуді тексеру.

Мәселені шешудің нақты процесінде аталған кезеңдердің нақты шекаралары жоқ және әрқашан бірдей толық орындалмайды. Мұның бәрі шешушінің білім деңгейі мен дағдыларына байланысты.

Мәтіндік тапсырманы орындау кезінде осы әдісті модельдеу және қолдану туралы толығырақ тоқталайық.

Модельдеуді қолдана отырып оқыту оқушылардың ақыл-ой белсенділігін арттырады, тапсырманы түсінуге, шешудің ұтымды жолын өз бетінше табуға, тексерудің қажетті әдісін орнатуға, тапсырманың шешімі бар немесе жоқ жағдайларды анықтауға көмектеседі. Модель тапсырмадағы деректер мен ізделгендер арасындағы байланысты толығырақ көруге, жалпы есепті ұсынуға мүмкіндік береді, теориялық білімді жалпылауға көмектеседі.

Есептерді шеше білу – Математикалық даму деңгейінің, оқу материалын игеру тереңдігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі [1, 8].

«Мәтіндік есептерді шешудегі жіберілген қателіктердің негізгі себептерінің бірі – студенттердің проблеманың шарттарын бастапқы қабылдауын және оны талдауды дұрыс ұйымдастырмауы, олар проблемада көрсетілген өмірлік жағдайға, оны графикалық модельдеусіз дұрыс сүйенбей жүзеге асырылады» [8, 6].

5-сыныпта, әдетте, талдау процесінде қысқа жазбаның немесе дайын схемалардың әр түрлі түрлері қолданылады, ал оқушылардың көз алдында немесе оқушылардың өздері проблемаларды шешу процесінде тапсырма моделін құру өте сирек қолданылады. Фронтальды талдау және мәселені шешу кезінде мұғалімдер көбінесе екі-үш оқушының дұрыс жауаптарымен шектеледі, ал қалғандары оларды терең түсінбестен дайын шешімдерді жазады.

«Белгіленген кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, барлық оқушылардың арифметикалық әрекетті саналы және дәлелді таңдауын қамтамасыз ету үшін есепті бастапқы қабылдау мен талдауды ұйымдастыру әдістемесін түбегейлі жақсарту керек» [1,174]. Осы кезеңдегі әрбір оқушы үшін ең бастысы – тапсырманы түсіну, яғни бұл тапсырманың не туралы екенін, онда не белгілі екенін, деректердің бір-бірімен қалай байланысты екенін, деректер мен ізделгендер арасындағы қатынастар қандай екенін және т.б. бұл үшін, мүмкін болған жағдайда, тапсырмада көрсетілген жағдайды модельдеу әдісін қолдану керек.

«Ғылымда қолданылатын модельдеу әдісі-қандай да бір құбылысты немесе объектіні зерттеу үшін зерттелгенге ұқсас басқа объект таңдалады немесе салынады; салынған немесе таңдалған объект зерттеу мәселелерін зерттейді және онымен шешеді, содан кейін осы есептерді шешудің нәтижесі бастапқы құбылысқа немесе объектіге ауыстырылады.» [2, 5]

1-есеп:

«Қайықтың меншікті жылдамдығы (тынық судағы жылдамдығы) 21,6 км/сағ, ал өзен ағысының жылдамдығы 4,7 км/сағ. Қайықтың ағыс бойынша және өзен ағысына қарсы жылдамдығын табыңыз».

– Тапсырманы мұқият оқимыз.

– Осы есеп бойынша кесте құрастырайық.

– Есепте қандай шамалар туралы айтып отырмыз?

– Деректерді кестеге жазайық.

Меншік v (км/сағ)	V ағыс (км/сағ)	V ағыс бойынша (км/сағ)	V ағысқа қарсы (км/сағ)
21,6	4,7	?	?

– Шешімін жазамыз:

1) 21,6 + 4,7 = 26,3 (км/сағ) – ағыс бойынша қайықтың жылдамдығы.

2) 21,6 – 4,7 = 16,9 (км/сағ) – ағысқа қарсы қайықтың жылдамдығы.

Жауабы: 26,3 км/сағ; 16,9 км/сағ.

2-есеп:

Екі дененің бір бағыттағы қозғалысына есептер.

«Олардың ішінде тапсырмалардың екі түрін бөліп көрсету керек:

1) қозғалыс бір мезгілде әртүрлі нүктелерден басталады;

2) қозғалыс әртүрлі уақытта бір нүктеден басталады».

Екі дененің қозғалысы бір түзуде жатқан әртүрлі нүктелерден бір уақытта бір бағытта басталатын жағдайды қарастырайық. Бірінші дененің қозғалысы s1, v1, t1, ал екіншісінің қозғалысы – s2, v2, t2 шамаларымен сипатталсын.

Бұл қозғалысты схемалық сызбада көрсетуге болады:



Егер бір бағытта қозғалғанда бірінші дене екіншісін қуып жетсе, онда v1 > v2. Сонымен қатар, уақыт бірлігінде бірінші нысан екіншісіне v1-v2 қашықтықта жақындайды. Бұл қашықтық жақындау жылдамдығы деп аталады: v жақын = v1- v2.

АВ кесіндісінің ұзындығын көрсететін S қашықтығы мына формулалар арқылы табылады:

S = s1 - s2 және S = v sbl * реңк.

3-есеп:

«Арасы 7 км 500 м болатын екі нүктеден бір мезетте жаяу жүргінші бір бағытта 6 км/сағ жылдамдықпен кетіп, автобус кетіп қалды. 15 минуттан кейін жаяу жүргіншіні қуып жететін автобустың жылдамдығын анықтаңыз?

– Біз мәселені мұқият оқып шықтық.

– Осы есептің суретін салайық.

– Біз не білеміз? (Жаяу жүргінші бір бағытта бір уақытта екі нүктеден шығып, автобус кетіп қалды)

– Осыны сызбаға белгілейік.



Қорытынды

Модельдерді қолдануға қатысты мәселелерді егжей-тегжейлі және тереңірек зерттей отырып,басты мақсат пен міндеттер шешілді.

Модельдеуді математиканы оқыту процесінде қолдану мәселесін зерттеу барысында мыналар анықталды:

– модельдеу сөздік есептерді шығару қабілетін дамытуға көмектеседі;

– бұл оқыту әдісі оқушылардың математиканы оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Модельдеуді қолданудың негізгі кемшілігі – сабақта модельдеуді жүйелі қолдануға тиісті көңіл бөлінбеу болып табылады.

Ақыл-ой әрекетінің әдістемесін қалыптастыру бойынша мақсатты жұмысты математиканың алғашқы сабақтарынан бастау керек. Әртүрлі объектілермен жұмыс істей отырып, бір объектіні сипаттамаға сәйкес келетін екіншісімен ауыстыруға тырыса отырып, балалар өлшеу параметрлерін анықтауды үйренуі керек, яғни. «тең», «тең емес», «үлкен», «аз» қатынастарын орнатуға болатын қасиеттер. Алынған қатынастар алдымен объектілердің көмегімен, графикалық (сегменттермен), содан кейін әріптік формулалармен модельденеді.

Әдебиеттер:

1. Бантова М.А., Бельтюкова Г.В. Бастауыш сыныптарда информатиканы оқыту әдістемесі. – М.: Білім, 1984.– 335 б.
2. Бондаренко С.М. Балаларды салыстыруға үйрету. – М.: Знание, 1981. – 96 б.
3. Виленкин Н.Я. Математика: оқу құралы. 5 сыныпқа арналған. 6-бас. – М.: Мнемосине, 1998. – 384 б.
4. Володарская И., Сальмина Н. Модельдеу және оның есептерді шешудегі рөлі. Математика. – 2006. – № 18, – 2-7 б.
5. Пичугин Л.Ф. Математиканы оқытуда оқушыларды тәрбиелеу: Мұғалімдерге арналған кітап. Жұмыс тәжірибесінен. – М.: Білім, 1987. – 175 б.
6. Gres P.V. Гуманитарлық ғылымдарға арналған математика. Үш. Жәрдемақы. – М.: Логос, 2004. – 160 б.
7. Жохов В.И., Виленкина Н.Я., Чеснокова А.С. 5-6 сыныптарда математиканы оқыту. – М.: Вербум-М, 2000. – 176 б.
8. Зайчева С.А., Целищева И.И. Математика сабақтарында құрама есептерді шығару. – М.: Чистые пруды, 2006. – 32 б.
9. Змаева Е. Қозғалысқа есептер шығару // Математика. – 2000. – No14. – 40-41 б.

ҒТАХР: 27.01.45

А.Н. Амантаева, Е.Б. Несипбеков
Педагогика институтының 3-ші курс студенттері, Астана Халықаралық университеті,
Астана, Қазақстан
Email: aruzhan.amantayeva.04@gmail.com , erkin_16.03@mail.ru,
Ғылыми жетекші: **Жаныс Арай Бошанқызы**, PhD, профессор м.а.

КОМБИНАТОРИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Математика әрқашан оқушыларды тәрбиелеу мен дамытуда басты орын алған. Ол – бізді қоршаған әлемді түсіну құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар аналитикалық ойлауды дамыту және күрделі мәселелерді шешу құралы ретінде де қызмет етеді. Математикадағы маңызды салалардың бірі – әртүрлі комбинациялар мен объектілердің ауыстыруларын санау және талдау әдістерін зерттейтін комбинаторика.

Бұл мақалада оңтайлы тәсілді қолдана отырып, комбинаториканы оқыту әдістемесі мәселесі қарастырылады. Комбинаториканы тиімді оқыту үшін математиканың осы саласын оқушыларға қолжетімді және қызықты ете алатын педагогикалық әдістемелер мен стратегияларға ерекше назар аудару қажет.

Зерттеу мақсаты. Мектеп оқушыларын ықтималдықтар теориясы бойынша комбинаторикалық есептер мен есептерді шығаруға үйретудің әдістемелік ерекшеліктерін зерттеу және анықтау.

Бұл мақсатқа жету үшін мына тапсырмаларды шешу қажет:

- «Бастауыш мектепте комбинаторика және ықтималдықтар теориясы элементтерін оқу әдістемесі» тақырыбы бойынша теориялық аспектілерді оқу;
- комбинаторика мен ықтималдық элементтерін зерттеудің психологиялық-педагогикалық аспектілерін қарастыру;
- «Бастауыш мектепте комбинаторика және ықтималдықтар теориясы элементтерін оқу әдістемесі» тақырыбы бойынша оқу, оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау;

- «Комбинаторика және ықтималдықтар теориясының элементтері» тақырыбы бойынша математикадан факултативті курсты әзірлеу.

Зерттеу объектісі. Бастауыш мектепте математиканы оқыту процесі.

Зерттеу пәні. Комбинаторика және ықтималдықтар теориясы элементтерін зерттеу әдістемесі.

Мақсатқа жету және зерттеу мәселелерін шешу үшін келесі зерттеу әдістері ұсынылған:

- «Бастауыш мектепте комбинаторика және ықтималдықтар теориясы элементтерін зерттеу әдістемесі» тақырыбы бойынша оқу, оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау;
- мектеп мұғалімдерінің жұмыс тәжірибесін зерттеу;
- «Бастауыш мектепте комбинаторика және ықтималдықтар теориясы элементтерін оқу әдістемесі» тақырыбы бойынша материалды жалпылау және жүйелеу.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы мектеп оқушыларына бастауыш сыныпта «Комбинаторика және ықтималдықтар теориясының элементтері» тақырыбын оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін анықтауда.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы мынада: «Комбинаторика элементтері және ықтималдықтар теориясы» тақырыбы бойынша әзірленген факультативті курсты математика пәні мұғалімдері оқушыларды математикадан ОЖБ және ҰБТ-ға дайындауда пайдалана алады.

«Комбинаторика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі 2004 жылы мемлекеттік білім беру стандартының федералдық компоненті бекітілгеннен кейін міндетті болды. Бірақ, бұл тақырыпты негізгі мектепте оқу қажеттілігі туралы идея бұрыннан бар еді. Мысалы, бұл 20 ғасырдың 60-70 жылдарындағы реформалар кезеңінде ықтималдықтар теориясының элементтерін енгізудің бірінші әрекеті емес еді. Бұл талпыныс, өкінішке орай, сәтсіз болып шықты, өйткені бұл бөлім оны оқытудың әдістемесі дамымағандықтан студенттерге қиын болды .

80-жылдары «Комбинаторика және ықтималдықтар теориясы» мектептегі білімге қайта оралды, бірақ тек арнайы оқулықтарда. Бұл жерде ықтималдықтар теориясы бойынша факультативті курстардың алғашқы әзірлемелері пайда болды.

90-жылдары математиктер бұл тақырыпты математика бойынша мектеп оқулықтарына қайтадан енгізу туралы шешім қабылдады. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі бұл тақырыптарды елемей, оқу бағдарламасына енгізбеген.

Интерактивті элементтер мен ойындарды қамтитын сабақтарды құру студенттерге комбинаторика ұғымдарын оңай меңгеруге көмектеседі. Мысалы, студенттер комбинацияларды өздері жасай алатындай ауыстыру және біріктіру есептері бар карталарды пайдалануға болады.

Зерттеліп отырған жұмысымызда комбинаториканы өмірде қолдану мәселесімен айналыстық. Әртүрлі шешу әдістерін қолдана отырып, комбинаторлық есептерді шығаруды үйрендік. Біз күнделікті өмірде адамдар қандай да бір мәселені шешу үшін ғылыми негіздемеге жүгіне ме, әлде қарапайым, қолжетімді және жылдамырақ нәрсені істей ме, соны көргіміз келді.

Мысал: Таңғы асқа мен қаймақ қосылған сүзбе, сэндвич, ботқа немесе тоқаш таңдай аламын, оны шай, компот немесе шырынмен жууға болады. Таңертеңгілік неше нұсқаны таңдай аламын?

Шешім: Кестедегі барлық опцияларды жинауға болады:

	Сүзбе қаймақпен	Бутерброд	Ботқа	Кекс
Шай	Шай, сүзбе қаймақпен	Шай, бутерброд	Шай, ботқа	Шай, кекс
Компот	Компот, сүзбе қаймақпен	Компот, бутерброд	Компот, ботқа	Компот, кекс
Тәтті су	Тәтті су, сүзбе қаймақпен	Тәтті су, бутерброд	Тәтті су, ботқа	Сок, кекс

Оның үш жолы мен төрт бағанасы бар, олар 12 ұяшықты құрайды. Тамақ пен сусынды таңдау тәуелсіз болғандықтан, әрбір ұяшықта таңғы астың ықтимал нұсқаларының бірі болады. Бұл кесте қанша ұяшық болса, сонша опция бар дегенді білдіреді – 12.

Комбинаторлық есептерді шешу бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде әдістемелік әдістерді қолдану бойынша ұсыныстар: әрекет әдістері «дайын» берілмейді, ал балалардың өздері тәжірибе жинақтай отырып, олардың ашылуына келеді. Оқыту кезең-кезеңімен жүргізіледі. Жұмыстың негізгі бағыты – студенттердің нұсқаларды кездейсоқ іздеуден ұйымдастыру құралдарын қолданбай, содан кейін олардың көмегімен жүйелі іздеуге көшу. Бұл әдістеме тәжірибеде бірнеше рет дәлелденіп, комбинаторлық есептер бойынша математика курсын енгізу қажеттілігі туралы қорытындылар жасалды, ең бастысы, бұл пән бойынша оқу жетістіктерінің санының артуына және мектеп оқушыларының математикалық ойлауының жалпы дамуына әсер етеді. .

Жалпы комбинаториканы бастауыштан бастап ойын түрінде бастауға болады.

Мысал түрінде чемодандағы құлыпты ашудан бастауға болады, екі әдісің көрсетуге болады:

4 сан жасырынғанын түсінеміз, сонда логикалық тұрғыда жазып шығу керек жалпы оң сан бар екенің де білеміз 0,1,2,3,4,5,6,7,8,9 осы сандардын комбинатциясынан 4 санды табуымыз керек:

0123
0234
0345
0456
0567
0678
0789
т.с.с

Енді осыны мына формуламен есептесек:

$$C_n^k = \binom{n}{k} = \frac{n!}{k!(n-k)!}$$

$$C_n^k = \frac{10!}{4!\,(10-4)!} = \frac{10!}{4!\,6!} = \frac{7\cdot 8\cdot 9\cdot 10}{1\cdot 2\cdot 3\cdot 4} = \frac{7\cdot 3\cdot 10}{1} = 210$$

Демек есептен көргендеріңіз ойната отырып, формулаға көшіп баланы қызықтыруға болады. Оқушы нешінші сыныпта болсада, әр түрлі ойындарды енгізе отырып үйретуге болады.

Байқау, салыстыру, жалпылау сияқты ақыл-ой операцияларын қолдануға байланысты есептерді шешудің әртүрлі тәсілдерін беруге болатынын атап өтейік, сондықтан, әрине, комбинаторлық есептер оқушыларды дамытудың жақсы құралы болып табылады. Мұғалім үшін тек қана дөрекі күш әдісін меңгеру жеткіліксіз. Сондай-ақ ол шешілген мәселеге қатысты сұрақтарға жауап беруі керек, мысалы, «Барлық істер қаралды ма?»; басқаша айтқанда, комбинаторлық есептердің ерекшеліктері мен оларды шешу әдістері мұғалімнен белгілі бір деңгейдегі математикалық дайындықты талап етеді.

Қорытынды

Комбинаторика және ықтималдықтар теориясының элементтерін оқып-үйрену оқушылардың функционалдық сауаттылығын, ойлауын және түйсігін дамытуға көмектеседі. Бұл тақырып бойынша есептер көп жағдайда нақты өмірлік жағдайлармен байланысты, бұл мектеп оқушыларының математиканы оқуға деген ынтасын арттыруға көмектеседі. Мемлекеттік емтихан және ҰБТ тапсырмалары жыл сайын өзгеріп, күрделене түсуде, сондықтан студенттерге бұл тақырыпты тереңдетіп оқу қажет.

Жұмыс барысында барлық жүктелген міндеттерге қол жеткізілді:

1) «Бастауыш мектепте комбинаторика және ықтималдықтар теориясы элементтерін оқу әдістемесі» тақырыбы бойынша теориялық аспектілер оқытылды;

2) комбинаторика және ықтималдық элементтерін зерттеудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылады;

3) «Бастауыш мектепте комбинаторика және ықтималдықтар теориясы элементтерін зерттеу әдістемесі» тақырыбы бойынша оқу, оқу-әдістемелік, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалды.

Жұмыс барысында зерттеудің негізгі мақсатына қол жеткізілді – мектеп оқушыларын ықтималдықтар теориясы бойынша комбинаторлық есептер мен есептерді шығаруға үйретудің әдістемелік ерекшеліктері зерттелді және анықталды.

Әдебиеттер:

1. Афанасьев В.В. Ықтималдық теориясы: «Математика» мамандығы бойынша оқитын университет студенттеріне арналған оқу құралы. – М.: ред. VLADOS орталығы, 2017. – 319 б.

2. Бунимович Е.А. Ықтималдық және статистика. 5-9 сыныптар: жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. – М.: Тоқаш, 2020. – 254 б.

3. Бродский Я.С. Статистика. Ықтималдық. Комбинаторика. – М.: Оникс, 2019. – 300 б.

4. Дорофеев Г.В., Суворова С.Б., Бунимович Е.А. Алгебра. 7-сынып: Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. – М.: Тоқаш, 2018. – 235 б.

5. Дорофеев Г.В., Суворова С.Б., Бунимович Е.А. Алгебра. 8-сынып: Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. – М.: Бустар, 2017. – 199 б.

6. Дорофеев Г.В., Шарыгин И.В. Математика. 5-сынып: Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. – М.: Тоқаш, 2018. – 335 б.

7. Дорофеев Г.В., Суворова С.Б., Бунимович Е.А. Математика. 6-сынып: Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. – М.: Бустад, 2017. – 217 б.

8. Эрош I.L. Дискретті математика. Комбинаторика: оқулық. – Санкт-Петербург: СПбГУАП, 2019. – 339 б.

9. Зубарева И.И., Мордкович А.Г. Математика. 5-сынып: Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. 14-ші басылым. – М.: Мнемосине, 2017. – 260 б.

10. Зубарева И.И., Мордкович А.Г. Математика. 6-сынып: Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. 14-ші басылым. – М.: Мнемосине, 2017. – 274 б.

11. Макарычев Ю.Н., Миндюк Н.Г. Алгебра. 9-сынып: Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық.18-басылым. – М.: Білім, 2017. – 345 б.

12. Мордкович А.Г. Алгебра. 9-сынып: Жалпы білім беретін мекемелерге арналған оқулық. 12-ші басылым. – М.: Мнемосине, 2017. – 366 б.

IRSTI: 27.01.45

Furkan Yıldız
Astana International University, Kazakhstan

PROBLEMS OF TEACHING AND LEARNING OF GEOMETRY IN SECONDARY SCHOOLS

Abstract: Geometry education in secondary schools is a critical component of mathematical learning, providing foundational skills for higher-level mathematics and applications in various fields. However, this study aims to elucidate the prevalent challenges hindering effective teaching and learning of geometry in secondary schools. This research delves into the multifaceted issues faced by both educators and students, encompassing pedagogical approaches, curriculum design, student engagement, and assessment methodologies. By employing a mixed-methods research design, this study combines surveys, interviews, and classroom observations to collect data from a diverse sample of secondary schools. The findings highlight a range of pertinent concerns, including inadequate instructional resources, insufficient teacher training, and a lack of practical applications in geometry instruction. Additionally, student difficulties in grasping abstract concepts and a dearth of interactive learning experiences are identified as key obstacles. The study concludes with recommendations for targeted interventions, encompassing professional development for teachers, curriculum reforms, and the incorporation of technology-enhanced learning tools. This research contributes to the ongoing discourse on mathematics education, providing valuable insights to enhance the quality of geometry instruction in secondary schools and ultimately promote mathematical proficiency among students

Keywords: geometry, teaching methods, mathematics education

Introduction

Geometry, a fundamental branch of mathematics, plays a pivotal role in equipping students with essential problem-solving skills and spatial reasoning abilities. Its applications span various scientific, technological, and engineering disciplines, underlining its significance in the academic curriculum. However, the effective teaching and learning of geometry in secondary schools often encounter numerous challenges that warrant careful examination. This introduction seeks to provide an overview of the key issues that impede the progress of geometry education in secondary education settings.

The teaching of geometry necessitates a nuanced approach that blends theoretical understanding with practical application. This dynamic requires educators to employ innovative pedagogical techniques, leverage appropriate learning resources, and create an engaging classroom environment. Nevertheless, as educators grapple with these demands, they often face constraints stemming from resource ding to disinterest or frustration.

Simulimitations, outdated instructional materials, and a dearth of specialized training. These challenges can hinder the delivery of geometry education in a manner that truly resonates with students, potentially lealtaneously, students themselves encounter difficulties in comprehending and internalizing geometric concepts. The inherently abstract nature of geometry can pose a formidable barrier, requiring careful scaffolding and support from instructors. Additionally, the disconnect between theoretical geometric principles and their practical applications in everyday life can lead to a lack of motivation among students. As a result, achieving proficiency in geometry becomes a formidable task for many, impacting their overall mathematical competency.

Ultimately, this research aspires to shed light on these issues and offer informed recommendations for interventions. By addressing the identified obstacles, we hope to contribute to the enhancement of geometry education in secondary schools, fostering a more effective and rewarding learning experience for students and educators alike. Through these endeavors, we endeavor to advance the broader goals of mathematical education and empower the next generation with the critical skills needed for success in an ever-evolving world.

Teaching Methods for Geometry

1. Traditional Instructional Methods

Traditional methods involve teacher-led instruction, including lectures, textbook-based learning, and practice exercises. While valuable, these methods should be complemented with interactive activities for better engagement.

2. Manipulatives and Hands-on Activities

Using manipulatives, such as geometric shapes and models, allows students to explore concepts through tactile learning. Hands-on activities, such as constructing models and solving puzzles, create a more interactive learning experience.

Жазу үшін қолданылған өрнектер: $\frac{1}{8}, \frac{2}{8}, \frac{3}{8}$ *бөлшектер* деп аталады.

Бізге мектепте үйретілген әдеттегі математикалық есептеулер жүйесінен басқа, мысалдарды шешудің көптеген әдістері бар. Математика мұғалімі Дмитрий Давидюк осы нұсқалардың бірімен бөлісті.

Ол өзінің әлеуметтік желісінде әртүрлі бөлгіштері бар бөлшектерді қосуды жеңілдететін лайфхак жариялады. Техника «көбелек әдісі» деп аталады. «Көбелек әдісінің» мәні мынада: бөлшектерді қосқанда бірінші бөлшектің алымын екіншісінің бөліміне, содан кейін екіншісінің алымын біріншінің бөліміне көбейту керек. Алынған екі санның қосындысы жауаптағы бөлшектің алымы болады, ал оның бөлгіші қосылған бөлшектердің бөлгіштерін көбейтудің нәтижесі болады. Мысал ретінде мына есепті қарастырайық:

$$\frac{1}{4} + \frac{1}{6}$$



$$= \frac{6+4}{24} = \frac{10}{24} = \frac{5}{12}$$

1. Қанаттарды сызыңыз: басқа бөлшектің алымдары мен бөлгіштері арқылы екі ілмек. Содан кейін, көбелектің денесінің антеннасын және түбін сызыңыз.
2. Суретте көрсетілгендей, біз негізгі көбейтуден бастаймыз. Бөлгіштің екеуін де көбейтіп, көбейтіндіні көбелек денесінің астына жазамыз. Бұл жаңа ортақ бөлгіш болады.
3. Әр циклдегі (қанаттағы) сандарды көбейтіңіз. Өнімді антеннаның астына жазыңыз.
4. Сұрақтың жұмысына байланысты антеннаның астындағы сандарды қосу немесе азайту амалын жасайсыз.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Бесінші сыныпта әртүрлі амалдар арқылы бөлшектерді есептеуді үйрену барысында біз бөлшек есептерді сәтті шешуге қажетті маңызды дағдыларды үйрендік. Бөлшектерді салыстыруды, қосуды, алуды, көбейтуді және бөлуді үйрендік, бұл математикалық есептердегі бөлшектермен және бүтін сан бөліктерімен жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Бұл дағдылардың практикалық маңызы зор және күнделікті өміріміздің әртүрлі салаларында, сондай-ақ болашақта тереңдетілген математика курстарында қолданылады. Бөлшектерді пайдаланып, бүтін санның бөліктерін және бөлшектерін дәл сипаттау мүмкіндігі коммерция, техника, қаржы және басқа салалардағы мәселелерді шешудің маңызды құралы болып табылады.

Сондай-ақ біз математиканың жай ғана ережелер жиынтығы емес, нақты есептерді шешу құралы екенін түсіндік. Бөлшектерді есептеу әдістерін дұрыс түсіну және қолдану бізге әртүрлі математикалық жағдайларды сенімді түрде шешуге мүмкіндік береді. Бөлшектермен жұмыс істеу дағдыларымыз математика мен оны қолданудағы кейінгі табысқа негіз болады.

Әдебиеттер:

1. Bailey D.H., Hoard M.K., Nugent L., & Geary D.C. Competence with fractions predicts gains in mathematics achievement. Journal of Experimental Child Psychology. – 2012. – 113(3). – 447-455. http://doi.org/10.1016/j.jecp.2012.06.004.
2. Battista C., Evans T.M., Ngoon T.J., Chen T., Chen L., Kochalka J., & Menon V. Mechanisms of interactive specialization and emergence of functional brain circuits supporting cognitive development in children. NPJ Science of Learning. – 2018. – 3(1). – 1-11. https://doi.org/10.1038/s41539-017-0017-2.
3. Beckmann S. Mathematics for elementary teachers: Numbers and Operations (Vol. 1). Boston: Addison-Wesley, 2003.
4. Аменицкий Н.Н., Сахаров И.П. Забавная арифметика. – М.: «Наука» главная редакция физико-матиматической литературы 19.
5. Депман И.Я., Виленкин Н.Я. За страницами учебника математики. – М.: Просвещение, 1989.
6. Игнатьев Е.И. В царстве смекалки. – М.: Наука главная редакция физико-математической литературы, 1997.
7. Малых А.Е. История математики в задачах. – Пермь, 1993.
8. Перельман Я.И. Занимательная алгебра. – М.: Наука главная редакция физико-математической литературы, 1987.

ҒТАХР: 27.01.45

Б.Б. Каримова
2 – курс магистранты
Г.Е. Берикханова – ф.-м.ғ.д., профессор, ғылыми жетекші
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ
kakimovabalzhan@gmail.com

ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДА ЧЕВА ЖӘНЕ МЕНЕЛАЙ ТЕОРЕМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Әр жылдардағы мектептің «Геометрия» оқулықтарын салыстыру барысында планиметриялық есептерді шешу кезінде қолданылатын негізгі тұжырымдар мен қасиеттер алынып тасталғанын байқадық. Кейбір теоремалар мен фигуралардың қасиеттері мектептің геометрия курсына мүлдем кірмеген немесе есеп түрінде ғана қарастырылған. Егер сабақта осы типті есептер шығарылмай қалса, онда бұл қасиеттердің оқушыға жетпей қалатыны түсінікті.

Үшбұрыштың геометриясында аттары тарихта теоремалары арқылы орын алған авторлар көп. Мысалы, оқушыларға белгілі ертедегі грек ғалымдары Пифагор мен Фалесті атауға болады. Геометрия оқулығының бағдарламасына енгізіліп, кейіннен жаңартылған білім беру бағдарламасына енбей қалған Чева және Менелай теоремаларының маңызы туралы тоқталамыз. Осы теоремаларды оқушыларды олимпиадалық есептерді шешуге даярлау кезінде қолдану барысында, білімалушылар геометрияны жаңа жағынан танып, жаңа фактілер мен зерттеулерге қол жеткізеді.

Чева теоремасы үшбұрышты қиятын түзу кесінділерінің ұзындықтары арасындағы қатынасты аңықтайтын теорема.

Теорема былай айтылады: Үшбұрыштың AC, CB, AB қабырғаларының бойында сәйкес түрде A', B' және C' нүктелері жатсын. AA', BB' және CC' түзу кесінділерінің бір нүктеде қиылысуы немесе олардың параллел болуы үшін мына қатынастың орындалуы қажетті және жеткілікті:



$$\frac{BA'}{A'C}\cdot\frac{CB'}{B'A}\cdot\frac{AC'}{C'B}=1$$

$$|BA'|\cdot|CB'|\cdot|AC'|=|CA'|\cdot|AB'|\cdot|BC'| \quad [1]$$

Осы түзулер – Чева түзулері немесе чевиана деп аталған. Бұл теореманы 1678 жылы итальян математигі Джованни Чева (1648-1734) дәлелдеген. Үшбұрышты биіктерінің, биссектрисаларының және медианаларының бір нүктеде қиылысуы осы Чева теоремасының салдары болып табылады.

Менелая теоремасының тұжырымдамасы мынандай:

Егер A', B' және C' нүктелері сәйкесінше ABC үшбұрышының BC, CA және AB қабырғаларында немесе олардың созындыларында жатса, онда олар коллинеар болады сонда тек сонда, егер $\frac{AB'}{B'C}\cdot\frac{CA'}{A'B}\cdot\frac{BC'}{C'A}=-1$ шарты орындалса.



Мұндағы $\frac{AB'}{B'C}$, $\frac{CA'}{A'B}$ және $\frac{BC'}{C'A}$ бағытталған кесінділер қатынасын белгілейді. Бұл теоремадан мынандай қатынас шығады:

$$\frac{|AB'|}{|B'C|}\cdot\frac{|CA'|}{|A'B|}\cdot\frac{|BC'|}{|C'A|}=1$$

Осы теоремалардың қолданылуына бірнеше мысал келтірейік.

Мысал – 1. ABC үшбұрышында D нүктесі BC қабырғасын $BD:DC=1:3$ қатынасында бөледі, ал O нүктесі AD қабырғасын $AO:OD=5:2$ қатынасында бөледі. BO түзуі AC кесіндісін қандай қатынаста бөледі (Сурет – 1).



Сурет – 1.

Шешуі:

1-ші әдіс: $DM \parallel BE$ кесінділерін жүргізейік. Фалес теоремасы бойынша $\frac{AE}{EM}=\frac{AO}{OD}=\frac{5}{2}$. Сонда $AE=5k$, $EM=2k$ мұндағы k – пропорционалдық коэфициенті. Сол сияқты $\frac{EM}{MC}=\frac{BD}{DC}=\frac{1}{3}$ бұдан

$MC=3EM=6k$,

$EC=EM+MC=2k+6k=8k$.

Сонда $\frac{AE}{EC}=\frac{5k}{8k}=\frac{5}{8}$.

Бұл есепті шешу үшін қосымша салу қажет болды. Оқушылар осы немесе ұқсас тапсырманы орындау үшін қандай қосымша салу қажет екенін болжай алмайды, сондықтан олар үшін қиындық тууы мүмкін.

2-ші әдіс: ABD үшбұрышын қарастырайық; B, O, E нүктелері сәйкес DC, AD, AC түзулерінің бойында жатыр. B, O, E нүктелері бір түзудің бойында орналасқан. Менелай теоремасы бойынша $\frac{AE}{EC}\cdot\frac{CB}{BD}\cdot\frac{DO}{OA}=1$ теңдігі орындалады. Есептің шарты бойынша $AO:OD=5:2$ және $BD:DC=1:3$ болғандықтан, $\frac{CB}{BD}=\frac{4}{1}$. Қатынастардың осы мәндерін пайдаланып, $\frac{AE}{EC}\cdot\frac{4}{1}\cdot\frac{5}{2}=1$ түрінде жазамыз, бұдан $\frac{AE}{EC}=\frac{5}{8}$.



Осылайша, шешудің әртүрлі тәсілдерін салыстыру арқылы оқушылар оқушылар әр әдістің артықшылығын байқайды.

Мысал – 2. ABC үшбұрышының BD медианасы мен AE биссектрисасы F нүктесінде қиылысады. Егер $AF=3FE$, $BD=4$, $AE=6$ болса, ABC үшбұрышының ауданын табыңыз. [3]

Шешуі: $FE=k$ болсын, сонда

$$AF=3k,\ AE=AF+FE=3k+k=4k,$$

бұдан есептің шарты бойынша

$$4k=6,\ k=\frac{3}{2}.$$

Сонда кесінділердің ұзындықтары $AF=\frac{9}{2}$, $FE=\frac{3}{2}$ болады.

AEC үшбұрышы мен BD қиюшыны қарастырайық. B, F, D нүктелері сәйкес EC, AE, AC түзулерінің бойында жатыр.

Менелай теоремасы бойынша

$$\frac{AF}{FE}\cdot\frac{BE}{BC}\cdot\frac{CD}{DA}=1,$$

бұдан

$$\frac{3}{1}\cdot\frac{BE}{BC}\cdot\frac{1}{1}=1,\ \frac{BE}{BC}=\frac{1}{3}\text{ және }\frac{BE}{EC}=\frac{1}{2}.$$

DBC үшбұрышы мен AE қиюшысын қарастырайық. A, F, E нүктелері сәйкес DC, BD, AE түзулерінің бойында жатыр. Менелая теоремасы бойынша $\frac{DF}{FB}\cdot\frac{BE}{EC}\cdot\frac{CA}{AD}=1$ болады. Бұдан $\frac{DF}{FB}\cdot\frac{1}{2}\cdot\frac{2}{1}=1$, $\frac{DF}{FB}=1$ немесе $DF=FB$.

ABD үшбұрышында AF әрі биссектриса, әрі медиана болды, олай болса, ABD үшбұрышы тең бүйірлі болады. Сондықтан $AF\perp BD$. Сонда ізделінді ауданды табуға болады:

$$S_{\square ABD}=\frac{1}{2}\cdot BD\cdot AF=\frac{1}{2}\cdot 4\cdot\frac{9}{2}=9,\ S_{\square ABD}=\frac{1}{2}\cdot S_{\square ABC}$$

болғандықтан

$$S_{\square ABC}=2\cdot 9=18.$$

Мысал – 3. $SABCD$ төртбұрышты пирамиданың табанында қабырғасы 1 болатын шаршы жатыр. SA қабырғасы табан жазықтығына перпендикуляр және 2-ге тең. А төбесі арқылы BD кесіндісіне параллель көлденең қима жүргізілген, және SC қырын 1:2 қатынаста бөледі.

а) Қима жазықтығы SO кесіндісінің ортасынан өтетіні дәлелдеу керек;

б) Көлденең қиманың ауданын табу керек. [5]



Шешуі: а) $\alpha -$ қима жазықтығы болсын. Есептің шарты бойынша

$$F \in SC, AF \subset \alpha, AF \cap SO = T;\ \alpha \parallel BD,$$

$$BD \subset (BSD), \alpha \cap (BSD) = KL \parallel BD,$$

$T \in KL; ALFK -$ пирамиданың

α жазықтығымен қимасы.

ΔSOC және AF түзуіне Менелая теоремасын қолданамыз $\frac{ST}{TO} \cdot \frac{AO}{AC} \cdot \frac{CF}{FC} = 1,\ \ \frac{ST}{TO} = 1,\ \ ST = TO,\ T$ нүктесі SO-ның ортасы.

б) Т $\in KL, T - SO -$ ның ортасы,

$$KL \parallel BD\ \Rightarrow$$

$KL - \Delta BSD -$ ның орта сызығы және $KL = \frac{1}{2} BD = \frac{\sqrt{2}}{2}$ АF – көлбеу; оның проекциясы $AC \perp BD \Longrightarrow AF \perp BD$ (үш перпендикуляр теоремасы); $KL \parallel BD \Longrightarrow AF \perp KL$ және $S_{ALFK} = \frac{1}{2} AF \cdot KL.$

$\Delta SAC -$ тік бұрышты үшбұрыш,

$$AC = \sqrt{2}, SC = \sqrt{AC^2 + AS^2} = \sqrt{6}, CF = \frac{2}{3} SC = \frac{2\sqrt{6}}{3}.$$

Егер $\angle SCA = \varphi$, онда $cos\varphi = \frac{AC}{SC} = \frac{\sqrt{2}}{\sqrt{6}} = \frac{1}{\sqrt{3}}.$

Косинустар теоремасы бойынша

$$AF = \sqrt{AC^2 + CF^2 - 2AC \cdot CF \cdot cos\gamma} = \sqrt{2 + \frac{24}{9} - 2\sqrt{2} \cdot \frac{2\sqrt{6}}{3} \cdot \frac{1}{\sqrt{3}}} = \sqrt{2}$$

$S_{ALFK} = \frac{1}{2} \cdot \frac{\sqrt{2}}{2} \cdot \sqrt{2} = \frac{1}{2}$. Сонымен қиманың ауданы табылды.

Үшбұрыштарды шешуде, ауданын табуда, кеңістік фигураларының қимасын қарастырғанда Менелай және Чева теоремаларының кең қолданылатынын байқаймыз. Егер бұл теоремаларды оқушы жақсы меңгерсе, конкурстық, олимпиадалық есептерді шешуде үлкен жетістіктерге жетеді деп ойлаймыз. Математикаға қызығушылығы жоғары оқушыларға мектеп бағдарламасында қарастырылмаса да осы теоремаларды үйретудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Математика в школе. – №8. – 2014 г.

2. Мякишев А.Г. Элементы геометрии треугольника. – Библиотека «Математическое просвещение». – М.: Издательство Московского центра непрерывного математического образования, 2002. – 32 с.

3. Ященко И.В., Гордин Р.К. Математика ЕГЭ 2018 профильный уровень. – М.: МЦНМО, 2018.

4. Лопаткина Е.В. Элементарная математика. – Изд-во ВлГУ, 2015.

5. Ященко И.В. Математика ОГЭ 2019, 50 вариантов. – М.: Экзамен, 2019.

6. Атанасян Л.С. Учебник геометрии 7-9

7. Атанасян Л.С. Учебник геометрии 10-11

ҒТАХР: 27.01.45

Л.М. Қыдыралина
PhD, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің ФМҒ және информатика кафедрасының қауымдастырылған профессоры м. а.
Д.З. Берікқанқызы
7М01503 – «Информатика» БББ магистранты
lazat_75@mail.ru

КЕЙС-ӘДІС БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ

Аннотация. Мақала кәсіби дамудың заманауи нәтижелі әдістерінің бірі – білікті мұғалімді даярлауда маңызды рөл атқаратын кейс-әдіске арналған. Мұғалімнің кәсіби дайындығында кейс-әдісті іске асырудың артықшылықтары мен мәні қарастырылды

Түйінді сөздер: кейс-әдіс, құзыреттілік, мұғалім, кәсіби қасиеттер

Аннотация. Статья посвящена одному из современных продуктивных методов профессионального развития – кейс-методу, который играет важную роль в подготовке компетентного учителя. Рассмотрены преимущества и суть реализации кейс-метода в профессиональной подготовке учителя

Ключевые слова: кейс-метод, компетентность, учитель, профессиональные качества

Қоғамды ақпараттандыру процесі жеке тұлғаны толық ашуға және мұғалімнің кәсіби қызметінде пайдалы болуы мүмкін жаңа білім мен дағдыларды игеруге мүмкіндік берді. Бірде-бір мамандық адамға мұғалім,тәрбиеші сияқты талаптар қоймайды. Мұғалім жарқын, қайталанбас тұлға, жалпыадамзаттық құндылықтардың, терең және алуан түрлі білімнің, жоғары мәдениеттің иесі болуға, адам идеалын жүзеге асыруға ұмтылуға міндетті.

Мұғалімнің ерекше кәсіби және қоғамдық функциялары, әрқашан объективті сыншылардың көз алдында болу қажеттілігі – тәрбиеленушілердін, мүдделі ата-аналардын, жалпы жұртшылық мұғалімнің жеке басына, оның моральдық келбетіне жоғары талаптар қояды. Мұғалімге қойылатын талаптар – бұл педагогикалық қызметтің сәттілігін анықтайтын кәсіби қасиеттер жүйесі.

Мұғалімнің маңызды кәсіби қасиеттеріне мыналар жатады: еңбексүйгіштік, жұмысқа қабілеттілік, тәртіптілік, мақсатты анықтау, оған жету жолдарын таңдау, ұйымшылдық, табандылық, өзінің кәсіби деңгейін жүйелі және жоспарлы түрде арттыру, өз жұмысының сапасын үнемі арттыруға ұмтылу. Оқу-тәрбие процесінде қолайлы қарым-қатынас жасау үшін мұғалімнің төменгі жеке қасиеттері ерекше мәнге ие болады: адамгершілік, мейірімділік, шыдамдылық, адалдық, жауапкершілік, әділдік, міндеттілік, объективтілік, жомарттық, адамдарға деген құрмет, жоғары адамгершілік, оптимизм, эмоционалды тепе-теңдік, қарым-қатынас қажеттілігі, оқушылардың өміріне қызығушылық, ізгі ниет, өзін-өзі сынау, достық, ұстамдылық, қадір-қасиет, патриотизм, діндарлық, принциптілік, жауаптылық, эмоционалды мәдениет және басқалар.

Бүгінгі таңда педагогикалық және жеке қасиеттерден басқа, оқытушылық қызметке, жоғары интеллект пен мәдениет деңгейіне, жеке шығармашылыққа бейімділікке және жаңа ақпараттық әлемде өмір сүру және жұмыс істеу қабілетіне ие жаңа типтегі мұғалімдер қажет. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін маманның кәсіби мансабының сәттілігі және алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын практикалық қызметте жүзеге асыру маманның кәсіби құзыреттілігіне байланысты.

Қазіргі ғылыми зерттеулерде «құзыреттілік» ұғымы кәсіби, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық және басқа сипаттамаларды біріктіретін күрделі, сыйымды мазмұнды қамтиды және түсініледі: белгілі бір пәндік салада белгілі бір әрекетті орындау үшін қажет арнайы қабілет ретінде, оның ішінде жоғары мамандандырылған білім, дағдылар, ойлау тәсілдері және олардың әрекеттері үшін жауапкершілікті түсіну [1]; адамды іс-әрекетке қосу өлшемі ретінде, ал білім ақпарат жиынтығы ретінде емес, жағдайды ойша өзгерту құралы ретінде қарастырылады [2]; жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің жиынтығы ретінде (білім, дағдылар, іскерлік, іс-әрекет тәсілдері), белгілі бір объектілер мен процестерге қатысты берілген және оларға қатысты сапалы және өнімді әрекет ету үшін қажет [3].

Маманның кәсіби құзыреттілігі жалпыланған түрде жеке тұлғаның қабілеттерінің, дағдылар мен қасиеттерінің, сондай-ақ белгілі бір салада табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен тәжірибенің жиынтығы болып табылады.

Құзыретті мұғалімді дайындаудағы маңызды рөл кәсіби дамудың заманауи нәтижелі әдістеріне жатады. Олардың ішінде кейс-әдіске ерекше орын беріледі. Мұғалімдерді кәсіби даярлау процесіне кейс-әдісті енгізу ықпал етеді: кәсіби қызметтің барлық түрлері бойынша типтік міндеттерді шешу қабілетін қалыптастыру; білім беру процесіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынастарды ізгілендіру; білім алушылардың субъективті ұстанымын қалыптастыру; аналитикалық және бағалау дағдыларын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту, қойылған мәселенің неғұрлым ұтымды шешімін табу; коммуникативтік қабілеттерді жандандыру; икемділікті дамыту ойлаудың диалектикасы және т. б.

«Кейс» ұғымы латынның «casus» сөзінен шыққан – шатастыратын, ерекше жағдай. Ұзақ уақыт бойы кәсіптік білім беру саласындағы зерттеушілер «кейс-әдіс» ұғымын қолданды, бірақ жақында «кейс-технология» термині кеңінен қолданыла бастады, бұл мамандардың әдісті кәсіптік білім беру практикасына тез енгізуге деген қызығушылығының артуын көрсетеді.

Кейс-әдіс – бұл нақты немесе ойдан шығарылған жағдайларға негізделген қысқа мерзімді оқытудың интерактивті әдісі, ол білімді игеруге емес, оқушылардың бойында жаңа қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Оның басты мақсаты – әртүрлі мәселелерді талдау және олардың шешімін табу қабілетін, сондай-ақ ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамыту.

Кейс технологиясын қолдану әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Кейсте көрсетілген мәселені шешу процесі – танымдық іс-әрекеттің ұжымдық сипатын білдіретін танымның шығармашылық процесі. Технология білім алушылардың ғылымда белгілі білімді өндірудегі шығармашылық қызметіне еліктеуді қамтамасыз етеді, оны түбегейлі жаңа білім алу үшін де қолдануға болады. Батыс елдерінде кейс тек педагогикалық әдіс ретінде ғана емес, сонымен қатар зерттеудің тиімді әдісі ретінде де қолданылады.

Кейс әдісінің кейбір технологиялық ерекшеліктерін бөліп көрсетейік: зерттеу аналитикалық технологиясының бір түрі, яғни. зерттеу процесінің операцияларын, аналитикалық процедураларды қамтиды; ұжымдық оқыту технологиясы ретінде әрекет етеді, оның маңызды компоненттері топтағы (немесе кіші топтардағы) жұмыс және өзара ақпарат алмасу, соның ішінде жеке, топтық және ұжымдық даму процедуралары, білім алушылардың әр түрлі жеке қасиеттерін қалыптастыру; жобалау технологиясының ерекше түрі ретінде әрекет етеді. Кейс-әдіс шеңберінде проблеманы және оны шешудің жолдарын «кейс» негізінде қалыптастыру жүріп жатыр, ол бір мезгілде техникалық тапсырма және тиімді іс-әрекеттің нұсқаларын түсіну үшін ақпарат көзі ретінде әрекет етеді.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде кейс-әдіс белсенді оқыту әдістеріне жатады. Белсенді оқыту идеяларына сәйкес, XX ғасырдағы көрнекті экспоненттердің бірі Дж. Дьюи, білім беру практикасында білім мен әрекетті біріктіру қажет болды [4]. Өткен ғасырдың соңында Гарвард бизнес мектебінде білім мен практиканы интеграциялау міндеті қойылды, оны шешу үшін мұғалімдерді нақты жағдайлар әдісін қолдануға үйрету бағдарламалары жасалды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде кейс-әдіс оқытушыларын оқытуды ұйымдастырушылар педагогтарды осы әдісті қолдануға даярлаудың үш қағидатын әзірледі:

1) оқытушы талқылау үдерісіне жетекшілік етуі тиіс, оның барысында жекелеген білім алушылар мен жалпы топ нақты жағдайды оның барлық күрделілігімен зерттейді;

2) пікірталасқа басшылық ету тиімділігінің негізгі шарты мұғалімнің жағдайды сипаттауда қамтылған мәліметтерді пайдалана білуі болып табылады;

3) оқытушыларды талқылау технологияларын оқытуға болады.

Осылайша, кейс-әдісті әртүрлі позициялардан қолдану нәтижесінде нақты жағдай талданады, проблемалар мен қақтығыстардың себептері анықталады, оларды жеңу бойынша іс-шаралар ұсынылады, олардың тиімділігі бағаланады, жағдайдың одан әрі дамуы туралы болжамдар жасалады. Нақты жағдайларды талқылау барысында оқытушы мен білім алушылардың белсенді өзара іс-қимылы кейс-әдісті оқытудың интерактивті әдістеріне де жатқызуға мүмкіндік береді.

Кейс-әдістің маңызды дидактикалық артықшылықтарының бірі – топтық пікірталас процесінде оқытуды даралау принципін жүзеге асыру. Кейсті талқылау барысында білім алушылар өз пікірлерін білдіре алады, мәселені шешу үшін қабылданған іс-әрекеттерге баға бере алады, қалыптасқан теориялық түсініктерге сәйкес жағдайдың одан әрі даму барысын болжай алады.

Өз тәжірибесінде нақты жағдайлар әдісін қолданатын мұғалім білім алушыларды тиімді оқытып қана қоймай, сонымен қатар өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алады. Әр түрлі білім алушылар арасында істі талқылау мұғалімге бұрын қарастырылған мәселелерге жаңа көзқараспен қарауға, оны шындықпен, кәсіби тәжірибемен тікелей байланыстыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің кәсіби дайындығында кейс-әдісті іске асырудың мәні арнайы әзірленген проблемалық педагогикалық жағдайларды, оларды шешу жолдары мен тәсілдерін талдау, қабылданған шешімдерді бағалау және болжау болып табылады. Талқылау барысын әдетте мұғалім басқарады, жалпы талқылау барысында білім алушылар шешуді қажет ететін ең маңызды мәселелерді анықтайды, оларда бар барлық ақпаратты талдайды, одан ең маңыздысын таңдайды, қолда бар психологиялық-педагогикалық білімдер негізінде шешудің мүмкін жолдарын ұсынады, сол немесе басқа нұсқаның сәттілік ықтималдығын бағалайды. Нақты жағдайларды талқылау барысында білім алушылардың теориялық білімдері өзектендіріледі, олардың практикалық іскерліктері мен дағдылары дамиды, олар ақпаратпен жұмыс істеуге, кәсіби шешімдер қабылдауға үйренеді. Сондай-ақ, кейс-әдісті қолданудағы маңызды талаптардың бірі – жағдайларда сипатталған оқиғалардың шындығы екенін атап өткен жөн, сондықтан нақты жағдайлар шынайы фактілер негізінде жасалады.

Педагогикалық білім беруде кейс-әдісті қолдану кәсіптік оқыту жүйесінің келесі маңызды міндеттерін шешуге ықпал етеді [5]: педагогикалық теория мен практиканың сындарлы өзара іс-қимылын қамтамасыз ету; позитивті мотивацияны, мамандыққа деген қызығушылықты дамытуды ынталандыру; кәсіби салада әлеуметтік коммуникация іскерліктері мен дағдыларын дамыту; болашақ мұғалімдердің қажетті кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру; кәсіби қызметтің тиімділігін қамтамасыз ететін шешімдер қабылдауда студенттердің зияткерлік қабілеттерін, олардың шығармашылығын, дербестігін дамытуға жәрдемдесу.

Педагогикалық білім беруде кейс-әдісті қолдану бағыттарын қарастырайық: білім алушы практиканттар берген нақты проблемалық жағдайлардың сипаттамаларын болашақ мұғалімдердің кәсіби шешімдер қабылдауға дайындық деңгейін талдау және бағалау үшін пайдалану; педагогикалық практика барысында туындаған өзекті мәселелерді білдіру құралы ретінде білім алушылардың ісін қолдану, оларға педагогикалық қолдау көрсету мақсатында олармен осы мәселелерді пысықтау; басқа практиканттарда ұқсас проблемалардың туындауының алдын алуға, олардың интеллектуалдық белсенділігін ынталандыруға, педагогикалық ойлауды дамытуға бағытталған топтық пікірталасты ұйымдастыру үшін білім алушылар әзірлеген кейстерді пайдалану; болашақ мұғалімдердің педагогикалық мәселелерді анықтау және сәйкестендіру, кәсіби шешімдер қабылдау, олардың тиімділігін бағалау, баламаларды көру, жағдайдың одан әрі даму барысын болжау, алдыңғы тәжірибеден сабақ алу қабілеттерін дамыту мақсатында сабақтарда талқылау үшін арнайы әзірленген педагогикалық кейстерді (оқу кейстерін) қолдану; психологиялық-педагогикалық білімді өзектендіруге, олардың негізінде мұғалімдердің, оқушылардың шешімдері мен іс-әрекеттерін түсіндіруге, мәселені шешу бойынша өз ұсыныстарын негіздеуге мүмкіндік беретін теорияны практикамен байланыстыру құралы ретінде оқу жағдайын пайдалану; оқу аудиториясында нақты жағдайларды, осы жағдайда шешім қабылдау процесінің психологиялық атмосферасын неғұрлым жарқын және бейнелі түрде қайта құру мақсатында имитациялық-модельдеу ойындарың кейстер негізінде әзірлеу, қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру бойынша тренингті жүзеге асыру; жас мұғалімдерде кездесетін негізгі проблемалар мен қиындықтарды анықтау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін білім алушылар әзірлеген кейстерді пайдалану; олардың арасында ең көп таралған шешімдер мен тиісті әрекеттерді анықтау; болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын ұйымдастыру мен мазмұнындағы кемшіліктерді ашу.

Осы әдістің көмегімен білім алушылар аналитикалық және бағалау дағдыларын көрсетуге және жетілдіруге, командада жұмыс істеуді үйренуге, теориялық материалды практикада қолдануға мүмкіндік алады.

Бұл әдісті қолдану нақты өмірдегі мәселелерді шешудің екіұштылығын көруге, зерттелген материалды практикамен байланыстыруға дайын болуға мүмкіндік береді – мұны оқытудың белсенді әдістері арқылы, соның ішінде кейстерді оқыту курстарына енгізу арқылы үйрету керек.

Әдістің сөзсіз артықшылығы тек білім алу және практикалық дағдыларды қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың құндылықтар жүйесін, өмірлік көзқарастарын дамыту болып табылатындығын ерекше атап өткен жөн.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, кейс-әдіс режимінде дамитын мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің компоненттерін қарастырайық:

- Ақпараттық компонент. Бұл компонент мұғалімнің қажетті білім, іскерліктер мен дағдыларды игеруімен сипатталады: пән бойынша жалпы кәсіби білім, оқыту әдістемелерін, жалпы физиология мен психология негіздерін, атап айтқанда жас психологиясын, педагогика мен дидактика негіздерін, педагогикалық іскерліктер мен дағдыларды меңгеру; ақпаратты өңдеу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызметте және күнделікті өмірде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жұмыс істеу және қолдану негіздерін білу.
- Проективті компонент түпкілікті нәтижеге назар аудара отырып, оқу процесін жобалау қабілетімен, оқу процесінде заманауи технологияларды қолданудың перспективалық негіздерін білумен, білім беру процесін жаңа білім беру ортасына жобалау қабілетімен сипатталады.
- Конструктивті компонент алдағы оқу сабақтарының жоспарларын құруды және оған дайындалуды білдіреді.
- Ұйымдастырушылық компонент – білім беру қызметін құра білу, әртүрлі білім беру траекторияларын білу, білім алушылар ұжымын басқару негіздері, Педагогикалық басқарудың негізгі функцияларын жүзеге асыра білу, ұжымның алдына мақсат қоя білу және белгіленген нәтижелерге қол жеткізу, білім алушылардың ынтасын арттыру мүмкіндігі.
- Қарым-қатынас компоненті тұлғааралық қарым-қатынас негіздерін білуді, педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыра білуді, ақпараттың өзектілігі мен сенімділігін анықтауды, білім алушылармен байланыс орната білуді, рефлексияны, педагогикалық ұжымда жұмыс істей білуді, басқалармен қарым-қатынас жасай білуді білдіреді.

Осылайша, кейс-әдіс режиміндегі білім беру қызметі мыналарға бағытталған: мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің компоненттерін қалыптастыру және дамыту; ақпаратпен жұмыс істей білуге бағытталған реттелген, құрылымдалған ойлау дағдыларын дамыту; пікір алмасу мәдениетін тәрбиелеу; оң нәтижеге жету үшін өзін-өзі бақылау қажет болатын жағдайлар бар екенін түсінуді қалыптастыру, әсіресе топта жұмыс істеу жағдайында.

Кейс-әдісті кәсіптік білім берудің кез келген саласында, әсіресе қызметінде шешім қабылдауға ерекше мән берілетін және олардың нәтижелері үшін үлкен жауапкершілік жүктелетін мамандарды даярлау кезінде қолдануға болады. Бұл қызмет түріне мұғалім мамандығы жатады. Жоғары педагогикалық білім берудің маңызды міндеті педагогикалық қызметтің қарқынды дамып келе жатқан жағдайларында кәсіби сауатты шешімдер қабылдауға қабілетті мамандарды даярлау болып табылады. Кәсіби қызметтің барлық жетістігі қабылданған шешімдердің тиімділігіне байланысты.

Әдебиеттер:

1 Преподавание в сети Интернет: учеб. пособие; отв. редактор В.И. Солдаткин. – М.: Высшая школа, 2003.

2 Шерпаев Н.В. Электронный учебник как основа учебно-методического комплекса // Материалы конференции «ИТО-2002». – М., 2002,

3 Христочевский С.А. Электронный учебник текущее состояние/С. А. Христочевский // Компьютерные инструменты в образовании. – 2001. – № 6.

4 Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления (Как мы мыслим.) Перевод с английского Н.М. Никольской. Редакция Ю.С. Рассказова. – М.: Издательство «Лабиринт», 1999.

5 Темина С.Ю. Основные направления применения кейс-технологий в профессиональной подготовке учителя /И.П. Андриади, С.Ю. Темина. – Эксперимент и инновации в школе. – 2010. – № 3.

ҒТАХР: 27.23.21

А.Ш. Надырбекова, А.Қ. Жалбаева, М.М. Жайлыш
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Қазақстан, Тараз қ.,
ainur_kz75@mail.ru, zhylbaeva03@gmail.com, zhailysh12012002@mail.ru

АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛДЫ ТҮРЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЛДЫҚ ҚОСЫНДЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ЕСЕПТЕУ

Аннотация: Бұл мақалада анықталған интегралды түрлендіру мен интегралдық қосындының көмегімен интегралды есептеу қарастырылған.

Кілт сөздер: анықталған интеграл, интегралдық қосынды, интегралдық қосындының шегі.

$y = f(x)$ функциясы $[a,\ b]$ кесіндісінде $a < b$ анықталған, бұл аралықтың ешбір нүктесінде шексіздікке айналып кетпейтін, басқаша айтқанда, шектелген функция болсын. Бұл функция үздіксіз және үзілісті болуы да мүмкін. Онда біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

1) $[a,\ b]$кесіндісінде кез келген тәсілмен таңдалған $a = x_0 < x_1 < \cdots < x_{i-1} < x_i < \cdots < x_n = b$ нүктесін$[x_0,\ x_1],\ [x_1,\ x_2], \ldots, [x_{i-1},\ x_i], \ldots, [x_{n-1},\ x_n]$ түріндегі n бөлікке бөлейік;

2) Бөліктелген кесіндінің әрқайсысында $[x_{i-1},\ x_i]$, $i = 1,\ 2,\ \ldots\ ,\ n$және қалаған $z_i \in [x_{i-1},\ x_i]$ нүктесін алып, осы нүктедегі $f(z_i)$ функцияның мәнін есептейміз;

3) $f(z_i) \cdot \Delta x_i$көбейтіндісін тауып, (бұл жерде Δx_i $-[x_{i-1},\ x_i]$сәйкес кесіндінің ұзындығы, $i = (1,\ 2,\ \ldots\ ,\ n)$, $\Delta x_k = x_k - x_{k-1}$ қосындысын құрайды,

$$\sigma = f(z_1)\Delta x_1 + f(z_2)\Delta x_2 + \cdots + f(z_n)\Delta x_n = \sum_{i=1}^{n} f(z_i)\Delta x_i,$$

Бұл $[a,\ b]$ кесіндісіндегі $y = f(x)$ функциясыныңинтегралдық қосындысы деп аталады.[1]Егер интегралдық қосындының соңғы шегі болса және ол кесіндіні $[a,\ b]$дербес кесіндіге бөлу әдісіне де, олардағы z_iнүктелерді таңдауға да тәуелді болмаса, бұл шек $y = f(x)$ функцияның $[a, b]$ кесіндісіндегі анықталған интегралы $\int_a^b f(x)dx$ деп аталады.

Осылайша,$\int_a^b f(x)dx = \lim_{\lambda \to 0} \sum_{i=1}^{n} f(z_i)\Delta x_i$.

Анықтамаға сәйкес, интегралды есептеуді қарапайым сандық тізбектің шегін есептеуге дейін азайтуға болады. Бірақ, бұл жолда екі қиындық туындайды. Біріншіден, бұл бұл тұжырымды қолдану үшін алдымен интегралды есептеу қажет болатын функцияның интегралдалатынын дәлелдеу қажет. Екіншіден, интегралдық қосындылардың реттілігі оның шегін есептеуге болатындай етіп таңдалуы керек.

Алғашқы мәселе, анықталған интегралдар теориясында шешіледі және үзіліс нүктелерінің шектеулі саны бар үзіліссіз, монотонды және шектеулі функциялар үшін интегралдың бар болуы дәлелденді. Төмендегі мысалдарда барлық интегралдық финкциялар үзіліссіз болады.

Анықталған интегралды есептеуде сол берілген функцияның интегралдануын есептеуде дайын таблицалық интегралдың көмегімен емес, оның қалай шығатынын анықтама бойынша, сан тізбегінің дәл жоғарғы шекарасы мен дәл төменгі шекарасын қолданып, функция тізбегінің шегін, математикалық индукцияны, интегралдық қосындыны және интегралық қосындының шегін есептеу арқылы кейбір интегралданатын функцияларды қарастыра аламыз.

Анықталған интегралды оның анықтамасына сәйкес интегралдық қосындының шегі[1] ретінде есептеуге бірқатар мысалдар келтірейік.

Мысал 1. Интегралдың анықтамасына сүйене отырып, v_0 және g - тұрақты болса, табу керек:

$$\int_0^T (v_0 + gt)\,dt$$

$[0;\,T]$ сегментін n тең бөліктерге бөлуді қарастырайық:

$$\tau_i = \frac{T_i}{n}, \qquad 0 \le i \le n$$

Бөліктердің сол жақ шеткі нүктелерін белгілеп аламыз:

$$\xi_i = \tau_i$$

$f(t) = v_0 + gt$функциясы үшін интегралды қосынды мынаған тең:

$$S_n = \sum_{i=0}^{n-1}(v_0 + g\xi_i)\,(\tau_{i+1} - \tau_i) = \sum_{i=0}^{n-1}\left(v_0 + g\frac{T_i}{n}\right)\frac{T}{n} = \frac{T}{n}\left(v_0 n + \frac{gT}{n}\sum_{i=0}^{n-1} i\right).$$

Арифметикалық прогрессияның қосындыға байланысты формуласында

$$\sum_{i=0}^{n-1} i = \frac{n(n-1)}{2},$$

Сондықтан,

$$S_n = \frac{T}{n}\left(v_0 n + \frac{gTn(n-1)}{2n}\right) = v_0 T + \frac{gT^2(n-1)}{2n}$$

Сәйкесінше,

$$\int_0^T (v_0 + gt)\,dt = \lim_{n \to +\infty}\left(v_0 T + \frac{gT^2(n-1)}{2n}\right) = v_0 T + \frac{gT^2}{2}$$

Жауабы:$\int_0^T (v_0 + gt)\,dt = v_0 T + \frac{gT^2}{2}$

Мысал 2. $\int_0^1 x^3 dx$ анықталған интегралды есептеу керек.

$$\int_0^1 x^3 dx = \lim_{n \to \infty} \sum_{k=1}^{n} \left(\frac{k}{n}\right)^3 \frac{1}{n} = \lim_{n \to \infty} \frac{1}{n^4} \sum_{k=1}^{n} k^3$$

Енді текшелердің қосындысының формуласын қолданамыз,

$$1^3 + 2^3 + 3^3 + \cdots + n^3 = \frac{n^2(n+1)^2}{4}$$

$$\lim_{n\to\infty} \frac{n^4 + 2n^3 + n^2}{4} = \lim_{n\to\infty} \frac{1}{n^4}\left(\frac{n^4}{4} + \frac{n^3}{2} + \frac{n^2}{4}\right) = \lim_{n\to\infty}\left(\frac{1}{4} + \frac{1}{2n} + \frac{1}{4n^2}\right) = \frac{1}{4}$$

$\int\limits_0^1 x^3 dx \ = \frac{1}{4}$ тең болады.

Мысал 3.$\int_0^{10}(1+x)dx$ анықталған интегралды интегралды қосынды көмегімен есептеу.

Шешуі:

$$\Delta x_k = \frac{10-1}{n} = \frac{9}{n} \text{ және } \xi_k = x_k = x_0 + k\Delta x_k = 1 + \frac{9k}{n}$$

$$f(\ \xi_k) = 1 + 1 + \frac{9k}{n} = 2 + \frac{9k}{n}.$$

Осыдан

$$\lim_{n\to\infty}\sum_{k=0}^{n=1} f(\ \xi_k)\Delta x_k = \lim_{n\to\infty}\sum_{k=0}^{n=1}(2 + \frac{9k}{n})\frac{9}{n} = \lim_{n\to\infty}\left(\frac{18}{n}n + \frac{81}{n^2}(0 + 1 + \ldots + n - 1)\right) =$$

$$= \lim_{n\to\infty}\left(18 + \frac{81}{n^2}\frac{n(n-1)}{2}\right) = \lim_{n\to\infty}\left(18 + \frac{81}{2}\left(1 - \frac{1}{n}\right)\right) = \lim_{n\to\infty}\left(58\frac{1}{2} - \frac{81}{2n}\right) =$$

$$= 58\frac{1}{2}$$

Жауабы:$\int_0^{10}(1+x)dx \ = 58\frac{1}{2}$

Мысал 4.$\lim\limits_{n\to\infty}(\frac{1}{n+1} + \frac{1}{n+2} + \ldots + \frac{1}{2n})[0,1]$ кесіндідегі шекті анықталған интегралдың анықтамасы арқылы есептеу керек.

Шешуі:

$$\lim_{n\to\infty}\sum_{k=1}^{n} f(\ \xi_k)\Delta x_k = \lim_{n\to\infty}\left(\frac{1}{n+1} + \frac{1}{n+2} + \ldots + \frac{1}{2n}\right)$$

$$\frac{1}{n+1} + \frac{1}{n+2} + \ldots + \frac{1}{2n} = \frac{1}{n}\left(\frac{1}{1+\frac{1}{n}} + \frac{1}{1+\frac{2}{n}} + \frac{1}{1+\frac{n}{n}}\right)$$

$\Delta x = \frac{1}{n}$ - бөлінген бөліктің ұзындығы.

Егер [0,1] кесіндісінде n бірдей бөлікке бөлінсе,

$$x_0 = \frac{1-0}{n} = \frac{1}{n},\ \ x_1 = \frac{2}{n}, \ldots,\ \ x_n = \frac{n}{n} = 1$$

$$\lim_{n\to\infty}\left(\frac{1}{n+1} + \frac{1}{n+2} + \cdots + \frac{1}{2n}\right) = \lim_{n\to\infty}\frac{1}{n}\left(\frac{1}{1+\frac{1}{n}} + \frac{1}{1+\frac{2}{n}} + \frac{1}{1+\frac{n}{n}}\right) =$$

$$= \lim_{n\to\infty}\sum_{k=1}^{n} f(\ \xi_k)\Delta x_k = \lim_{n\to\infty}\sum_{k=1}^{n}\frac{1}{1+\frac{k}{n}}\cdot\frac{1}{n} = \int\limits_0^1 \frac{1}{1+x}dx = \ln[1+x]|_0^1 =$$

$=\ln 2 - \ln 1 = \ln 2$

Жауабы:$\ln 2$

Мысал 5.$\lim\limits_{n\to\infty}\left(\frac{1}{n^2}+\frac{2}{n^2}+\cdots+\frac{n}{n^2}\right)$ [0,1] кесіндідегі шекті анықталған интегралдың анықтамасы арқылы есептеу керек.

Шешуі:

$$\frac{1}{n^2}+\frac{2}{n^2}+\cdots+\frac{n}{n^2}=\frac{1}{n}\left(\frac{1}{n}+\frac{2}{n}+\cdots+\frac{n}{n}\right)$$

$\Delta x=\frac{1-0}{n}=\frac{1}{n}-$ бөлінген бөліктің ұзындығы.

$x_0=0,\ x_1=\frac{1}{n},\dots,\ \ x_n=\frac{n}{n}=1$

$$\lim_{n\to\infty}\left(\frac{1}{n^2}+\frac{2}{n^2}+\cdots+\frac{n}{n^2}\right)=\lim_{n\to\infty}\frac{1}{n}\left(\frac{1}{n}+\frac{2}{n}+\cdots+\frac{n}{n}\right)=$$

$$=\lim_{n\to\infty}\sum_{k=1}^{n}f(\xi_k)\Delta x_k=\lim_{n\to\infty}\sum_{k=1}^{n}\frac{k}{n}\cdot\frac{1}{n}=\int_0^1 x\,dx=\left.\frac{x^2}{2}\right|_0^1=\frac{1}{2}-0=\frac{1}{2}$$

Жауабы: $\frac{1}{2}$

Анықталған интегралды интегралды қосындының көмегімен есептеу, оңай есептелетін есепке де айтарлықтай күш салатынын және бұл әдісті өте сирек қолданатынымызды байқаймыз. Бірақ, интегралды қосындының көмегімен есептеу әрқашан нақты есептелінеді[3].

Әдебиеттер:

1. Фихтенгольц Г.М. Основы математического анализа: Учебник. Ч.1. – 10-е изд., стер. – СПб.: Издательство «Лань», 2015. – 448 б.

2. Жәутіков О.А. Математикалық анализ курсы. – Алматы: Экономика, 2014. – 832 б.

3. Макусева Т.Г. Математический анализ. Основные методы интегрирования. – Саратов: Ай Пи Ар Медиа, 2019. – 235 с.

ҒТАХР: 14.15.07

А.Р. Абылғазиева
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, магистрант
Aruzhan@mail.ru

БІЛІМДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық-компьютерлік технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді педагогикалық үдерісте ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдануға ғана емес, осы құралдарды жасауға дайындау өзекті мәселе болып табылады.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын қайта қарауды талап етуде. Бұл үдеріс білімнің жаңа аймақтарына енудің қажеттілігі мен оны жеке тұлғаның толық көлемде меңгеруінің қиыншылықтары арасындағы қарама-қайшылықтары ретінде белең алып отыр. Осыған орай, бүгінгі ғаламдық білім беру кеңістігіне сай білім беру, танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу-көкейкесті мәселе болып табылады.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер, жаһандану, демографиялық өзгерістер, орнықты даму, тыныштық пен қауіпсіздік, технологиялар әлемдік білім беру жүйесін заман талабына сай қайта қарау қажеттігін паш етті. Білім беру саласында жасалынған бүкіләлемдік білімнің мәні білім алушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігімен айқындалады.

Қазіргі кезде қоғамды ақпараттандыру кез келген салада, солардың ішінде білім беру саласында да ерекше мәнге ие. Ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оқу орындарының оқу үрдісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сондықтан да болашақ мұғалімдерді даярлайтын жоғары оқу орындарында оқу үрдісін ақпараттандыру маңызды болып табылады. Өзгермелі қоғамда түрлі жағдайларда өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндігі жеткілікті, мәселені жылдам шешу жолын таба білетін, дамыған қоғамның талаптарын орындауда кездескен қиыншылықтарды жеңіл шеше алатын креативті тұлға қалыптастыруда білімді ақпараттандыру ерекше орын алады.

Физика курсы әрқашан өте күрделі, қабылдауы оңай емес біршама ұғымдардан тұратындығы белгілі. Ғылым дамуының жылдам қарқыны мұндай ұғымдардың, айғақтардың, идеялар мен заңдылықтардың ұлғаюына әкеледі. Мектеп оқушыларымен қатар жоғары оқу орнының студенттері үшінде ғылыми-зерттеу орталықтары мен өндірісте қолданылатын қондырғыларда орын алатын аса күрделі құбылыстарды елестетіп, олардың жұмыс істеу принциптерін түсіндіру көптеген қиындықтарды туғызады. Осындай қиындықтардан шығуда ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылады. Физика пәні техникада, қоғамды компьютерлендіруде, өндірісті автоматтандыруда маңызды ғылым болғандықтан жастарды тәрбиелеуде, қабілеттерін дамытуда алатын орны ерекше. Қоғамның дамуымен пайда болған жаңа физикалық ұғымдар білім алушының қабылдауына еніп, оларды шығармашылық қолданып және өзінің практикалық қызметінде жетістіктерге жетуі үшін физиканы оқыту әдістемесін үздіксіз дамытып отыруды қажет етеді.

Дегенменен, болашақ физика мұғалімдерін даярлауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жеке пәндерді оқыту әдістемесі бір жүйеге түспей, жекелеген ұсыныстар деңгейінде қалыптасып отыр. Жоғары оқу орындарында «Оптика» пәнін оқыту және заңдылықтарын практикада қолдану техникалық білім беруде, білім алушылардың диалектикалық – материалдық көзқарастарын қалыптастыруда, білім алушылардың әдістемелік білімі, олардың логикалық және креативтілік дамуында өте үлкен рол атқарады. Міне, осыларды негізге ала отырып білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ физика мұғалімдерін оқытуды қалыптастыру негізінде дамыту қазіргі заманның көкейкесті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Осылайша, болашақ физика мұғалімдерін даярлауда білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаттары мынадай:

- ақпаратты өңдеу, қолдану, сақтау және беру технологияларын, білім беруді ақпараттандыру құралдарын тиімді пайдалану саласында және ақпараттық қоғамда білім беруді ақпараттандыру рөлі мен орны туралы көріністі қалыптастыру;
- оқудан тыс, ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушылық-басқарушылық іс-әрекеттерімен, оқыту нәтижелерін бақылау, оқыту үдерісінің бір жақты қажеттіліктерімен, ақпараттандыру әдістерімен таныстыру;
- ақпараттандыру құралдарын тәжірибелік қолдану стратегиясын үйрету туралы білімдерді қалыптастыру;
- ақпараттық құралдардың көмегімен болашақ физика мұғалімдерінің физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды меңгеруіне көмек жасау, шығармашылық қабілеттерін, креативті ойлауын дамыту [2].

Оптика – жарықтың табиғатын, жарықтың таралу заңдылығын, жарықтың затпен әсерлесуіндегі байқалатын әр-түрлі құбылыстарды қарастыратын физика ғылымының дербес саласы болып табылады. Оптикалық құбылыстардың кейбіреулері, жарықтың түзу сызық бойымен таралуы, жарықтың шағылуы мен сынуы және т.с.с құбылыстары ерте заманнан белгілі болып келді. Жарық сәулесі электромагниттік толқын болып табылады, сол себепті оптика – электромагнитті өріс жайындағы жалпы ғылымның бір бөлігі болып табылады. Оптикалық сәуле шығару аумағына рентген сәулесі мен радиотолқындар аралығында орналасқан ультракүлгін, көрінетін және инфрақызыл сәулелері кіреді. Яғни оптикалық сәуле шығарудың толқын ұзындығы 10 нм - 1мм аралығында болады [3]. Жарықтың толқындық табиғатын сипаттайтын интеррференция, дифракция, поляризация құбылыстары негізінде көптеген құралдар жұмыс істейді. Кез келген спектральдық құралдың жарық жіктейтін негізгі элементі болып дифракциялық тор саналады. Дифракция және интерференция құбылысының негізінде қазіргі кезде кең қолданыс тапқан голографиялық кескін жазу жүзеге асырылады. Мысалы, телескоппен спектроскоптың ойлап табылуы табиғатта болып жатқан құбылыстардың өте бай дүниесін ашты. Микроскоптың пайда болуы биология ғылымының дамуына септігін тигізді. Салыстырмалылық теориясының, кванттық теориясының және т.б ашылуы оптикалық зерттеулердің негізінде жүзеге асты. Қазіргі кезде экологиялық таза, қолданымда кең өріс алған энергия көздерінің бірі болған күн элеметтерін жасауда, осы оптика заңдылықтарына сүйенеді. Күн энергиясын электр энергиясына түрлендіргіштердің, яғни күн элементтерінің жұмыс істеу принципі ішкі фотоэффект құбылысына негізделген. Ал фотоэффект құбылысының ашылуы оптиканың дамуымен жүзеге асқан. Осы күн элементтерінің пайдалы әсер коэффициентін арттыруда да оптика заңдылықтарына сүйеніп жүргізілген зерттеулер аз емес. Қарапайым мысал, күннен келген сәулелердің көп мөлшерін шағылтпай күн элементінің бойына сіңіру үшін олардың бетіне призмалық айналарды қолданған. Оптикадан студенттердің білім деңгейін көтеру үшін келесі нұсқауларды орындаған жөн: 1. Оптика бойынша оқу материалын таңдау мен оны қайта құрастыру жолымен оқу бағдарламасын жетілдіру. 2. Оптиканы оқытуда жаңа әлдіс-тәсілдерді қолдану және күшейту. 3. Оптиканы оқытуда накты эксперименттің, теорияның, есептің мазмұнына сай жаңа ақпараттық технологияларды қолдану жолымен эксперименттік нұсқауды, теориялық базаны, практикалық қолданысты жетілдіру.

Болашақ физика мұғалімдерін даярлауда оптика пәнін оқыту мәселелеріне тоқталсақ. Оптика бөлімі бойынша материалды ұсыну логикасына әсер ететін әр түрлі факторлар бар, олардың бастылары мыналар: 1. Геометриялық оптика жарық сәулелері жөніндегі ұғымның негізінде оптикалық сәулелердің таралуын қарастырады да, оның табиғатын қарастырмайды. Оны оқып үйрену үшін екі нұсқа беріледі. Индуктивті нұсқада геометриялық оптиканы құрайтын негізгі заңдар «жарық шоғы» және «жарық сәулесі» ұғымдарының негізінде тәжірибелік жолмен қарастырылады. Бұл заңдарды қолдану арқылы оптикалық кескіндерді алу мен оптикалық құрылғылар оқытылады. Аталған нұсқа мектеп оқушыларына физиканы оқытуда тиімді болып саналады. Дедуктивті нұсқада геометриялық оптиканың формулалары Максвелл теңдеуінің негізінде жарықтың толқындық табиғаты ретінде, толқын ұзындығының тек аз мәнінде ғана қарастырылады. Білімгерлердің математикадан дайындығы аз кезде жарықтың шағылу және сыну заңдары Гюйгенс принципі негізінде ғана оқытылады. Геометриялық оптика заңдылықтарын меңгеруде бұл дедуктивтік нұсқа білімгерлердің жарық табиғатын және геометриялық оптикадан толқындық оптикаға ауысуын терең түсінуге мүмкіндік береді, бірақ белгілі бір деңгейде олардың теориялық ойлауы мен математикалық дайындығын талап етеді.

Қазіргі уақытта физика пәнінің бағдарламасын құруда әдіскерлер негізгі физикалық теорияны анықтайтын идеялардың бағдарламасына ұқсас материалдарды топтастырады. Мұндай ұстанымның мақсатқа сай болуы былайша қорытындыланады: түсініктер мен заңдардың қатарын жинақтай отырып, физикалық теория құбылыстарды түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар құбылыстардың өтуі мен жаңа заңдылықтарды орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, теорияға қатысты материалды топтау білімгерлерге жалпы жағдайда білімнің белгілі бір жиынтығын беруге, оны түсіндіру үшін қолдануға және табиғат құбылысын анықтауға, білімгерлердің ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар пәннің бөлімдері мен тақырыптарын ұлғайтуға, классикалық және заманауи физиканы қатар ұсынуға, негізгі материалды таңдап алуға, ал білімгерлерге ақпараттың өте көп мөлшерін есте сақтау қажеттілігін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Физиканың негізгі теорияларына жаңа кезең бойынша мыналарды жатқызамыз: механика; молекулалық-кинетикалық теория; электродинамика; кванттық теория. Жарық толқындық та, корпускулалық та қасиетке ие болғандықтан, яғни екіжақты қасиетке ие болғандықтан, кейбір оптикалық құбылыстар мен заңдылықтар электродинамикада қарастырылса, кейбіреулері кванттық физикада қарастырылады.

Ал бұл мәселенің шешімі болашақ физика мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарында білімді ақпараттандыру жағдайында физиканы, атап айтқанда физика саласындағы жеке пәндерді оқыту әдістемесін заман талабына сай дамытып отыруды қажет етеді. Дәріс сабақтарының тиімділігін арттыруда АКТ мүмкіншіліктерін пайдалану; практикалық сабақтарда есептерді компьютер бағдарламалары арқылы шығару, лабораториялық жұмыстарды орындауда виртуальдық кешендерді пайдалану, студенттердің өзіндік жұмыстарын АКТ арқылы ұйымдастыру, т.б. Білімді ақпараттандыру жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыру педагогикалық әрекеттің жаңа сапалы деңгейіне жалғасуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқыту үдерісінің дидактикалық, ақпараттық, әдістемелік және технологиялық мүмкіндіктерін біршама арттыра отырып, танымдық іс-әрекеттерін, креативтілік көрсеткіштерін қалыптастыруға септігін тигізетіні анық.

Әдебиеттер:

1 Кеңесбаев С.М. Жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану үрдісінде студенттерді кәсіби әрекеттерге дайындаудың ғылыми-теориялық негізі // Білім – Образование. – 2010. –№2. – 28 – 32 б.

2 Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру саласы бойынша болашақ педагогтарды дайындау мәселелері // Педагогика және Психология. – 2012. – №3-4. – С. 221-231.

3 Раманкулов Ш.Ж., Беркимбаев К.М., Тұрмамбеков Т.А. Білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ физика мұғалімдеріне «оптика» пәнін оқытудың әдіс-тәсілдері және құралдары // Қазақстан педагогикалық ғылымдар Академиясы Хабаршысы. – Алматы, 2015. – №3(65). – 93-98 б.

ҒТАХР 27.01.45

Құсайын Мұса
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.
Астана қаласы, Қазақстан

ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚУДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация: Қазіргі уақытта орта мектепте математиканы меңгеру қабілеті төмен оқушылардың саны әлі де айтарлықтай бар. Бұл негізінен оқушылардың математикалық деңгейі мен математиканы меңгеру қабілетінің төмендігінен және математика пәнінен төмен балл алуынан көрінеді. Мұндағы негізгі себептер: орта мектепте математиканы оқытуда мұғалімдердің оқытуындағы және оқушылардың оқуындағы мәселелер болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін оқушылардың математиканы оқу әдістері мен мұғалімдердің математиканы оқыту әдістерін негізге ала отырып, оқыту стратегияларын зерттеу .

Мақсаты: орта мектепте математиканы оқытуда математиканы меңгеру қабілеті төмен оқушылардың санын азайту, математика пәні нәтижелерін жақсарту және математиканы оқыту деңгейін арттыру. Сонымен қатар оқушылардың қазіргі қоғамның талаптарына сай болып, қоғамға жақсырақ қызмет еткізу.

Кілт сөздер: математика, орта мектеп оқушылары, кедергілер, стратегия.

1. Орта мектеп математикасына сәйкес келмейтін оқыту әдістері және оларды шешу жолдары;

Орта мектепте математиканы оқытуда төмен сыныптармен салыстырғанда. Білім мазмұндары көп және біртіндеп тереңдетіледі. Сонымен қатар, орта мектептің математика мұғалімдері сұрақ түрлерін қорытындылау және білім мазмұнына сәйкес тест сұрақтарын дайындау әдісін пайдаланады. Оқушылардың сұрақтарды меңгеруі салыстырмалы түрде оңай, ал төменгі сыныптарда кейбір мұғалімдер үшін жаттау және көптеген қайталама тест сұрақтарына негізделген оқыту әдістерін қолдану орынды болуы мүмкін. Сонымен бірге төменгі сыныптағы оқытуда мультимедиялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға болады. Орта мектеп математика пәнінің мұғалімдері негізінен түсіндіру мен келтірулерге көп көңіл бөледі , оқушылар көп ойланады, және орта мектеп мұғалімдеріне оқушылардың математиканы оқуға қызығушылығы мен интерактивтілігін арттыру қиындық туғызады және кейбір оқушылардың мұғалімнің оқыту әдістемесіне бейімделуін қиындатады. Нәтижесінде олардың математикаға деген қызығушылықтары жоғалады, тіпті оқуда ауытқулар пайда болады.

Мұғалімдердің сабақ беру әдістеріне келетін болсақ, біріншіден, мұғалімдердің жалпы сапасын арттыру керек, екіншіден, мұғалімдер сыныптағы оқытудың қызығушылығын арттыру үшін көп жұмыс істеуі керек, математикадағы қызық тұстарды зерттеп, сыныптағы математиканы оқытудың тиімділігі мен оқушылар математиканы меңгерудегі қызығушылығын арттыру керек.

Қызығушылық – ең жақсы мұғалім. Басқа пәндермен салыстырғанда математика қиындық дәрежесі жоғары және курстары қызықсыз болып келеді, сондықтан Математика мұғалімдері математиканы оқытудың қызығушылығын арттыру және өмірге қатысты математикалық есептерді ойластырып, қызықты үйрену ортасын қалыптастырып, оқушылардың білімге құштарлығын ояту үшін математика оқытуды шынайы өмірмен байланыстыра отырып оқыту керек. Мысалы, орта мектепте математикалық функциялық есептерді оқытқанда, өмірде несиеге үй сатып алу мәселесін математикалық әдістер арқылы шешуге болады. Осы арқылы оқушылар білімді меңгерумен қатар математиканы оқуға деген оң көзқарасын нығайтуға, математиканы жақсы меңгерудің маңыздылығын түсінуге жол ашады. Сонымен қатар, мұғалімдер тіл қолдануда көп жұмыс істеулері керек. Тіл тапқыр, үйлесімді, әзілді, түсінікті және тартымды болуы керек, бұл оқушылардың білімге деген құштарлығын арттырады.

2. Оқушылардың жеке факторларынан туындаған оқу кедергілері және қарсы шаралар:

жеке факторларға байланысты оқу ақауларының пайда болуының негізгі себептері келесі аспектілерді қамтиды:

1) Кейбір оқушылар математиканы меңгеруде қиындықтарға тап болған кезде, оларда табандылық жетіспейді және автоматты түрде бас тартады немесе жеткілікті түрде оқымайды, бұл оқудағы қиындықтарының артуына және ұзақ мерзімді шешілмейтін мәселелердің жиналуына әкеледі, бұл математиканы жалғасты оқуға тікелей әсер етеді. Ақырында өзіне деген сенімін жоғалтып, математиканы үйренуге кедергі жасайды.

Білім беру стратегиялары: Ең алдымен, мұғалімдер оқушыларға математиканы оқудың маңыздылығын түсінуге, математиканы қиындықтан қорықпай оқуға деген сенімділігін орнатуға мүмкіндік беруі, оқушыларды оқуда табандылық танытуға ынталандыруы және оқушылардың сабақта немесе сабақтан тыс әрбір кішкентай үлгерімін мақтап отыру, сол арқылы оқушыларда жетістіктерін сезіндіру. Екіншіден, мұғалімдер оқушылардың математиканы меңгерудегі қиындықтарына дер кезінде көмек көрсетіп, математикалық статистика әдістерін қолдана отырып оқушылардың сандық жүйесін құру. ұпайлар мен сандық статистика оқушыларға қажетті көмек көрсетеді. Оқушылардың оқудағы қиындықтарын шешуге сыныпта өзара топ құрып оқыту арқылы да қол жеткізуге болады. Бұл математика мұғалімдерінен оқушыларға сыныптың математикалық белсенділік топтарын құруға бағыт беруін талап етеді. Жақсы математикалық оқу атмосферасын, сол арқылы оқушылардың оқу қиындықтарын шешудің тиімді механизмін қалыптастыру, оқу қиындықтарын дер кезінде шешу және кедергілерді азайту.

2) Кейбір оқушылардың математикалық базасы әлсіз және оқу әдеттері нашар.

Кейбір оқушылардың математикалық базасы мен меңгеру дағдысы нашар, есептеу қабілеті төмен және математикалық түсінігі таяз. Мысалы, төмен сыныпта квадраттық функциялар туралы тиісті білімді меңгермеген, ал жоғары сыныпқа барғанда квадраттық функцияларға қатысты бір айнымалысы бар квадраттық теңсіздіктерді шешуде қиналады, нәтижесінде математиканы оқуға қызығушылығы төмендейді.

Бұл мәселені шешу жолдары: Біріншіден, математикалық негізі әлсіз оқушыларға кемсітусіз, бас тартпай, әділеттілікпен қарау керек және жіберілген кемшіліктерді тексеруге және олқылықтарды уақтылы толтыруға көмектесу керек. екіншіден, оқу жоспарын құруға және оқушылардың кемшіліктерін жоюға, математикалық қабілеттерін ашуға көмектесу. ең соңында, мұғалімдер орта мектептің математика оқулықтарына қажетті реформаларды жасай отырып сабақтың алдында мазмұнға қатысты түсініктемелер мен білімді енгізу. мысалы, бір айнымалысы бар квадраттық теңсіздіктерді үйренер алдында алдымен квадраттық функциялар туралы білімдерін қайталауға, кескінді үлгімен бөліп көрсету және қажетті жаттығуларды орындайтын болса, жақсы нәтиже болады.

3. Оқыту тәжірибесіне рефлексия

Рефлексиялық оқыту орта мектепте математиканы оқыту үшін өте маңызды. Оқушылардың математикалық деңгейін және ойлау деңгейін жақсартады, сонымен қатар оқушылардың математиканы оқудағы кедергілерін жеңудің маңызды әдістерінің бірі болып табылады.

1) Сабақ үстіндегі рефлексия

Математика сабағынан кейін мұғалім сабақты қорытындылап, оқушыларға алған білімдерін, математикалық идеяларын, математикалық әдістерді ой елегінен өткізуге бағыт-бағдар беруі керек. Мысалы, «функцияның анықталу облысы мен мәндер облысын табу» мазмұнын меңгергеннен кейін, осы мәселені шешудің әдістері, артықшылықтары мен кемшіліктерін, қолданылатын математикалық идеяларды, функционалдық идеяларды және сандар мен пішіндерді біріктіру идеяларын қорытындылауға бағыттай алады. Сабақтың соңында осы сабақта алған білімдерін қорытындылап осы мазмұнның маңызды сипаттамаларын талқылайды.

2) Жаттығулар бойынша рефлексия

Жаттығулар бойынша рефлексия негізінен мұғалімдер білімді икемді және өзгермелі түрде ұсыну, жаттығулардың принциптері мен әдістерін түсінуге бағыттау және жаттығулар бойынша нұсқалық тренинг өткізу болып табылады.

Тақырып бойынша мұғалімдер есептерді шешудің кілтін түсінуге бағыттай алады. Мысалы: (1) қосымша бұрыш формуласын ортақ түрге келтіру, яғни әртүрлі тригонометриялық функцияларды бір тригонометриялық функцияға түрлендіру; (2) максималды мәнін табатын кезде , анықталу облысына мән беру;

Вариациялар: (1) Сұрақ қойыңыз: Егер анықталу облысы өзгерсе, нәтиже бұрынғыдай бола ма? (2) Вариация жаттығуларын орындаңыз:

Оқушыларға жаттықтырудан кейін, осындай сұрақтарға жауап берудің негізгі тұстарын қорытындылаңыз, осылайша оқушылардың математикалық ойлауы бір мысалдан қорытынды жасау мақсатына жетіп, оқу өнімділігін арттырады.

Мұғалімдер оқушыларға есептерді шығаруға бағыт-бағдар бергенде, олар математикалық білімдерін пайдалануды және олардың математикалық деңгейін көтеруді мақсат етеді. Типтік жаттығуларда есептерді талдау әдістерін және олардың маңызды сипаттамаларының қысқаша қорытындылай отырып, оқушылар мұндай есептердің мәнін түсіне алады.

3) Үйрену әдістері туралы рефлексия

Мұғалімдердің математиканы оқытуда және оқушылардың математиканы меңгеруінде оқыту әдістеріне байланысты жаңа мәселелер жиі кездеседі, бұл оқушыларға қажетті бағыт-бағдар беруді және талқылауды қажет етеді. Мысалы, тригонометриялық функцияларды оқыту кезінде тригонометриялық функция формулалары көп болғандықтан, оқушылар оңай шатастырады. Ол үшін тригонометриялық функция формулаларының қалай келіп шыққандығын пайымдау арқылы есте сақтауға болады. Бір жағынан, бұл оқушылардың формулаларды есте сақтауын жеңілдетсе, екінші жағынан, оқушылардың кейбір пайымдау әдістерін меңгеруіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Li Jihai J. Орта мектептің математика пәнін оқытудағы кемшіліктері, Академиялық білім, 2010; https://www.lunwendata.com/thesis/2015/55690.html

2. Chodura S., Kuhn J.T., & Holling H. Interventions for Children with Mathematical Difficulties a Meta-Analysis. Zeitschrift Fur Psychologie // Journal of Psychology. – 2015. – 223. – 129-144; https://doi.org/10.1027/2151-2604/a000211

3. Calderontena C.O. Mathematical Development: The Role of Broad Cognitive Processes. Educational Psychology in Practice. – 2016. – 32. – 107-121. https://doi.org/10.1080/02667363.2015.1114468

ҒТАХР: 20.01.45

С.Т. Умирбаева, З.Т. Рахматуллина
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»
Казахстан, г.Семей, yct_67@mail.ru, zarinazhan@mail.ru

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕ БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ДАЙЫНДАУ

Бұлтты технологиялар оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі,баламалы әдістерін ұсына отырып,оқу процесін ұйымдастырудың жаңа әдісін ұсынады. Бұлтты технологияларды қолдану жеке оқытуды сондай-ақ ұжымдық оқытуды ұйымдастыруға және табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Білім беруде бұлтты технологияларды қолданудың басты артықшылығы – қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға кететін шығындарды азайту ғана емес, сонымен қатар оқу процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру мүмкіндігі. Сонымен қатар, оқу процесінде бұлтты технологияларды қолдану білім алушыларды қазіргі ақпараттық қоғамдағы өмірге дайындайды. Сондықтан оқу үрдісіне бұлтты технологияларды енгізу қазіргі уақытта кең ақпараттандырумен және тиімді оқу ортасын ұйымдастырумен байланысты өзекті тақырып болып табылады.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде педагогикалық мамандықтардың барлық білім алушылары үшін «Электрондық білім беру ресурстары» пәнін оқыту қарастырылған. Пәннің негізгі мақсаты болашақ мұғалімдерді болашақ кәсіби қызметінде алған ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерін тиімді және сауатты пайдалануға дайындау болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды бұлтты технологиялар саласына көшіруге байланысты жоғарыда аталған пәннің міндеттерінің бірі білім алушылардың олларды пайдалана отырып оқу процесін ұйымдастырудың тиімді формаларын жүзеге асыруға дайындау болып табылады.

Білім беру мекемелерінде бұлтты технологияның ең көп қолданылатын моделі – «Software as a Servise». Бұл модель қосымша жергілікті бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданбай интерактивті оқыту құралы ретінде пайдаланылады. Бұлтты технологиялар интерактивтілікке негізделген, яғни олар пайдаланушы мен қызмет көрсетуші арасында, сондай-ақ пайдаланушылар арасында немесе қызмет көрсетушілер арасында ақпарат алмасу мүмкіндігіне бағытталған. Бұл ресурстарды немесе бөлінген ресурстар жүйесін өзара пайдалануға әкеледі.

Бұлттық сервистер оқыту үдерісін қызықты және өнімді ететін жекелендірілген оқыту әдістерін әзірлеуде ең тиімді құрал болып табылады [1].

Оқыту үрдісіне енгізілген бұлтты технологиялар білім алу үрдісін сапалы жаңа форматта ұйымдастыруға, білім алушыларға Интернетке қолжетімді кез келген құрылғыдан өздеріне ыңғайлы уақытта білім беру кеңістігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұлтты технологияларды пайдалану заманауи, үнемі жаңартылып отыратын бағдарламалық құралдар мен қызметтерді пайдалануды білдіреді, бұл оқу үрдісіне де оң әсер етеді. Оқытушылар үшін білім беру материалдары мен оқу іс-әрекеттерін жедел құру, бейімдеу және көбейту, ал оқу үрдісіне қатысушылар үшін бір-бірімен кері байланыс жасау мүмкіндігі оқу үрдісінің интерактивтілігін арттыруға және білім алушылардың мақсатқа жету жолдарын өз бетінше жоспарлау дағдыларын қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасауға әкеледі. Сондай-ақ, бұлтты технологиялар пайдаланушының әртүрлі құрылғылардан жасаған әрекеттерін синхрондауға мүмкіндік береді.

«Электрондық білім беру ресурстары» пәні аясында бұлтты технологиялар білім беру міндеттерін шешу үшін қолданылатын құрал ретінде де, өз бетінше оқу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде де қызмет етеді. Оларды меңгеру білім алушыларға болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерінің ақпараттық-коммуникациялық компонентін кеңейтуге де мүмкіндік береді. Білім алушылар онлайн сервистер негізінде электрондық оқу материалдарын және әртүрлі форматтағы тапсырмаларды құру бойынша бірқатар зертханалық және практикалық жұмыстарды орындайды: ментальды карталар, уақыт шкалалары, интерактивті бейне, тест тапсырмалары, интерактивті тапсырмалар және басқалар.

Алдымен тапсырмалар оқытушы дайындаған нұсқаулар мен материалдар негізінде орындалады, кейінірек білім алушылар пән бойынша қорытынды жобаға ұқсас жұмыстарды өз бетінше орындайды.

Мұндай материалдарды әзірлеу үшін білім алушылар бірқатар онлайн қызметтерді пайдаланады: Google қызметтері, LearningApps, Online Test Pad, Quizizz, Wordwall, Stepik.org, Nearpod, H5P және т.б. Сабақтардың бір бөлігі ретінде білім алушылар бір-бірінің орындалған жұмыстарын оларға қол жеткізу сілтемелері бойынша қарауды, сондай-ақ өзара бағалау мен түсініктеме беруді жүзеге асырады.

Құжаттар мен қалталарға қол жеткізу құқықтарын тарату бойынша жұмыстың бұл түрі ақпараттық қауіпсіздік саласындағы негізгі білімді де қамтамасыз етеді. Білім беру мазмұнын әзірлеу үшін қызметтерді пайдаланудан басқа, олардың оқу үрдісін ұйымдастыру мүмкіндіктері де қарастырылады (Google Класс, Online TestPad, Stepik.org және т. б. қызметтерді мысал ретінде пайдалану). Әр түрлі мақсаттағы қызметтердің функционалдылығымен танысу және қорытынды жобада жұмыс істеу үшін оларды таңдау оқытушының ұсынымдары мен нұсқаулары бойынша зертханалық жұмыстар шеңберінде де, веб-квест форматында жүргізілетін практикалық жұмыстарды білім алушылардың өз бетінше орындау шеңберінде де жүргізіледі [4].

Қорытынды жобалар бойынша жұмыс, сондай-ақ пән бойынша бүкіл оқу процесін қолдау stepik.org сияқты курстарды құру платформаларында ұйымдастырылған. Пән бойынша қорытынды жоба-бұл шағын топтар аясында таңдалған мамандандыру тақырыбына арналған электронды білім беру ресурсы.

Қорытынды жобаға қойылатын талаптарға сәйкес білім алушылдар электрондық білім беру ресурсында теориялық және практикалық бағыттағы мәтіндік және графикалық ақпараттан басқа, өздері жасаған және бұлтты қоймаларға орналастырылған бейне сабақтарды, интерактивті оқу материалдары мен тапсырмаларды орналастырады, олардың кодын тікелей электрондық білім беру ресурсының беттеріне немесе оларға сілтемелер арқылы енгізеді. Сервис құралдарымен білім алушылар электрондық білім беру ресурсы бойынша навигацияны және әртүрлі типтегі Интернеттің сыртқы ресурстарына сілтемелерді ұйымдастырады. Сайттың файлдық компоненттерін орналастыру үшін Google Drive (немесе басқа бұлтты сақтау) қолданылады [3].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындай келе, бұлтты технологияларды оқу үрдісінде сауатты пайдаланылғанда беретін маңызды артықшылығы тұлғаға бағытталған оқытуды ұйымдастыру болып табылады, бұл келесі педагогикалық технологияларды пайдалануды білдіреді: ынтымақтастықта оқыту, вариативті және көп деңгейлі оқыту, жобалау қызметі, оқыту траекториясын тәуелсіз жобалау және т.б. [2].

Осылайша, «Электрондық білім беру ресурстары» пәні аясында алынған онлайн қызметтермен жұмыс істеу бойынша білім мен дағдылар негізінде педагогикалық мамандықтардың білім алушылары болашақ кәсіби қызметінде бұлтты технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін келесі негізгі бағыттар бойынша пайдалана алады:

- оқу материалдарын пайдаланушының аумақтық беру орнына байланыстырмай жедел жеткізу
- әртүрлі форматтағы құжаттарды құру, бірлесіп қарау, пайдалану және түсініктеме беру мүмкіндігі;
- әр түрлі форматтағы бірлескен жұмысты ұйымдастыру;
- интерактивті сабақтарды ұйымдастыру;
- бақылаудың әртүрлі формаларын ұйымдастыру;
- синхронды және асинхронды жұмыс жағдайында өзіндік жұмысты ұйымдастыру.

Әдебиеттер:

1. Гринчук С.Н. Облачные технологии и сервисы Веб 2.0 в образовании: учеб.-метод. пособие [Электронный ресурс] / С.Н. Гринчук и др.; ГУО «Акад. последиплом. образования». –Электрон. дан. – Минск: АПО, 2017. // URL: http://docplayer.ru/78764037-Oblachnye-tehnologii-i-servisy-veb-2-0-v-obrazovanii.html – Дата доступа: 18.04.2020.

2. Хошимова Ч.С. Проектирование современной информационной образовательной среды на основе дидактических возможностей Web-технологий // Молодой ученый. 2017. – № 9. – С. 34-39.

3. Роговая Н.А., Яремчук Н.Б. Методика организации групповой работы над итоговым проектом с использованием СДО moodle и облачного хранилища // Образовательные информационные технологии и робототехника: материалы респ. науч.-практ. интернет-конф., Минск, 2728 марта 2018 / Белорус. гос. пед. ун-т им. М. Танка. – Минск: 2018. – С. 146-149.

4. Яремчук Н.Б. Использование технологии веб-квеста в преподавании дисциплины «Информационные технологии в образовании» при подготовке будущих педагогов / А.Ф. Климович и др. // Веснік Гродзенскага дзяржаўнага ўніверсітэта імя Янкі Купалы. Серыя 2. Філалогія. Педагогіка. Псіхалогія. – 2019. – №3 (278). – С. 126-134.

ҒТАХР: 14.25.09

Л.М. Кыдыралина[1]
[1]PhD-доктор, қауымд.проф.м.а.,
Семей қаласының Шәкәрім атындағыуниверситеті, Семей қ. Қазақстан
Б.Н. Орынбаев[2]
[2]Магистр, Семей қ. Shakarim HighSchool, информатика мұғалімі,
С.Т. Мырзабеков[3]
[3]Магистрант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ. Қазақстан

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕР АРАСЫНДАҒЫ PYTHON БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛІ БОЙЫНША ОЛИМПИАДАНЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. *Мақалада елімізде өткізіліп жүрген Python бағдарламалау тілі бойынша Республикалық олимпиадалардың нәтижелерін талдай отыра қазіргі жағдайын бағалап, ситездей отыра алдыға жоспар құрудың тиімді жолдарын анықтау.*

Түйін сөздер: Python, C++, олимпиадалық бағдарламалау, білім алушы.

Аннотация. *Анализируя результаты республиканских олимпиад по языку программирования Python, проводимых в нашей стране, мы оцениваем современное состояние и определяем эффективные способы построения планов.*

Ключевые слова: Python, С++, олимпийское Программирование, обучающийся.

Annotation. *The article analyzes the results of the Republican Olympiads in the Python programming language held in the country, assesses the current state and identifies effective ways to plan ahead, student.*

Keywords: Python, C++, Olympic programming, student.

Кіріспе

Қазіргі уақытта олимпиадалық қозғалыстың жандануына байланысты білім алушыларды олимпиадаларға қатысуға дайындау процесін ұйымдастыру мәселесі маңызды бола түсуде. Оқу пәндері бойынша олимпиадалар белгілі бір ғылыми саладағы білім алушылардың зияткерлік жарыстарының бір түрі ретінде әрекет етеді. Бұл білім алушылардың оқу жетістіктерінің дәрежесін анықтауға, сонымен қатар білім алушылардың алған білімдерін жоғары деңгейдегі тапсырмаларды шешу процесінде қолдана білу қабілеттерін тексеруге мүмкіндік береді. Мұндай олимпиадалар білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, ғылыми білімді насихаттау мақсатында ғылыми қызметке деген қызығушылығын анықтау және дамыту үшін өткізіледі. Білім алушылар үшін пәндік олимпиадалар теориялық материалды игеру мүмкіндігі мен дәрежесін ашудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Сондай-ақ осындай іс-шаралар білім алушыларға ақыл-ой және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Пәндік олимпиадаларға қатысу білім алушылардың дайындық бағыттарына сәйкес қабілеттерін жоғары деңгейде дамытуға ықпал етеді. Білім алушыларды олимпиадаға қатысуға дайындау процесін ұйымдастыру оқытушының өзін дайындаудан басталады [1]. Білім алушыны олимпиадаға дайындау процесінде оқытушыға бетпе-бет келетін негізгі мәселелер: білім алушыны олимпиадаға қатыстыру үшін өз қызметін дұрыс ұйымдастыруға үйрету; осы іс-шаралардың өткізілу нысандарын меңгеру; олимпиадаларға қатысушыларға ұсынылатын есептерді шешу алгоритмдерін зерделеу; программалау тілдерімен жұмыс істей білу; білім алушылар олимпиадаларда шешуі қажет тапсырмаларды меңгеру және тексеру уақыты [2-3].

«Python бағдарламалау тілі» жоғары оқу орындарының информатика, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпараттық жүйелер және т.б. мамандықтардың студенттеріне және 9-11 сынып оқушыларына арналған. Python бағдарламалау тілі ең қарапайым және танымал тілдердің бірі. Python – өндірушінің өнімділігін арттыратын, қуатты және кодты оқу қабілеттілігін жақсартуға арналған жоғары деңгейлі бағдарламалау тілі. Студенттер мен оқушылар бағдарламалау парадигмаларының негіздерімен, атап айтқанда процедуралық, функционалдық және объектілі-бағдарланған бағдарламамен танысады. Курстың барысында студенттер мен оқушылар Python бағдарламалау тілі меңгереді, тероиялық білімді практикада қолдана алатын деңгейге жетеді [4-5].

Зерттеу материалдары мен әдістемесі

Білім алушылардың информатика бойынша IOI (International Olympiad in Informatics) халықаралық олимпиадасы 1989 жылдан бері өткізіліп келеді. 2021 жылы елдердің жалпы саны 88 болды. Есепті шешу үшін программаны C++, Pascal (2019 дейін) немесе Java (2021 дейін) тілінде жазу керек. Информатика және программалау бойынша жарыстардың танымалдығы тез өсуде. Олардың демеушілері: Microsoft, IBM, Google сияқты ірі корпорациялар.

Зерттеулер көрсеткендей, білім алушының информатика бойынша олимпиадаларға сәтті қатысуы білім сапасының кепілдігі бола алады:

- компьютерлік техниканың техникалық сипаттамалары;
- танымал операциялық жүйелердің негізгі функциялары;
- алгоритмдердің негізгі түрлері;
- тізбесін олимпиадаларды ұйымдастырушылар тікелей бекітетін бір немесе бірнеше программалау тілдерінде есептер шығара білуі [6-7].

Сонымен қатар, олимпиадаға тікелей қатысатын білім алушының дағдылары төмендегідей болуы керек: қазіргі заманғы операциялық қабықтарда жұмыс істейтін алдыңғы қатарлы компьютерлік техникамен, оларға енгізілген программалау жүйелерімен жұмыс істеу; компьютерлік техника параметрлері бойынша бар шектеулерді тиімді айналып өту; белгіленген техникалық-мазмұндық шектеулерді ескере отырып, міндеттерді ауызша қоюдан оларды формальды сипаттауға көшу; тәжірибеде негізгі алгоритмдерді қолдану; заманауи программалық өнімдерді жөндеу және тестілеу әдістерін қолдану.

Көп жылдық тәжірибені талдау мектеп білім алушыларын олимпиадаларға қатысуға дайындау процесінде басты мәселе «информатика» курсының «Алгоритмдеу және программалау» бөлімі білім алушыларға көрсетілген тақырыптар бойынша аз ғана материалды игеруге мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мектеп білім алушыларының информатика пәні бойынша олимпиадаларға жеткіліксіз дайындығына әкеледі. Информатика олимпиадаларының есептерін шешу – бұл жеке оқу бөлімі. Бұл бөлім өзінің теориялық және практикалық мазмұны бойынша білім беру процесінің шеңберінен тыс. Осындай тапсырмалар жоспарын шешу үшін білім алушы белгілі бір дайындық деңгейіне және осы пән саласындағы білім базасына ие болуы керек. Осыған байланысты пәндік олимпиадаларға қатысушыларды сапалы дайындауға және олардың жеңісіне қызығушылық танытқан көптеген оқытушылар сабақтан бос уақытында қосымша сабақтар өткізе бастады [8-9]. Әдетте, мұндай сабақтар элективті курстар немесе пәндік үйірмелер түрінде жүзеге асырылады. Білім алушыларды пәндік олимпиадаларға қатысуға жалпы дайындау келесі әрекеттерді қамтиды: дарынды білім алушыларды іріктеу; білім алушыларды информатика бойынша даярлау деңгейін анықтау үшін тестілеу; алдыңғы қатарлы компьютерлік техникамен жұмыс істеу білігін дамыту; программалаудың негізгі тілдерінің бірін меңгеру; олимпиадалық есептерді шешу үшін қажетті алгоритмдерді меңгеру; белгілі алгоритмдерді шешудің әртүрлі тәсілдерін зерттеу; программалардың тиімділігін талдау; программалық өнімдерді тестілеу тәсілдерін меңгеру; компьютерде программалық өнімдерді жазу және баптау тәсілдерін әзірлеу.

Информатика пәні бойынша олимпиадаларға қатысатын білім алушыларды сапалы даярлау мәселелерін шешу үшін 3-6 білім алушыға дейінгі шағын топтарда қосымша сабақтар өткізу қажет. Сабақ барысында білім алушылардың дайындық дәрежесін ескеру қажет. Сонымен қатар, дәрістер мен практикалық сабақтар оқу үдерісін ұйымдастырудың формалары бола алады. Әрбір жеке тақырып бойынша оқыту бірнеше кезеңнен тұруы мүмкін. Бірінші кезең – бұл дидактикалық бірлік аясында жүзеге асырылатын дәріс сабағы. Әдетте, бұл кезең пәндік аймақтың теориялық негіздерін игеруден басталады. Ол үшін осы типтегі есептерді шешудің негізгі алгоритмдеріне талдау жасалады. Күндізгі оқыту кезінде мұндай мәселелерді шешу алгоритмін игеру оқытушының тікелей басшылығымен игеріледі. Оқытудың басқа түрінде – қашықтықтан, материалдарды зерттеуді білім алушылар дербес жүзеге асырады. Екінші кезең – практикалық. Зерттелген материалдың даму деңгейін тексеру үшін тапсырмалар жүйесіне бірқатар қосымша типтік тапсырмалар енгізіледі. Оларды білім алушылар шағын топпен өзара әрекеттесу аясында оқытушының қатысуымен дайындық деңгейіне байланысты түсінеді. Мұндай міндеттерді қарау барысында оқытушы мен білім алушылар тапсырмалардың шарттарын қарастырады, олардың жеткіліктілігін немесе артықтығын белгілейді. Үшінші кезең – зертханалық семинар. Зертханалық сабақтар барысында білім алушыларға стандартты емес бірқатар мәселелерді өз бетінше шешу ұсынылады. Білім алушылардың тапсырмаларын олар үшін максималды қиындық деңгейінде ұсынып, миға шабуыл жасау қолданылады. Стандартты емес жағдайда жанжақты ойлау және әртүрлі алгоритмді бірге қолдануға үйренетін болады [10].

Қорытынды:

Мақалада олимпиадалық есептерді шешу бойынша жұмысты ұйымдастырудың мазмұнды және әдістемелік ерекшеліктері ашылып, оның процедуралық сипаттамасы берілген. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, ұсынылатын педагогикалық шешімдерді іске асыру білім алушылардың информатика бойынша олимпиадалық есептерді шешу қабілеттерін меңгеруі бойынша жұмыстың тиімділігін едәуір арттырады, сол арқылы білім берудің әртүрлі кезеңдері мен деңгейлерінде программалау курсының дамушы әлеуетін өзектендіреді.

Әдебиеттер:

1. Авдеюк О.А., Дружинина Л.В., Лемешкина И.Г., Павлова Е.С., Приходькова И.В., Королева И.Ю. Проблемы и методы их решения при подготовке школьников к участию в олимпиадах по информатике // Современные наукоемкие технологии. – 2017 – № 4. – С. 60-64.
2. Кубряков Е. А. Об опыте организации олимпиад по информатике для школьников и студентов младших курсов в Воронежском государственном педагогическом университете // Актуальные проблемы методики обучения информатике и математике в современной школе // Материалы международной научнопрактической интернет-конференции. Московский педагогический государственный университет: – 2019. – С. 643-654.
3. Азиева Л.Д. Методика подготовки школьников к олимпиаде по информатике // Мир науки, культуры, образования. – 2018. – № 3 (70). – С. 315-317.
4. Козлов А.И. Подготовка задач по программированию для автоматической проверки в системе EJUDGE // Сборник научных трудов научно-практической конференции МИКМО-2017 и Таврической научной конференции студентов и молодых специалистов по математике и информатике «Математика, информатика, компьютерные науки, моделирование, образование». – КФУ им. В.И. Вернадского, 2017. – С. 239-251.
5. Рамис Думена Н. Цифровой разрыв. Н. Рамис Джумена. Финансы и развитие // Ежеквартальный журнал Международного валютного фонда. – 2016 – № 3. – С. 18-19.
6. Лутц М. Изучаем Python, 5-е издание. Пер. с англ. – СПб.: Вильямс, 2019. – 1280 с.
7. Прохоренок Н.А. Python. Самое необходимое. – СПб.: БХВ-Петербург, 2011. – 416 с.
8. Рубцова М.Б., Исакова У.В. Олимпиадное программирование – с чего начать? / Материалы семнадцатой открытой Всероссийской конференции «Преподавание информационных технологий в российской федерации». – Новосибирск, 2019. – 475-479 с.
9. Саммерфилд М. Программирование на Python 3. Подробное руководство. Пер. с англ. – СПб.: СимволПлюс, 2016. – 608 с.
10. Жуков Р.А. Язык программирования Python: практикум: учеб, пособие. – М.: ИНФРАМ, 2019. – 216 с. Доп. материалы [Электронный ресурс; Режим доступа: http://www.znanium.com].

ҒТАХР: 20.01.45

Ә.Т. Талғатов
Астана халықаралық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ОҚУ МЕН ОҚЫТУДА IT-ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ APPLICATION OF IT TECHNOLOGIES IN TRAINING AND TRAINING

XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қоғамды ізгілендіру, оның білім мен мәдениет жүйесін дамыту процесінде ақпаратты технологиялар маңызды рөл атқарады.

«Қазіргі заманда білім алушыларға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп тұңғыш Елбасымыз атап өткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде қолдану мен оның тиімділігін арттырудың маңызы аса зор. Олай болса, география пәнінің мұғалімі де компьютерді жетік біліп, информатикадан хабардар болуы қажет. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды, білім мазмұнын дамытудың бүгінгі күйін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасындағы білім беру стандартында қабылдап отырған негізгі құзыреттіліктерді: проблеманың шешімін табу (өзіндік менеджмент), ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту қажет екендігін ескеруіміз керек.

Стандартта ақпараттық құзырет келесі бөліктерді қамтиды:

– Оқу іс-әрекетін іске асыру үшін ақпараттарды іздеу, талдау және таңдап алу;

– Оқу әрекетінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдап алған оқу материалдарын жіктеу;

– Оқу іс-әрекетінде пайдалану үшін алынған ақпараттарды өңдеу және өзгерту;

– Өңделген ақпараттарды оқу іс-әрекеті үрдісінде қолдану;

– Сыни тұрғысынан талданған ақпараттар, негізінен, саналы шешім қабылдауға;

– Өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, жоспарлауға және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға;

– Өз бетінше шешім табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге және ақпараттарды тасымалдауға дағдыландыру [1].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың оқу үдерісінде, бос уақытында және қарым-қатынас барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сауатты және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді.

Сандық сауаттылық – бұл сандық технологияны пайдалана отырып, ақпараттың орналасқан жерін анықтау, ақпаратты ұйымдастыру, түсіну, бағалау және құру қабілеті. Техникалық жағынан сауатты болу оқушылардың сандық құралдарды пайдалана білуін + сыни тұрғыдан ойлауын + әлеуметтік хабардарлығын + оқуға әлеуметтік тартылуын білдіреді.

Жаңа ақпараттық технологияны сабақта пайдалану, оқушының шығармашылық интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

Заманауи ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін сауатты пайдалану ықпал етеді:

– танымдық іс-әрекетті жандандыруға, оқушылардың сапалы үлгерімін арттыруға;

– сабақта қолдануға арналған заманауи электронды оқу материалдарының көмегімен оқыту мақсаттарына қол жеткізуге;

– оқушылардың белсенділігін және ынтасын арттыруға;

– оқушылардың ақпараттық ойлауын дамыту, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыруға;

География сабақтарында ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану оқу материалын меңгеруді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді:

– оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады;

– танымдық қызметті белсендіреді;

– ойлау мен жадты дамытады;

– қазіргі қоғамдағы белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырады.

Білім беру субъектілерін қазіргі заман талабына сай,Жерсерік арнасы арқылы қашықтықтан оқыту және электрондық оқулықтарды пайдаланып, география пәніне деген қызығушылығын арттыруәрбір география пәні мұғалімінің міндеті [2].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану география мен жаратылыстану пәндері бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асырудың, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру мен дамытудың, оқу үдерісін дараландырудың қажетті шарты болып табылады. Ақпараттыққоммуникациялық технологиялар пәннің мазмұнын зерделеу барысында электрондық құралдардың көмегімен оқушылардың танымдық ойлау дағдыларын дамытуды көздейді. «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының «Зерттеу және зерттеушілер», «Географиялық карталар», «Географиялық деректер базасы»,«Дүниежүзі елдері» тарауларының оқу мақсаттары АКТ колдануды тікелей талап етеді.

География пәні басқа пәндермен салыстырғанда, картамен тығыз байланысты екенін ескеріп, оқушылардың география сабағында материк пен дүние бөлігіндегі және аралдағы елдер мен халықтар жайында қызғылықты деректерді тек оқулық мәтініндегі берілген карта, сызба, сурет немесе диаграммаларды пайдаланумен ғана шектелмей, электрондық оқулықта көрсетілген бейне арқылы пайдаланған тиімдірек.

Материктердің қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат жағдайындағы ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерін көзбен көріп, есте сақтау үшін. Жерсерік арнасы арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін пайдаланған жөн.

Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер және қосымша кестелерді пайдалану арқылы білім мен біліктіліктерін арттыратын болса, көзбен көріп, электрондық оқулықтың көмегімен есте сақтау қабілетін және пәнге қызығушылығын арттырады [3].

Қазіргі уақытта білім сапасы туралы көп айтылып, оны құзыреттілік бағалаумен байланыстыра отырып, түлектің білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға арналған инновациялық білім беру технологиялары маңызды рөл атқарады. Осындай инновациялық білім беру технологияларының бірі – қашықтықтан оқыту технологиясы.

Қашықтықтан оқыту жүйесі дербес компьютердің (ДК) көмегімен қажетті дағдылар мен жаңа білім алуға және Интернет желісіне шығуға мүмкіндік береді. ДК орналасқан жері маңызды емес, сондықтан сіз үйде, жұмыста, қашықтықтан оқыту орталықтарының бірінің on-line сыныбында, сондай-ақ интернетке қосылған компьютер бар кез-келген жерде оқи аласыз. Бұл қашықтықтан оқытудың дәстүрлі оқыту түрлерінен маңызды артықшылығы [7].

География сабағында LearningApps, Кроссвордтар фабрикасы, Classtime веб қосымшаларын қолдануға болады.

LearningApps.org https://learningapps.org/ – бұл PH Bern білім беру Информатика Педагогикалық колледжі Орталығының Майнц және Циттау / Герлиц қалалары Университеттерімен бірлескен ғылыми-зерттеу жобасы.

LearningApps.org бұл интерактивті тапсырмалар құрастырушы, әртүрлі оқыту пәндерінде сол сияқты сабақтарда да және сыныптан тыс жұмыстарда пайдалануға арналған.

Интерактивті білім беру қосымшасының негізгі тапсырмасы балаларды интерактивті және қызықты формада оқытатын арнайы мультимедиялық бағдарлама. Интерактивті тапсырмаларды құрастырушы LearningApps.org «Викторина»; «Сөздерді белгілеу»; «Кім миллионер болғысы келеді?»; «Топтастыру», «Картада белгілеу», «Жұпты табу», «Құрастыруға арналған пазлдар», «Суреттерді сұрыптау», «Сөзжұмбақ, Бұл қай жерде?» және тағы басқа сияқты білім беруге арналған он-лайн қосымшалардың көп түрін ұсынады.

LearningApps бағдарламасының мүмкіндіктері:

Жауаптарын таңдау тесті Мәтінен сөзді таңдау Әріптен сөз құрастыру Сәйкестендіру кестесі Хронологиялық сызғыш.

Оқушылар ұсынылған қызметке белсенді қатысады, ұсынылған тақырып бойынша тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды. Қосымшада мұғалім белгілі бір сыныпқа немесе оқушыға оңай бейімдей алатын ойын және танымдық қызықты тапсырмаларының кең таңдауы бар [8].

Http://learningapps.org/ қосымшасы білім беру процесін ұйымдастырудың сабақ пен сыныптан тыс түрлерін, оның барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуін, оқу және сыныптан тыс жұмыстардың бірлігін тиімді үйлестіруді қамтамасыз етуге көмектеседі; оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін қолдауға және дамытуға жағдай жасайды. Білім алушыларда оларды жалпы мәдени үлгілерге, нормаларға, эталондарға және қоршаған әлеммен өзара іс-қимыл заңдылықтарына бағдарлайтын ойлаудың ғылыми түрін қалыптастырады.

LearningApps бағдарламасында оқушылардың кейбір тапсырма түрлерін бірлесіп шешу мүмкіндігі бар. Мұғалім оқушыларға ұсынған тапсырмалардың орындалуын және жоба барысында олардың жасаған қосымшаларын бақылай , жұмыс процесін қадағалай, оқушының аты-жөні қасындағы батырманы басу арқылы өз пікірін яғни кері байланыс жаза алады.

LearningApps бағдарламасын өзінің пәндік саласы бойынша нақты мәселелерді шешу үшін қолдана алады:

– теориялық және практикалық білімді бекіту, оны тексеру;

– түрлі жарыс шараларын ұйымдастыру;

– оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру;

– әр түрлі шаблондар көмегімен он-лайн режимінде тапсырмаларды жасауға және өңдеуге болады;

– интеллектуалды интерактивті тапсырмалардың барлық түрлерін қолдану;

– өз оқушыларына аккаунт ашып- мұғалім оқушылар тобын құра алады, ол үшін ол «жаттығулар» жинап, оқушыларды жұмысқа шақырады.

– дайын жаттығуларды блогтар мен веб-сайттарға оңай қосуға болады, оларды оффлайн режимінде де қолдануға болады[9].

Кроссвордтар фабрикасы http://puzzlecup.com/crossword-ru – бұл кроссвордтарды оңай құруға көмектесетін сервис. Сервис puzzlecup.com – ақысыз. Мұнда сөзжұмбақ құрастыру үшін жұмыс үстелінде тышқанмен сөзге орын таңдап, сөздіктен автоматты түрде таңдалған сөздерді таңдау жеткілікті. Сіз сондай-ақ өз сөзіңізді қоса аласыз.

Classtime www.classtime.com – бұл сабақ үлгерімін және әр оқушыны жеке бағалауға көмектесетін мұғалімдерге арналған құрал.

Classtime платформасының жұмыс істеу принципін қадамдары:

– мұғалім оқушыларына белгілі бір тақырып бойынша интерактивті оқу материалын әзірлейді (немесе кітапханадан дайын материалдарды қолданады);

– оқушылар бұл оқу материалына қол жеткізе алады және жұмысқа кіріседі;

– мұғалім әр оқушының үлгерімін нақты уақытта бақылайды.

Classtime платформасыдағы т*апсырма түрлері:*

– Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау

– Шын немесе жалған

– Сәйкестік

– Ретін орнату (дұрыс тізбекті белгілеу үшін)

– Мәтін (эссе)

– Мәтінді бөлектеу (елемеу)

Аумақты таңдау(Графикалық)

Seterra https://online.seterra.com/ru – әлемдегі мемлекеттер мен мемлекеттерді, сондай-ақ олардың астаналарын зерттеуге мүмкіндік беретін тегін қызықты географиялық викторина ойыны. Бұл HTML5-те жазылған онлайн-нұсқа. Оған Safari, Firefox және Google Chrome сияқты көптеген браузерлердің соңғы нұсқаларыны, Windows, MacOS X және Linux және iPhone, iPad немесе Android сияқты мобильді құрылғыларда жұмыс істейді.

Seterra – бұл географиялық ойын. Контурлық картаға түсіру жаттығуларымен елдерді, астаналарды, жалауларды, мұхиттарды, өзендерді және басқаларын зерттеңіз! 1997 жылы жасалған және 40 тілге аударылған Seterra барлық жастағы адамдарға ұнайды және оларға біз өмір сүріп жатқан әлемді сезінуге көмектеседі [5].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдаланудың оқушының субъектілігін дамытуында және білім сапасын арттыруда дидактикалық мүмкіндіктері көп:

- мәтіндік, графикалық, аудио-бейне, ақпараттық анимацияның бірігуі;
- ғалымдар мен педагогтардың дәрістеріне қатысуына, өткен және қазіргі

тарихи оқиғаларға куә болуына, әлемнің ең белгілі мұражайлары мен мәдени орталықтарына, жер

шарының ең алыс және қызық түкпірлеріне сапар шегуіне мүмкіндік жасады;

- оқу, көру, материалдарды іріктеу, керекті жерлерін жазып алу, қажет рефераттарды дайындауға мүмкіндік береді;

- оқушылардың әлеуметтік қоғамның мүшесі болуына қажеттілігін арттыра түседі;
- ғылыми жұмыстармен айналысу, қажетті материалдар табу мәселесін жеңілдетеді;
- электронды поштаны қолдануға дағдыландырады;
- телеконференция өткізуге, алыс қашықтықтан ұжымдық жұмыс ұйымдастыруына мүмкіншілік береді;
- мультимедия жүйелері ақпаратты пайдалануға, әр түрлі параметрлер бойынша өзгертуге мүмкіндік береді.

Осылайша, интерактивті тапсырмалар оқу іс-әрекетін басқару тәсілдерін айтарлықтай өзгертуге, оқушыларды белсенді жұмысқа тартуға, оларды белгілі бір ойын жағдайына араластыруға, еңгізуге мүмкіндік береді

Қорыта келгенде, ақпараттық технологияларды сабақта үнемі және жүйелі қолдану оқушылардың пәнге қызығушылықтарын оятып, өзіне деген сенімін ұлғайтады, сабақтың сапасын арттыруға кеңінен жол ашады және уақыт үнемделеді, оқу әдісі мен құралдарын таңдауға, түрлендіріп отыруға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер:

1. Ғылыми-әдістемелік журнал \\ География және Табиғат. 2012. – № 5.
2. Оқу үрдісінде интерактивті тәсілдерді пайдалану тиімділігі «Қазақстан мектебі» – № 3, – 2012 ж.
3. «Ақпараттық технология – нәтижелі білім» «Қазақстан мектебі» № 6, – 2012 жыл
4. Оқу пәндеріне мазмұндық сапасын жақсартудың өзекті мәселелері «География, биология, экология орта мектепте» № 2, – 2012 жыл.
5. Использование информационных технологий на уроках географии.
6. Новенко Д.В. «Новые информационные технологии в обучении». Научно-методический журнал «География в школе», М.: «Школа-пресс», – № 5, – 2004.
7. Латуха О. А. Оценка инновационной деятельности интегрированных структур: теоретикометодологические аспекты // Вестник Новосибирского государственного педагогического университета. – 2013. – № 4. – С. 58–67.
8. https://sites.google.com/site/mladsijpomosnik589/0-cto-takoe-learningapps-org
9.https://урок.рф/library/interaktivnoe_uprazhnenie_na_learningapps_dlya_uroka_181255.html

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕГІ БАЯНДАМАЛАР

ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ

1 СЕКЦИЯ*:* Функциялар теориясы, функционалдық талдау және олардың қолданылуы. дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика теңдеулері

1 СЕКЦИЯ: Теория функций, функциональный анализ и их приложения. дифференциальные уравнения и уравнения математической физики

ҚазКСР Ғылым Академиясының корреcподент-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Төлеубай Ыдырысұлы Амановтың туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған «ФУНКЦИЯЛАР ТЕОРИЯСЫ, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

БАЯНДАМАЛАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университетінің баспаханасында басылған
Көлемі 16,4 б.т. Формат 60х84. Таралымы 100 дана.
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 А

СБОРНИК ДОКЛАДОВ

Международной научно-практической конференции «ТЕОРИЯ ФУНКЦИЙ, ФУНКЦИОНАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ И ИХ ПРИЛОЖЕНИЯ», посвященной 100-летию со дня рождения члена-корреспондента Академии наук КазССР, доктора физико-математических наук, профессора Толеубая Идрисовича Аманова

Отпечатано в типографии
Университета имени Шакарима города Семей
Обьем 16,4 п.л. Формат 60х84. Экземпляр 100 шт.
г. Семей, ул. Глинки, 20 А